

әкеледі. Бейіт басында құран оқылып болған соң, жігіттер кигізді ашқанда, онда мәйіт жоқ, күр кебін ғана жатады. Мұны көрген кісілер ештеңеге түсінбей, «Астапыралла, астапыралла» деп, Мәшекене қарайды. Тек Мәнсенұлы Иманғали деген жас жігіт (руы Айдабол):

– Ата, Әбжалаптың денесі қайда кетті? – деп сұрайды. Сонда Мәшекен:

– Ештеңеге танданбаңдар! Әбжалаптың денесі көрде жатпас, менің денем қырық жыл бүлінбес, – деп, қарқ-қарқ күліп: Ол Алланың еркесінің тірі кезінде алба-жұлба киімдерін шешіп алып, жаңа киім кигізгенімде, «Ойбай, Мәшһүр мені тонап жатыр» деп, айғайлаушы еді. Андағы кебінін солай көміңдер! – деп бұйырады.

Әбжалап әулиенің бейіті Баянауыл ауданындағы Мәшһүр-Жүсіп атындағы ауылдың оңтүстік-шығысында 10 шақырымдай қашықтықтағы «Әбжалап» деп аталатын жерде (бұл жер Торайғыр селолық округіне қарайды). Әулиенің басында белгі жоқ, бір төмпешік боп елеусіз жатыр. Оны ардақтап, басына жөні түзу ескерткіш тұрғызу Қаржас бабамыздың бүгінгі ұрпақтарының міндеті деуге болады.

### Имантай Сәтбайұлы

Имантай Сәтбайұлы (1845—1928 жж.) – Күлеке... Жәдігер ұрпағы, академик Қаныш Сәтбаевтың әкесі. Ауылда арабша оқып, сауатын ашқан. 1862 жылы Омскідегі Әбдірақым медресесінде оқиды. Үш жылдың ішінде ол араб, шағатай және парсы тілдерін біршама меңгереді. Кейін Омскінің Сібір-казак әскери училищесінде аздап дәріс алады. Ол қазақ халқының тарихы мен ауызәдебиетін, Шығыс елдері ғұламалары мен ақындарын танып, өз төңірегінде аса сауатты деп айтарлық адамдардың бірінен саналған. Баянаула өңіріне

беделді би болған. Ресейдің географиялық қоғамының корреспондент-мүшесі болып, оның Омскідегі бөлімшесіне казактың ауыз әдебиеті шығармаларын, деректер жазып алып, жіберіп отырған. 1862 жылы Омскіде оқыған кезде Шоқан Уәлихановпен танысып, онымен бір пәтерде біраз уақыт бірге де тұрған. Шоқан Жетісудағы Алтынемелде Тезек төренің ауылында қайтыс болғанда, Шыңғыс сұлтан сондағы келіні Айсараны өз



еліне алып келуге бірнеше беделді кісілерді жіберген болатын-ды. Солардың қатарында Имантай да болады.

Имантай атамыз Шоканның досы Г.Н. Потанинмен де сыйлас болған. Осыған мысал ретінде оның Имантайға жазған хатынан мына бір үзіндіні келтірелік: «Привет, г. Имантаю. Прошу записать от Куреке (внука певца) отдельные эпизоды и повествования Бухар-жырау об Абылае, в частности: осуждение Абылая, восхваление его коня, эпизод об отправлении сына своего Адила вместе с Жарылгапом (Бұқар жыраудың баласы. – С.Ж.) в Китай; на какую тему его посланцы вели разговоры с императором Китая? Рассказы о войне с калмыками – сколько раз воевали? Как именовали калмыкских ханов?» [68, 18]. Г. И. Потаниннің осы өтініші бойынша Имантай көп кешіктірмей Құрекеден (шын аты: Құрманбай) жазып алған Бұқар жыраудың Абылай ханды мадақтайтын бір өлеңін оған жіберген еді.

1898 жылы Ресей Жер шаруашылығы министрлігі Ресейдің орталық аудандарынан қазақ даласына орыс шаруала-

рын көшіру үшін 1898—1906 жылдар аралығында жер қорлары анықтау мақсатымен арнайы экспедиция құрған еді. Сонда Имантай Сәтбайұлы осы экспедицияның басшысы, профессор, тарихшы, статист Ф.А. Щербин (1819—1936 жж.) мен экспедиция мүшесі, Бөкей ханның ұрпағы, Омск қаласындағы орман шаруашылығы мектебінің мұғалімі Әлихан Бөкейхановқа қажетті деректерді жинастырып беру ісіне белсене қатысады. Бұл кезде ол Ақкелін болыстығының № 1 ауылында халық соты болып қызмет істейтін-ді. Осы жерде атап өтетін бір жайт, аталмыш экспедицияның басты жұмыстары Дала өлкесіне қарайтын Ақмола облысы және Павлодар, Өскемен, Семей уездерінде XVIII—XIX ғасырлардағы қазақтардың жері, шаруашылығы, әлеуметтік жағдайы, ақындары мен батырлары, халқы мен малының саны жөнінде және осы уездерді мекендейтін рулар туралы толық ақпараттар жинап, оларды жан-жақты зерттеудің қорытындысы негізінде жеке-жеке кітаптарды жарыққа шығару болатын-ды.

Енді мына бір тарихи эпизодты айтпай кетуге болмайды.

1845 жылы Сәтбай Шөтікүлы тұңғыш баласы Имантай өмірге келгенде, үлкен той жасап, Сарыарканың түкпір-түкпірінен атакты адамдарды, әншілерді, ақындарды шақырады. Осы тойда 27 жасар әнші, ақын Сегіз сері (Мұхамедқанапия) Баһрам Шақшақов та болады. Сонда жас сәбиге ат қойғызу дәстүрі бойынша Сәтбайдың бәйбішесі Күнсұлу құндақтаулы баласын көтеріп, күміс қақталған ертоқым ерттелген көк шұбар жорғаны жетектеген қалпында Сегіз серіге сәлем етеді. Өзін сыйлап, ілтипат көрсеткені үшін Сері Күнсұлуға алғыс айтып, баланы қолына алады. Сол сәтте Сәтбай одан ұлына ат қойып, тілек айтуын өтінеді. Сонда Сегіз сері сәбиге қарап отырып:

«Дәрежесі бейне хат,

Ер болып өссін балақан.

Ат кой десе балаға,

Есімі болған Иманжан», —

дейді де, әрі қарай мүдірместен қазақ еліне аты шыққан батырлардай, ақылгөй даналардай, ақын-жыраулардай болуын қалап, 142 жолдық арнау жырды айтып шығады [68, 7—9].

Кейін Сегіз сері қойған «Иманжан» деген есім «Имантай» болып аталып кетеді.

Имантай атаны көрген, талай мәрте онымен мәжілістес болған академик Әлкей Марғұлан былай деп әңгімелейді: «Тегінде, жас кісінің Имекең алдынан өтуі оңай болмайтын. Тезге түскендей, не профессорға емтихан тапсырғандай сезім кешетін. Өйткені, Имекең жастарға сын көзімен қарап, олардың болашағына зор ынтамен ден қоятын...» [68, 21].

Имантай ата өз балалары, немерелері, туыстарына камкорлық жасаумен қатар, ауылына, көршілеріне аса жайлы, камқор, қадірлі болған.

Имантай Сәтбайұлы Ақкелін болысында № 1 ауылдың халық соты қызметін атқарып жүргенде, Омскідегі Дала генерал-губернаторының 1901 жылғы 30 маусымдағы № 48 бұйрығымен мақтау грамотасымен марапатталады.

Имантай өзінің туған жерінде, қазіргі Теңдік ауылының жанында қайтыс болып, шешесі Күнсұлу, бәйбішесі Нұрым, екінші әйелі Әлима жатқан зиратқа жерленген.

## Садуақас Шорманов

Садуақас (шын есімі: Сади ибн Уақас) Мұсаұлы (25 ақпан 1849—17 мамыр 1927 жж.) — Құлеке... Мырзақұл ұрпағы, Омск қаласындағы «Ауыздағы Қаржас» деп аталатын ауылда туған, ХХ ғасыр басындағы қазақ ақындары тобына жататын елеулі тұлғаларының бірі. Осы тұрғыда көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Смағұл Садуақасов: «Мағжан Жұма-



баевтан кейін, хал-қадірінше қазақ ақындарының арасынан мысалы... Садуақас Шормановты айтуға болады», – дейді.

Садуақас Омскіде гимназияны бітірген. Содан соң Томск университетінде оқуға түседі. Бірақ сырқаттанып, елге оралады. Оқуға қайта бармайды. 20 жасында Шокан Уәлихановтың қарындастары ішінде ең сұлуы Нұридаға үйленеді.

Садуақас Аккелін ауылындағы орыс-қазақ бастауыш мектебіне немере інісі Көкен

Білалұлының қала үлгісімен ағаштан салған, еңсесі биік, терезелері шыныланған екі бөлмелі кең үйін тарту етеді және өзі сол мектептің қамқоршысы болады.

1881 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторы Г.В. Мещерин отставкадағы полковник Мұса Шормановқа Ресей императоры Александр III-ге тәж кигізу жорасы салтанатына баруға рұқсат етеді. Алайда ол денсаулығына байланысты Санкт-Петербургке бармайтын болып, өз орнына баласы Садуақасты ұсынады. Осы сапарға Садуақаспен бірге Ақбеттау болысын басқарушы Құсайын Боштаев және Қараөткел болыстығының биі, Бәсентиін (Бөрі) ұрпағы Нөгербек Қазанғалов шығады. Қартайғанда жол ауыртпалығын көтере алмай Қазан қаласында Нөгербек Қазанғалов қайтыс болады.

Нұридадан Мақсұт, Нафиға есімді ұл мен қыз туады. Садуақас 1894 жылы Нұрида қайтыс болғаннан кейін 45 жасында Едіге бидің ұрпағы Айтбақының Дұрман деген баласының қызы Зейнепке үйленеді. Бұл әйелі бедеу болады. Сол себепті, ол өз ауылының жылқысын бағатын, руы ор-

маншы Жылкелді деген кісінің көрікті қызы Мәкенге көңіл аударды. Алайда, мұны сезген Зейнеп 1897 жылы Садуақас Санкт-Петербург қаласына кеткенде Жылкелдіні отбасымен Баянауылдың күншығысындағы Бестау ауылына көшіріп жібереді. Садуақас алыс сапардан оралысымен, Мәкенге арнап өлең шығарады. Оған әнші-композитор Жарылғапберді әуен тауып, бүгінде халық әні деп жүрген әйгілі «Ардақ» деген ән дүниеге келеді. Өлеңдегі Ардақ – Мәкеннің құпия есімі [69]. Бұл әнді белгілі музыка қайраткері А.В. Затаевич «Музыка өнерінің асқар шынары» десе, ән сүйгіш қазақ халқының зиялы азаматтары: «Ардақ» – жаздың сүттей жарық түнінде жалғыз келе жатқан адамның сарғайып сағынған таң шолпаны – сүйгеніне қол созғанын аңғартатын ән», – дейді. Әннің дұрыс сөзі төмендегідей:

«Ей, Ардақ, сен ақ қоян секектеген,  
Артында мен ақ тұйғын жетем деген.  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айырылып, сенен, сәулем, кетем деген.

Ей, Ардақ, сен ақ қоян шыңнан қашқан,  
Артында мен ақ сұңқар түлеп ұшқан.  
Ақ жүніңді қан қылмай ілуші едім,  
Тамашалап тұрушы еді дос пен дұшпан.

Ей, Ардақ, сен ақ қоян шыңда жатқан,  
Мен – мерген ғашық отын саған атқан.  
Атқан оқ нысанаға жетсе-дағы,  
Сені әкең ауылымнан ала қашқан».

Халық әндері қатарында саналып жүрген «Аққұм», мен «Баянаула» әндері де Садуақас пен Жарылғапберді шығарған. «Аққұм» әнінің шығу тарихы мынадай болған. Мұса Шормановтың інісі Мұстафаның Қанапия деген баласы Шон бидің баласы Ақынның Іңкәр есімді сұлу қызына ғашық

болып, Садуақас пен Жарылғапбердіден Инкәрға арнап ән шығарып беруін өтінеді. Осы өлеңді шығарғанда Садуақас Ақынның есімін «Аққұм» деп өзгертеді.

Садуақастың екі бөлімді «Аушы» атты кітабы 1907 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Оның этнографиялық мақалалары Омскіде қазақ және орыс тілдерінде шығатын «Дала уалаятының газетінде» басылып тұрған.

Садуақас қазақ жастарын оқу-білімге тартумен де айналысқан. «Бұл күнде қазақтар шаһар медреселерінде оқи бастады, – дейді ол 1887 жылы Г.Н. Потанинге жазған хатында. – Гимназияда 19 бала оқиды, кадетский корпусыта 5 бала оқиды, учительский семинарияда 4 бала оқиды және техническийде екі бала оқиды. Барлығы 30 бала қазірде Омскіде оқиды, бір бала Петербургский университетінде оқиды, фамилиясы Сырттанов, соған мүмкін болса, көрісіп, лайық болған қадари жәрдеміңізден тастай көрмеңіз» [70, 230]. Ол Баянаула халқының хал-ахуалын жақсарту жайында Батыс-Сібір генерал-губернаторына хат та жазады [70, 231, 483].

Садуақас Шорманов 1891 жылдың 15 шілдесінде Омск қаласында патшаның баласы Николай Александровичке алғы және артқы қастары бүтіндей күміс тілігімен қапталып, оюмен безендірілген, түрлі-түсті тастармен әшекейленіп, өте әдемі жасалған ертоқымды сыйға тартады.

Садуақасты адамгершілік қасиеттері, кішіпейілдігі, әділдігі үшін және ел билігіне араласып, елдегі мәнді мәселелерді шешуге ықпал еткен зерделі жан болғаны үшін жұртшылық қадір тұтып, «Сәкен ағай» деп атаған.

Сәкен ағай жазықсыз жалаға ұшыраған азаматтарға араша түсіп, оларға қолынан келген көмегін де аямаған. Оған халық композиторы Мәди Бапиұлын 1916 жылы түрмеден босатып алғанын мысалға айтуға болады. Сондықтан Біржан сал Қожағұлұлы:

«Қаржаста бір құтым бар Мұса Шорман,  
Ежелден келе жатқан ескі қордан.

Мұсаның бел баласы Садуакас,  
Құтқарған сан қыранды түскен тордан», –  
деп тегін айтпаса керек.

Сәкен ағай жылқы тұқымын асылдандыру ісімен де айналысқан. Осы бағытта ол жергілікті биелерді будандастыру үшін Ресейдің жылқы өсіретін зауытынан орыс-арабтың тұқымдық айғырларын Баянаулаға алғызып отырады [71, 106].

Сәкен ағай 1914 жылы маусым айында Санкт-Петербургте Мемлекеттік думада құрылған мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып қатысады [72, 29].

Сәкен ағайдың бұрын жәрияланбаған бір шумақ өлеңі:  
Ит үрер танымаған алысына,  
Үрмейді көріп жүрген танысына.  
Адамның иттен жаман бір мінезі –  
Қарамас алыс-жақын, халисына<sup>43</sup>.

Бұл өлең жолдары Алматы қаласында тұратын Мұса Шормановтың ұрпағы Мағмура Асфандиярқызының жеке мұрағатынан алынды.

Садуақас Шорманов туралы Бұқар жырау атындағы Павлодар облыстық әдебиет және өнер мұражайының ғылыми қызметкері, белгілі журналист Айтжан Бәделханов 2007 жылы деректі кітап жазып шығарды.

### **Жарылғапберді Жұмабайұлы**

Жұмабайұлы Жарылғапберді (1851—1914 жж.) – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы. Ата-мекені Баянауылдың оңтүстігінде 35 шақырым Жылыадыр деген жерде.

<sup>43</sup> Халис – араб тіліндегі сөз, қазақша таза, шын, адал деген мағынаны білдіреді.



Жарылғапберді жасынан әнге әуестенеді. Той-думанда ән салады, Бала әнші атанады. Ел арасында жыр, киссаларды жатқа айтып жүреді. Оның әншілігі Шорман бидің тұқымдары ауылына да жетеді. Халқының өнерін аса қадірлеген Мұса Шорманов інісі Мұстафаны жіберіп, Жарылғапбердіні шақыртып алады. Ән айтқызып, тыңдап көреді. Жас әншінің өнеріне сүйсінген Мұса мырза оны өзінің қасына қалдырады. Жарылғапбердінің әншілігіне әбден көзі жеткен Мұса мырза сыйлы-құрметті жиындарға, өзімен тізгіндес адамдардың дастарханына барғанда Жарылғапбердіні бірге қасына ертіп жүретұғын болған.

Жарылғапберді өнердің әр қырынан көрінген тума талант иесі болған. Ол – саңлақ әнші, шебер домбырашы, дарынды сазгер, үздік ақын, қушыкеш, мысқылшыл, палуан.

Жарылғапберді атамыз «Ғауһар тас», «Ардақ», «Шама», «Топай көк» сияқты қазақ музыка мәдениетінің биік мұнарасына көтерілген, бірегей әндер шығарып, оларды өзі үлкен шеберлікпен орындаған.

Жарылғапберді – ән өнерінде өз мектебі болған дархан әнші. Оның әншілік, орындаушылық дәстүрінен тағылым алған әншілер Баянаула атырабында аз емес. Олардың қатарында Балабек Ержанұлы, Сапарбек Құдайбергенұлы, Қайырбек Райымбекұлы, Бісміллә Балабекұлы, Сайрам Нұрланұлы бар. Қазақ КСР халық әртісі Қали Байжанов пен әйгілі әнші Әміре Қашаубаев та Жарылғапбердінің шәкірттері болып саналады.

Жарылғапберді Шыңғыс Уәлиханов және Мұса Шормановтармен араласа жүріп, Көкшетау, Қызылжар, Омбы өңірлерінде шыққан әндерді Баянаула мен Ертіс бойына жеткізген. Қобызшы Қанқожа, Шоқанның інісі, әнші, әрі ақын Қозыкемен дос болған.

Жарылғапбердінің махаббат тақырыбына арналған әндері кезінде көп болған көрінеді. Алайда, халық жадында солардың

көбі сақталмаған. Ал, оның «Үш дос», «Ғайни», «Шұбартау», «Қаракөз», «Нұркүланда» деген әндері осы күнгі шығып жатқан әндер жинақтарына кірмей қалған. Енді осылардың ішінен «Үш дос», «Ғайни», «Нұркүланда» деген үш әннің шығу тарихына тоқталып өтелік.

«Үш дос» әнінің шығу тарихы былайша болған екен. Жарылғапбердінің ауылына көршілес Қарадыр деген жерде Сатылғанның Таңатына жататын Ермек, Келдібек, Найзабектердің ұрпақтары тату-тәтті Құдайберген (Шөкен) ауылында тұрады. Құдайбергеннің Райымбек деген баласы Павлодарда болғанында Лениннің төңкеріс жасауға астыртын жұмыс жүргізіп жатқанын естіп, оны әкесіне айтады. Осы әңгімеден кейін Құдайберген көңіліне бір түйіткіл алып, өз ауылын Мұса мырза ұрпақтары басқаратын Баянауыл болыстығынан бөліп алу мақсатымен ел-жұртын басқа жаққа көшіріп әкетпекші болады. Осы оқиғаға байланысты Жарылғапберді ағайынды Ермек, Келдібек, Найзабектердің ұрпақтарын үш досқа балап, «Үш дос» деген әнді шығарып, оны өзі Құдайберген ауылында айтып береді. Осы әнді Қоянды жәрменкесінде Балабектен үйрендім деп, Әміре Қашаубаев Семейге де жайған екен. Әннің сөзі мынау:

«Жасымнан бірге өскен үш дос мырза,  
Бірінің-бірі болып сөзіне риза.  
Отау боп жатыр екен хабарды ұғып,  
Келдім ғой амандаса, дос жұртыма.

Қош бол дос, осы айтқанның бәрі де рас,  
Мөлдіреп домалайды көзімнен жас.  
Айырылып қалам ба деп бір құрбыдан,  
Ойлауым бас кемшілік жерім саяз.

Бәрі емес, үшеуіңнің біреуің дос,  
Болмасын өкініш көп, сөз арты бос.

Асығыс болып қалды демей достым,  
Хат жазып біздерден де хабарын тос».

Жарылғапберді бірде Павлодар қаласына барғанда, руы орманшы, арабша, орысша оқығаны бар Рақыш деген азаматпен кездесіп, танысады. Бұл жігіт белгілі әнші Майраға ғашық екен. Ал, Майра болса Шорман бидің немересі Жәржанға тұрмысқа шығып кетеді. Сонда да Рақыш сүйгенінен үмітін үзбей жүреді. Содан ол Жарылғапбердіге Майраға арнап бір ән шығарып бер деп өтініш білдіреді. Жарылғапберді Рақыштың өтінішін орындап, «Майражан» деген ән шығарады. Осы әннің Майраның құлағына шалынуын және оған деп жазған хатын табыс етуді Рақыш Жарылғапбердінің өзіне тапсырады. Жарылғапберді елге келген соң, Мұса мырзадан именіп, әннің атын «Ғайни» деп өзгертеді. Осы әннің сөзі төмендегідей:

«Сағынып хат жазамын Ғайни саған,  
Дүниеде рахат бар ма сенсіз маған?  
Қуаныш екі өмірдің бірінде жоқ,  
Дариға, құр жастықпен өтер заман.

Ғайни-ау, сәулем,  
Жүргенім менің бүйтіп  
Сенің әурен.

Есімнен еш кетпейді Ғайни атың,  
Ғашық от басылмайды асыл затым.  
Біреуден хабар айттым алсаң, жақсы,  
Өртеген жүрегімді перизатым.

Ғайни-ау, сәулем,  
Хат жаздым хабарың жоқ  
Сізден келген.

Қарағым, өзіңнен де сөзің өтті,  
Көркің де, мінезің де инабатты.

Қоянның қолға түскен көжегіндей,  
Қаракөз сізді қандай адам тапты.

Ғайни-ау сәулем,  
Амалсыз мен де жүрмін  
Енді қайтем.

Ғайнижан, ерке болып өсіп едің,  
Еріксіз зорлықпенен кетіп едің.  
Бұрынғы ғашықтар да қосылмапты,  
Сондықтан хат жазуды мен де қойдым.

Ғайни-ау сәулем,  
Жігітке кешірім айт,  
Қалқатайым.  
Кешірім мен де бердім,  
Ғайнижаным.

Бұл әннің бір ерекшелігі: әдетте көпшілік әндердің бір ғана қайырмасы болса, ал мұнда әр өлең шумағының өзіне лайықты қайырмасы бар. Осы күні «Ғайни» әні әндер жинақтарында екі-ақ шумақ болып, кейбір сөздері де өзгеріп, бір ғана қайырмамен халық әндері қатарында беріліп жүр.

Сапарбек Құдайбергенұлы Жарылғапбердіден ауылына жаңа түсетін Нүркүләйша деген келіншекке арнап ән шығарып беруді сұрайды. Содан әннің сөзін Жамал қожа<sup>44</sup> шығарып, әннің атын «Нүркүләйша» емес, «Нүркүләнда» деп атайды. Төмендегі осы әннің сөзі:

«Келіншек, менің атым Нүркүләнда,  
Теңіне қосылмаған-ау-ай,  
сәулем-ау, қыз арманда.

<sup>44</sup> Жамал қожа – XIX ғасырдың 40-шы жылдары Павлодар қаласында тұрған. Бұл кісіні осы жолдардың авторы да көрген-ді.



жағдайда өмір сүреді. Павлодар, Омск қалаларынан шаруаға қажетті құрал-сайман, жабдық-жарақ алдырып отырған.

Зында ара-тұра Омскіде орыс және қазақ тілдерінде шығатын «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям» деген газетке айта қаларлықтай хабар-ошар мен ел аузынан жинаған аңыз-әңгімелер жіберіп отырған. Мысалы, жоғарыда аталған газеттің 1889 жылдың 31 қарашасындағы санында оның Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Ғ. Алшынбаев, Садуақас Шорманов туралы жазған мақаласы басылады. Аталмыш газеттің 1889 жылдың 22-ші және 29-шы желтоқсандағы сандарында ел аузынан жинаған ажал және өлікті жерлеу, Сәттемір ханға берілген ас, Жиренше шешен, Алдар көсе және «Шық бермес Шығайбай» атанған сараң бай жайында мақалалары жарық көреді.

1928 жылы 27 тамызда қабылданған КСРО декретіне сәйкес байларды конфискелеу және оларды жер аудару науқанында Зынданың ірі қараға айналдырған есеп бойынша 1148 малы, аға үйі, үш киіз үйі, шөп шабатын машинасы, жеті әр түрлі арбасы, т.б. құрал-саймандары конфискеленіп, өзімен бес жан 1928 жылдың қыркүйегінде Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданына жер аударылады.

Сонда ол өзінің атамекені Алабас көлінің шұрайлы бауырынан біржолата кетіп бара жатқанда, «Туған жермен қоштасу» атты дастанын шығарады. Соның бір үзгігі мынау:

«Қай заман, мына заман – азған заман,  
Дүрия, атлас, қамқа тозған заман.  
Шілдеде күз болмай-ақ суы қатып,  
Мүз қатқандай қабакқа болған заман.

Аккелін, саған қылдым қанша жазық!  
Қоясың күнде алдымнан орды қазып.  
Алланың бергеніне мың шүкірлік,  
Сарт, ноғай, орыс, қазақ бердім азық.

Әуелі, қош-есен бол, Ақкелінім,  
 Біреуге сор, біреуге бақ келінім.  
 Үрыссыз деп, мені елден қумак болсан,  
 Үрыстыны ал іздеп тап келінім.

Жатырмын үйден шықпай жарғанаттай,  
 Қоя ма көп ит үрсе, қорғалатпай.  
 Құдай-ау жақсылық бер, тиыштық бер,  
 Үстіме бит-бүргені жорғалатпай.

Есен бол, мың-мың қара айдаған жер,  
 Шалқар көл, көк шалғынды жайлаған жер.  
 Ақ орда тоғыз қанат үйді тігіп,  
 Сары қымыз, сары қазы шайнаған жер.

Зынданы білген карттардың айтуынша, бұл дастаннан баска да оның бірқатар өлең-жырлары болыпты. Шорман би әулеті күшпенен конфискеленіп, түп-түгел жер ауып бара жатқанда, сол ауылдың бір әйелі жылап тұрып: «Ағын суға да бір тоспа болады деген. Кесірлігіміз де бірталай бар еді, мына зобалаң да сірә соның төлеуі шығар», – депті.

Зында өткен ғасырдың 30-шы жылдардың басында Үрғыз ауданынан Омск облысына келеді. Жеті жылдай тауқымет көрген Зында Омск облысындағы Марьяновка станциясына жақын Қарабас ауылында шілденің ішінде 72 жасында қайтыс болады. Жаназасын Баянауладан келген Жәдігер тегі Жақып молда<sup>45</sup> шығарады. Қай жерде жерленгені белгісіз. Омбылық адамдардың айтуына қарағанда, Зында қуғын-сүргінде жүргенде де басынан кешкендерін өлең етіп жазған көрінеді. Алайда, ол өлеңдер сақталмаған.

<sup>45</sup> Жақып молда Оңайбекұлы (Жәдігер ұрпағы) 1967 жылы 102 жасында Теңдік ауылында қайтыс болды.

## **Әмір-Темір Шорманов**

Әмір-Темір Әужанұлы (1866—1895 жж.) — Құлықе... Мырзақұл ұрпағы, Шорман бидің немересі.

Әмір-Темір ауылда арабша оқып, сауатын ашады, орысша да аздаған оқығаны бар. Өз қатарының алды, елге абыройлы азамат болған. Оның әйелі Шоқан Уәлихановтың талантты ақын, сазгер болған інісі Сақып-Керейдің (Қозыке) қызы Бадығұл-Жамал еді. Кезінде Ақан сері Қорамсаұлы Қозыкемен дос болып, бірлесіп ән шығарып жүргенде Бадығұл-Жамалға ғашық болып, оған арнап әйгілі «Ләйлім», «Ақ тоты» сияқты әндерін шығарады. Ақан сері Бадығұл-Жамал ұзатылып кеткен соң, Баянаула өңіріне бірнеше рет келеді. Сонда Әмір-Темір мен Бадығұл-Жамал Ақан серіні өте жақсы қарсы алып, ықылас-құрметпен аттандырып отырады. Соған шын көңілмен риза болған Ақан сері «Жігіттің падишасы Әмір-Темір» деп басталатын «Майда қоңыр» әнін шығарған.

## **Балабек Ержанов**

Балабек Ержанұлы (шамамен 1878 – ХХ ғ. 40-жылдары) – Сатылған... Өтеу ұрпағы, Баянаула өңірінің атақты әншісі. Балабек жас кезінен пысық, қара сөзге шебер, ән-күйге құмар болып өседі. Оның әншілік өнерінің қалыптасуына әнші ағасы Сапарбек күшті әсер етеді. Балабектің жанында жүріп, Баянаула халқын әнмен риза еткен оның шәкірттері: немере інілері Зәр-Ақсия, Қайырбек, Сайрам, немере қарындасы Қазиза, Ақбөпе. Ақбөпе әнші болумен бірге өте сұлу қыз болған.

1934 жылы Алматыда Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының І-ші слетін өткізу белгіленген еді. Осы слетке Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары Темірбек Жүргенов, ашаршылық жылдары Сібірдегі Кузнецк (қазіргі



Новокузнецк) қаласына жан сауғалап кетіп, сонда тұрып жатқан Балабекті Алматыға шақыртып алдырады. Слетке Жамбыл Жабаев пен Дина Нұрпейісова да қатысады. Слетте алпысты алқымдап қалған Балабек «Топай көк», «Қанапия», «Мәшина-шама», «Аксиса», «Жанбота» әндерін орындап, бірінші дәрежелі дипломға ие болады. Оған 1936 жылы республикалық дәрежедегі дербес зейнетақы тағайындалады. Ол композитор, Қазақ КСР халық әртісі А.В. Затаевичпен бірге суретке түседі. Бұл сурет баспа беттерінде беріліп те жүр. А.В. Затаевичтың «Қазақтың 500 ән мен күйлері» деген еңбегінде Балабек атамыздың да әндері бар.

Дәл Ұлы Отан соғысы басталған күні мен (осы кітаптың авторы) Павлодар қаласында қазіргі Естай көшесінде тұратын әкемнің немере інісі Тастыбайдың үйінде Балабек атайды алғаш көрген едім.

### Әбікей Сәтбаев



Әбікей Зейінұлы (1881—1937 жж.) — Құлске... Жәдігер ұрпағы, академик Қаныш Сәтбаевтың немере ағасы, тәжірибелі қазақ педагогы, халық ағарту ісінің тамаша қайраткері, Қазақстандағы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің алғашқы мамандарының бірі. Ауыл мектебінде сауатын ашып, кейін 1905 жылы Омскінің мұғалімдік семинариясын тәмамдаған соң, Баянауладағы орыс-қазақ мектебінде мұға-

лімдік қызмет атқарады. Сосын 1909 жылдан Павлодардағы екі кластық орыс-қазақ училищесінде орыс тілі мен әдебиеті, тарих, география пәндерінен сабақ береді. 1910—1917 жылдары осы училищенің директоры болды. Одан кейін Семейдегі облыстық Земство басқармасының оқу бөлімін басқарды. 1920 жылы Семейдің Губерниялық халық ағарту бөліміне шақырылып, қазақ мектептері бөлімін басқарды және осындағы мұғалімдер саминариясында сабақ берді. Содан кейін 1921 жылы халық ағарту бөлімінің төрағасы боп тағайындалды. 1922—1927 жж. Семейде тұңғыш ашылған Қазақ педагогикалық техникумының директоры қызметін атқарды және Губерниялық халық ағарту бөлімінің методикалық бюросының мүшесі болды.

Сөзіміздің осы тұсында Әбікей Сәтбаевқа қатысты айта кететін, бұрын біз білмейтін бір әңгіме бар. 2007 жылдың қазан айында Санкт-Петербург қаласында тұратын ертеден жақсы танысым, өлкетанушы, Қарқаралы ауданының құрметті азаматы, бірнеше кітаптардың авторы Ю.Г. Попов Ресейдің Орталық мемлекеттік мұрағатынан қолына түскен Әбікей Сәтбаев туралы төмендегі деректі хат арқылы маған арнайы жіберген еді. 1924 жылы Семейде қызмет істеп жүрген Әбікей Сәтбаевтың тікелей басшылығымен Ақкелін болыстығында «Қаржас» деген ауылшаруашылық кооперативы ашылады. Осы кооперативтың басқарушысы болып Нұрмұхамед Білялұлы Шорманов сайланады, ал оның сауда жөніндегі жұмысына жауапты адам Әбдікәрім Сәтбаев болады. 1927 жылы басталған байлардың дүние-мүлкін конфискациялау кезінде Нұрмұхамед Шорманов кооперативты басқару қызметінен босатылып, оның орнына Жүніс Мақашев сайланады. Сол жылы кооперативте жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша оның қасасында 3611 рубль ақша кем шығады. Осы мәселеге байланысты қылмысты іс қозғалып, 1927 жылдың желтоқсанында Семейде сот болады. Сонда соттың шешімімен Нұрмұхамед

Шорманов 7 жылға, Жүніс Мақашев 6 жылға, Әбікей Сәтбаев 3 жылға бас бостандығынан айырылады. Соттың айыптау үкімін естіген Семейдің педагогикалық техникумының 30 студенті Әбікей Сәтбаевты жазықсыз жаладан құтқармақ болып, сот органына қолдарын қойып арыз жазады. Алайда, шындық қуған студенттердің ынталарын билік басында отырғандар су сепкендей басып, олардың ішінен Мақсұт Берғарин, Тілеужан Мусин, Ыскак Сүлейменов, Байдат Хайдаров, Жүсіпбек Нұрмағамбетов, Егінбай Төлеутаевтарды комсомол қатарынан шығарады.

Дегенмен Әбікей Сәтбаев сот үкімінен қалайша ақталып, Омск қаласына кеткені жөнінен бейхабармыз.

Жоғарыда айтылған кеселді оқиғадан кейін өз өмірін ұстаздық жолға арнаған Әбікей Сәтбаев 1928—1931 жж. Омск қаласында жұмысшы факультетте сабақ берді. Осы жылдары оны нахактан қудалай бастайды. Сол себепті ол отбасымен Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласына көшуге мәжбүр болады. Онда Әбікей Сәтбаев Қырғыз педагогикалық институтына қызметке орналасып, орыс тілі мен әдебиетінен, басқа да пәндерден сабақ береді. Алайда, мұнда да оны тиыш, жемісті еңбек етуіне сол кездегі қудалаушылық маза бермейді. Ақыры ол Қырғызстанда «халық жауы» деген жаламен ұсталып, түрмеге жабылады да, атылады. Қай жерде атылғаны, мүрдесі қайда екені белгісіз.

Әбікей Зейінұлы «Алаш» партиясы ұйымының он тоғыз мүшесінің бірі болды. Ол ел көркеюіне бағытталған игі істермен қоса артына бай мұра да қалдырды. 1924 жылы Ташкентте шығатын «Сана» және 1924—1925 жж. Семейдегі «Таң» журналдарына оның көптеген мақалалары басылды.

Әбікей Сәтбаев белгілі өлке зерттеушілер, ағайынды В.Н. және А.Н. Белослюдовтармен, Томск технологиялық институтының атақты профессоры М.А. Усовпен, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен жақсы қарым-қатынаста болған.

Әбікей ағамыздың өмір серігі Қамила Сұлтанбаева 1892 жылы Қарағандыда туған, 1953 жылы Алматыда қайтыс болды. Бес баласы: Райхан, Раушан, Бәлел, Нәзипа, Зағипа өсіп, ер жетті.

### **Жәржан Шорманов**

Жәржан (шын есімі: Жармұхамед) Біләлұлы (1885—1915 жж.) – Күлеке... Мырзақұл ұрпағы, полковник Мұса Шормановтың немересі. Ауылда арабша сауатын ашып, 1901 жылы Омск қаласында гимназияны тәмамдаған. Өнер-сауыққа жастайынан құмар жан болған, өлең де шығаруға талпынған.

1908 жылы немере ағасы Мәлік Мұстафаұлының орнына Аккелін болыстығына қарасты өз ауылына болыс болып сайланады.

Жәржан 1910 жылы белгілі әнші-сазгер Майра Уәлиқызы Шамсутдиноваға (1890—1926 жж.) үйленеді. Осы жылы жазда әнші Жарылғапберді «Гауһар тас» әніне мына бір ауыз өлеңді өзі шығарып, Жәржан ауылына келеді:

«Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,  
Сылдырап шашбауың мен алтын сырғаң.  
Жай тастап аяғыңды панданасың,  
Әсеммен жүйрік атша мойнын бұрған».

Осы әнді Жәржанның үйінде орындап, бітіре берген кезде, қолында құман, қарында орамал, қолға су құюға Майра сырттан киіз үйге кіреді. Су құйылып, табақ тартылып, Майра бірге отырып, ішіп-жеп біткен соң, Жарылғапберді Майраға ән салдырады. Сонда ол Майраға риза болып, «Гауһар тас» әнін үйреніп ал деп, Майрамен өзі екеулеп әнге қосымша төменгі бір ауыз өлеңді шығарады:

«Ажарың ақ түлкідей қашқан шыңнан,  
Шолпандай таң алдында жалғыз туған.

Жылы су, колда құман, қарда орамал,  
Жібектен қызыл кәріс белін буған».

Сонда Жәржан бұл әнге тағы да мынадай екі шумақ өлең шығарып қосады:

«Қарағым, қара көзім, қайтейін мен,  
Дертіме үлкен дауа болдың ғой сен.  
Зіннәтің<sup>46</sup> Күләнәмнің раушанындай,  
Бихабар қылдың, сәулем, қасіретіңмен.  
Ажарың ашық екен атқан таңдай,  
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.  
Анаңнан Сізді тапқан айналайын.

Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай» [53, 42—43]. Бұл ән бүгінгі әндер жинақтарында төрт ауыз өлең емес, үш ауыз болып және әнде бұрын болмаған қайырма қосылып, «халық әндері» деп басылып жүр. Тағы бір айта кететін жайт: Жарылғапберді шығарған бірінші шумақ әндер жинақтарында үшінші шумаққа ауысқан. Мұндағы, «Жай тастап аяғыңды панданасың» деген өлең жолы «Жай жүріп, шаттанасың әсерленіп» боп өзгерген. Екінші шумақтағы «Ажарың ақ түлкідей қашқан шыңнан» деген өлең жолындағы «шыңнан» сөзі «құмнан» деп айтылады. Бұл жерде түлкінің құмда жүрмейтінін білсек керек-ті.

Жәржан туберкулез ауруынан 1915 жылы Омскіде дүниеден өтеді.

### Жұмат Шанин

Жұмат Тұрғынбайұлы (1892—1938 жж.) – Сатылған... Қожамберді ұрпағы, Ұлттық театрдың тұңғыш режиссері, драматург, актер, қоғам және театр қайраткері, республиканың халық әртісі (1931 ж.). Баянаула өңіріндегі Желтау деген таудың

<sup>46</sup> Зіннәтің – ықылас, көркің деген мағынада.



бауырындағы Қаратал қыстауында кіндік қаны тамған.

Жұматтың атасы Шана елде азын-аулық малмен күн көре алмайтын болған соң, 1899 жылы қазіргі Майқайың поселкасының жанындағы Шөптікөлде ашылған шахтаға жұмыс істеуге отбасымен көшіп келеді. Алайда, азабы көп, зейнеті аз жұмысында бес баламен бірге екі жылдай жүргенімен дәулет жиналмайды. Сондықтан Шана табыс іздеп, Павлодар қаласына келеді.

Мұнда балаларының бірі тоғайда ағаш дайындап, бірі үй салып, ал ішіндегі ең қарулысы, балуан бітімді Тұрғынбай арқасына ағаш ершік байлап, кемеден жүк түсіреді. Сөйтіп, үй іші киім-кешегін бүтіндейді, бес пар өгіз бен арба құрап алады. Содан кейін Шана Омск уезі, Тәнен болысындағы сексен үй Қаржас ұрпақтарынан құралған Қисықтағы Қаржас деп аталатын ауылда тұратын туыстарына көшіп барады. Мұндағы қазақтардың негізгі кәсібі Ертіс бойынан ағаш кесіп, соны жарып, кептіріп, отын ретінде Омскіге апарып сату болған. Шана балалары да осы кәсіппен айналысады.

Омскіге апарып, ағаш сатып жүргендерінде Жұмат ептеп-септеп орыс тілін үйрене бастайды. Қисықтағы Қаржас ауылында татар мұғалімінен Жұмат орыс алфавитін үйреніп, өз бетімен орыс тіліндегі кітаптарды оқи алатын дәрежеге жетеді.

Жасы жиырманьң үстіне шыға бастаған кезде Жұмат есіл-дерті оқуға түспек ойымен 1913 жылдың күзінде Омск қаласына келеді. XX ғасырдың басындағы Омск – патшалық

Ресейдің Сібірдегі ең ірі қалаларының бірі еді. Мұнда сол уақытта үш гимназия, екі училище, Шокан Уәлиханов оқыған кадет корпусы, жеті орта дәрежелі мектеп, он екі бастауыш мектеп, екі аурухана, бір театр болған.

Жұмат қалада көп сандалып жүріп, ақыры бір зауытқа жұмыскер болып орналасады. Зауыттан алған ақшасының біразын орыс мұғаліміне беріп, қолы босағанда сабақ алады. Орыс тілін, арифметиканы, басқа пәндерді үйренеді.

Жастайынан елде анасы Қалияның ағасы Алтыбайдан домбыра тартуды, ән салуды үйренген Жұмат қалаға келісімен орыс халқының өнеріне де ден қояды. Аз уақыттың ішінде мандолин, скрипка ойнауды жақсы меңгеріп алады. Әсіресе, оны қалалық театр ойыны қызықтырады. Бір жағынан зауытта жұмыс істеп, екінші жағынан мұғалім жалдап, өз бетімен оқып, білім алып жүрген ол 1915 жылдың жазында тұрақты оқу орны – бухгалтер курсына түседі. Оны 1916 жылы бітіріп шығып, Омск қаласындағы Машинский деген орыстың зауытына бас бухгалтердің көмекшісі болып орналасады. Омскіде жүргенде ол Сәкен Сейфуллинмен, Нығмет Нұрмақовпен және Бекмұхамед Серкебаевпен (КСРО халық әртісі Ермек Серкебаевтың әкесі) танысады, қазақ жастарының ағартушылық бағыттағы «Бірлік» ұйымының істеріне жиі қатысады.

Дәл осы кезде Ресей үкіметі Бірінші дүниежүзілік соғыста өзінің қаусаған армиясын күшейту ниетімен орыстан басқа халықтар өкілін майдан шебіне қара жұмысқа алу туралды үкім шығарады. Бұл қазақ халқына белгілі, әйгілі, қанды 1916 жыл еді.

Азды-көпті білім алып, енді ғана өмірдің үлкен жолына шыққалы тұрған Жұмат қара тізімге ілініп, 1916 жылдың қыркүйек айында мыңнан аса қазақ жігіттерімен бірге Омскіден майданға аттанып кетеді. Жарты жыл бойы оқоп

казып, қорғаныс бекіністерін салып, арып-ашып, бейнет шегіп жүрген қазақ жұмысшыларын өлімнен Ақпан төңкерісі құтқарып, олар 1917 жылдың наурыз айында елге қайтады. Жұмат майданға кеткенде атасы Шана отбасымен өз мекені Желтауға оралып, жаңа кәсіппен айналысып, жер жыртып, егін салуға кіріскен-ді.

1917 жылы Жұмат Шанин өз ауылынан онша алыс емес Қарқаралы қаласына келіп, уездік кооперативке бухгалтер болып орналасады. Осында жүргенде Жұмат кейін өзінің адал жары болған Жанбикемен кездесіп, үйленеді. 1920 жылы сәуір айында Жұмат коммунистік партияның қатарына кіреді.

1920 жылдың басында Жұмат Павлодарға келіп, осы жылдың наурыз айында құрылған уездік РКП(б)-ның қырғыз-татар секциясының төрағасы болып тағайындалады. Сонда оның басшылығымен уездік қырғыз-татар секциясының бөлімшелері Баянауылда (төрағасы Асқар Сыздықов), Екібастұз көмір кен поселкесінде (төрағасы Нұрша Нұрмағамбетов) құрылады. Осы кезде ол қырғыз-татар секциясын басқарып жүріп, халық арасында маркстік-лениндік идеяны таратуға; партия бағдарламасын оқып-үйренуге; ауылдарға нұсқаушылар жіберіп, ауылдық-болыстық кеңестерді нығайтуға, ауыл тұрғындарына мәдени қызмет көрсетуге көп көңіл бөледі. Дәл сол кезде, яғни 1920 жылдың жазында Баянауылдық Ақбеттау болысына қарасты 3-ші және 9-шы ауылдардың тұрғындарына Екібастұздың батыс жағындағы Майсор деген тұзды көлдің маңындағы «Қарабие» деген жайлауда Жұмат әуесқой әртістердің күшімен өзі дайындаған «Жебір болыс» атты шағын пьеса көрсетіп, оның артынан концерт береді. Мұны оның алғашқы режиссерлық қызметінің басы деуге болады.

1921—1922 жылдары Жұмат Шанин Павлодар уездік партия комитетінің және президиум мүшесі болып сайланады. Семей губерниялық партия комитетінің ұсынысы бойынша



1922 жылдың наурыз айында Зайсан уездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Осы жақта жүргенде ол күміс көмей жырау Ержан аузынан тұңғыш рет «Арқалық батыр» жырын естіп, қағазға түсіреді. Кейін осы жырдың негізінде өзінің атакты «Арқалық батыр» трагедиясын жазады.

Жұмат Семейге оралып, 1923 жылдың аяғына қарай губерниялық атқару комитетінің мүшелігіне сайланып, Жер комиссиясының төрағасы және КазЦИК-тің мүшесі, Бүкіл Ресей Кеңестерінің X съезіне делегат болады. 1924 жылы сәуір айында өткен бесінші губерниялық партия конференциясында губерниялық партия комитетінің мүшесі болып сайланады. 1925 жылдың қыркүйегінен 1926 жылдың қазанына дейін Жұмат Бүкілодақтық Кожсиндикат мекемесінің Семей губерниялық басқармасы меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалады.

1924 жылдың қаңтар айында Семейдің клуб сахнасына жергілікті өнерпаздардың күшімен өзі жазған «Арқалық батыр» пьесасын шығарып, режиссерлік өнер жолын бастайды. Аталмыш спектаклде өзі Арқалық батырдың ролін орындайды. Бұл пьеса халықтың сұрауымен ұдайымен алты рет қойылады. Сонда ойынды көруге Семей маңайындағы ауылдардан парпар ат-шанамен қаптап қорушілер келген. Семейде 1920 жылы құрылған драмалық «Ес аймақ» труппасының көркемдік жағын басқарады. Жұмат режиссурасымен Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебегі», Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлары» қойылады. Сөйтіп, қазақ халқы үшін жаңа өнердің – сахна өнерінің – білгірі деген Жұматтың жақсы атағы республикаға аз уақыттың ішінде тез тарап, оның режиссерлік даңқы бүкіл Қазақстанға жайылады.

Семейде қызмет істеп жүргенде Жұмат Шанин арагідік шығармашылық іспен де айналысады. Мысалы, Семейде

шығатын «Таң» журналының 1925 жылғы бірінші санында оның «Торсықбай қу» деген пьесасы жарық көреді.

1925 жылы оқу комиссариатының арнаулы қаулысы бойынша Жұмат Қызылордаға шақырылады. Ол астанаға келісімен, қазақтың тұңғыш театрының директоры, әрі көркемдік жағын басқарушысы болады. 1927 жылы бір топ өнер шеберлерін бастап, Москвада өткен этнографиялық концертке қатысады.

Жұмат Шанин 1932—1933 жж. Қырғыз драма театрының бас режиссеры болды. 1934 жылы ашылған музыкалық театрды (қазіргі Алматыдағы Опера және балет театры) ұйымдастыруға қатысып, Қ. Жандарбековпен бірге Е.Г. Брусиловскийдің «Жалбыр», «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғын» операларын қойды.

1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде Жұмат Шаниннің режиссерлік өнерін орыстың белгілі өнер қайраткерлері өте жоғары бағалады. 1936—1937 жж. ол Орал қаласына жіберіліп, сонда музыкалы драма театрын құрып, 1937 жылдың 15 қазанына дейін оның директоры болып істейді. Ол «Жанды сурет», «Қара құлып», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Үш бажа» деген пьесалар жазып, ұлттық драматургияны дамытуға жемісті еңбек етті.

Бір халықтың жаңа туған балғын өнерінің көшін бастаған бірегей талант Оралда қызмет істеп жүргенде қуғынға ұшырап, 1938 жылы 26 ақпан күні «халық жауы» деген жаламен түрмеде атылды.

Жұмат Шаниннің әйелі Жанбике де қазақтың тұңғыш әртістерінің бірі еді. Оның репертуарында «Бір бидай», «Қарға», «Жеңеше» деген әндер болған.

1972 жылы Шымкент драма театрына Ж.Т. Шаниннің есімі берілді.

## Пәуен Жүсіпбаев

Пәуен Жүсіпбайұлы (1892—1977 жж.) – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы, Баянауыл поселкесінің құрметті азаматы (1976 ж.).

Баянаула өңіріндегі Қызылшілік ауылында дүниеге келген.

Өз ауылында үш жыл орысша оқып, сауатын ашқан Пәуен 1909 жылы Баянауыл станицасында алғаш ашылған орыс-киргиз (қазақ. – С.Ж.) мектебінде мұғалім болады.

1913 жылы Павлодар қаласында 1911—1913 жж. Қаныш Сәтбаев оқыған екі жылдық орыс-киргиз училищеге оқуға түсіп, оны 1915 жылдың мамыр айында бітіріп шығады. Осы училищеді ол Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі Н.Е. Алексеевтен дәріс алады. Содан кейін Павлодардағы екі жылдық педагогикалық курсқа оқуға түседі. Сол кезде Пәуен 1916 жылғы Ресей патшасының қазақтарды соғыс майданы шебіне қара жұмыс істеуге алу жарлығына қарсы Баянауылда митингілер ұйымдастырушылардың бірі болады. 1917 жылы педагогикалық курсты бітіріп шығып, бастауыш мектепке сабақ беретін мұғалім дипломын алады. Кенес үкіметі орнаған 1917 жылдан астап ол Баянауыл поселкесіндегі бастауыш мектепте сабақ бере бастады. Пәуен атамыздан дәріс алып, кейін Қазақстанға белгілі болған азаматтар көптеп саналады. Солардың ішінде Қазақстанның халық жазушысы Дихан Әбілев те бар.

Мұғалімдік қызметте Пәуен Жүсіпбайұлы 1921 жылдың маусым айына дейін болады.

1921 жылы Баянаула өңіріне атаман Дутовтың солдаттары баса көктеп келгенде, оларға қарсы іс-қимылдар жасау шараларына Пәуен де немере ағасы Бақиямен бірге қатысады.

1922—1923 жж. Пәуен Омск қаласында Вахитов атындағы сабақтары бәрі орыс тілінде жүретін татар мектебінде оқиды. Осында оқып жүрген қазақ жастары мектеп залында қазақша

концерт, спектакль койып жүреді. Бірде олар Жүсіпбек Аймауытовтың «Ханафия-Шәрбану» атты пьесасын қояды. Сонда Пәуен Сазанбай деген байдың ролін ойнайды. Омскіде жүргенде ол Қартқожа Тоғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ғабит Мүсіреповтермен танысып, қатынасып жүреді.

1923—1926 жж. Баянауылда аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1926—1930 жж. аудандық тұтынушылар одағының төрағасы, 1930—1932 жж. аудандық атқару комитетінде жоспаршы, 1932—1936 жж. Баянауылдағы жеті жылдық мектептің директоры болып қызмет істейді. Осы мектепте директор болып жүргенде 1955 жылы Алматыда өткен ағарту, мәдениет қызметкерлерінің республикалық съезіне Баянауылдан делегат болып қатысады. Сонда ол ескі досы, әрі ағайыны Қартқожа Тоғанбаевты соңғы рет көреді. 1936—1942 жж. Баянауыл мемлекеттік банкісінің финанс бақылаушысы, 1942—1945 жж. аудандық өндіріс комбинатының директоры болып қызмет істеді. Оның басшылығымен өндіріс комбинатында пима басатын, жылы киім тігетін және ағаш бұйымдарын жасайтын цехтар ашылады. Сонда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен комбинатта жұмыс істеген қариялар мен әйелдер және жасөспірімдер ерлікпен парапар еңбек етті. Сол кезде майданға жылы киім жіберуден облыстық мұрағаттың деректеріне сүйенсек, Баянауыл ауданы облыс бойынша 1-ші орынға шығады. Үкімет Пәуен Жүсіпбайұлының соғыс кезіндегі еңбегін бағалап, оның Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапаттайды. Сол бір қиын қыстау кезеңде мектеп қабырғасында оқып жүрген Пәуекеннің қызы Клара да жеңісті жақындатуға өзіндік үлес қоса білді. Ол «Қазақстан пионері» атты танк колоннасын құру үшін 5000 рубль ақша берді. Осындай патриоттық сезіммен қаржылай көмек көрсеткені үшін Клара Жоғары Қолбасшы И.В. Сталин қол қойған «Алғыс хатқа» ие болды.

1945—1957 жж. Пәукең аудандық мемекеттік банкінің басқарушысы болып қызмет істеді.

Пәуен Жүсіпбайұлы академик Қ.И. Сәтбаевпен жастайынан сырлас дос болды. Қаныш аға Баянауылға келгенде алдымен Пәукеңнің үйіне келіп түсетін-ді. Пәуен атамыз бәйбішесі Бәденмен бірге жоғары білімді бес қыз, екі ұл баланы тәрбиелеп шығарды.

КСРО медалдарымен марапатталған.

### Жұманияз Сламбеков

Сламбекұлы Жұманияз (1893—1942 жж.) – Сатылған...

Қожамберді ұрпағы, Баянаула болыстығының № 3 аулында дүниеге келген. Ол өзінің еңбек жолын 1907 жылы Қарқаралы уезіндегі Желтау мыс руднигінде кенді іріктеп сортаушы болып бастаған. Содан соң 1909—1925 жж. Екібастұз көмір бассейнінде № № 1, 2 шахталарда кочегар, кен қазушы, слесарь болып еңбек етеді. 1925 жылы Коммунистік партия қатарына алынады.

1925—1929 жж. Семей тау-кен өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының аудандық комитеті төрағасының орынбасары, содан кейін төрағасы болып сайланды. 1929—1931 жж. Москвада тау-кен жұмысшылары кәсіподағы Орталық комитеті жаныдағы жоғарғы кәсіподақ мектебінде оқыды.



1931 жылдың шілде айында Жұманияз Сламбеков Қарағанды қаласында кәсіподақ ұйымын алғаш ұйымдастырушылардың бірі және Қазақстанның белсенді кәсіподақ қайраткері ретінде Қарағанды аудандық Коммунистік партия комитетінің құрамына сайланады [92, 95]. 1931—1933 жж. Қарағандыда көміршілер кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы болып қызмет істеді.

Қарағандыда қызмет істеп жүрген кезде ол болашақ дарынды жазушы Ғабиден Мұстафинмен танысып, сырлас дос болады. Кейін Ғабиден Мұстафин Жұманияздың бейнесін өзінің «Қарағанды» атты романына кейіпкер ретінде алып, оны кәсіподақ басшысы «Жұманияз» деп атап көрсетеді.

1933—1935 жж. Жұманияз Сламбеков Алматыда Қазақ кәсіпшілер одағы кеңесінде еңбекті қорғау бөлімінің меңгерушісі, содан кейін 1935—1939 жж. Қазақ КСР-нің қой совхоздары кәсіпшілер одағы комитетінің төрағасы қызметін атқарады.

Жұманияз Сламбеков 1939 жылдан өмірінің соңғы күндеріне дейін Қазақ КСР Халық Комиссариаты кеңесі жанындағы Құрылыс материалдары бас басқармасы бастығының орынбасары болды.

Жұманияз ағамыз 1925 жылы Қазақстан кәсіпшілер одағының І-ші съезіне, КСРО кәсіпшілер одағының 3-ші съезіне делегат болып қатысады. Ол Усть-Каменогорск, Риддер, Алматы қалаларында қызмет істеп жүргенде аудандық, қалалық Коммунистік партия комитеттерінің бюро мүшесі, ал 1933—1937 жж. Қазақ кәсіпшілер одағы кеңесінің мүшесі болды.

Жұманияз Сламбековтың қысқаша өмірбаяны мен суреті 2003 жылы Қарағандыда басылып шыққан «Экибастуз. Энциклопедия» деген кітапта берілген.

## Ғазиз Сәтбаев



Ғазиз Имантайұлы (1894—1937 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, академик Қаныш Сәтбаевтың ағасы. Шын есімі – Ғабдулғазиз, қазақ тілінде «ал кұл» (Ғабдул – адал, ғазиз – кұл) деген мағына береді. Алайда, ол жас күнінен Бөкеш атанып, ресми құжаттарда Ғазиз болып жазылған.

Бөкеш ауылда молдадан арабша оқумен сауатын ашқаннан кейін 1907 жылдар бастап Ақкелін мекеніндегі бастауыш орыс-қазақ мектебінде оқиды.

Ол жастайынан домбыра тартып, жақсы күйші болған. Абай, Пушкин, Лермонтов шығармаларын сүйіп оқыған. Ғазиздың үйінде «Ғ. Сәтбаевтың кітабы» деген таңба басылған кітаптарға толы үлкен шкаф-кітапханасы болыпты.

Кеңес үкіметінің бастапқы жылдарында Ғазиз атқа мінер белсенді жігіттердің бірі саналған. XX ғасырдың 20-шы жылдарында Ақкелін болыстығындағы алғашқы ауылдық кеңестің төрағасы болып сайланған. Кейініректе өз ауылында қоғам жұмыстарына қызу кірісіп, көпшіліктің мүддесіне аса қажетті «Қаржас» атты кооператив ұйымдастырушылардың бірі болған.

Алайда, сол кездегі саяси науқандарға байланысты ол қудалауға шырмалып, жан саулағап елден кетуге мәжбүр болды. Омск облысының Азов ауданындағы Қызыләскер ауылдық кеңесінде хатшы болып қызмет істеп жүргенде 1937 жылы біржола жоғалып кетеді.

Академик Әлкей Марғұлан 1925 жылы Абай ауылында оның баласы Тұрағұлмен болған сұхбатында: «Бұл қыр аймағында озық талант – Имантайдың екі баласы. Бүгін де олардан озық бар деп өзім түсінбеймін. Ал екеуінің алапаты бүтіндей басқа. Жаратылыс білімді де, ақыл мен ойды да оларға ерекше берген. Олардай саңлақ кісі бүгінгі жастар арасында өте сирек кездеседі», – дейді [93, 62]. Әлкей Марғұланның айтуынша, Қаныш Сәтбаев ағасы Ғазиз туралы: «Бөкежанның қасында мен түк емеспін. Оның жүйріктігі менен асқар таудай биік тұратын», – деп айтқан екен [94, 28].

Ғазиз Сәтбаевтың бірінші әйелі Мұхтарима (1893–1931 жж.), балалары: Ғалымтай, Бартай, Ханен, Төлебай, Майқы, екінші әйелі Мәруа (1904–1937 жж.), қызы Зиннат.

### **Асфандияр Шорманов**

Асфандияр Әмір-Темірұлы (1894–1971 жж.) – Күлеке... Мырзақұл ұрпағы, қазақтың тұңғыш агроном ғалымы. Бастауыш білімді ол өз аталары ашқан (1904 ж.) мектепте алған. Одан кейін Семейдегі жоғары мұғалімдер семинариясына түсіп, оны ойдағыдай бітірген соң, екі жыл өз ауылында ұстаз болып, бала оқытады. Кейін оқуын Омскінің ауылшаруашылық училищесінде жалғастырады. Осы училищеде ол Қошке Кеменгеров, Смағұл Садуақасовпен бірге оқиды. Студент кезінде Ресей мен Қазақстанның





біраз жерінде болып, өсімдіктің түр-түрін жинаған. Оларды сұрыптап, атын қазақша, орысша, латынша жазып, қай жерде өсетінін, қандай қасиеті, пайдасы барын анықтаған. Қай шөппен адамды, қайсысымен малды емдеуге болатынын жазған. 1916 жылы институтты аяқтаған соң Асфандияр Қарқаралы уезінде жер бөлімінде қызмет істейді. Сонда жүріп, ол көшпелі елді отырықшылдыққа үндеп, егін салуға үйретті. Оншақты үйден тұратын ауылдардың басын қосып, жұртқа үй жанына ағаш, гүл өсіруге, бау-бақша салуға баулыды. Содан кейін ол Баянауылда жаңа ашылған ауылшаруашылық мектебіне меңгеруші болып тағайындалады. Сонда ол ауыл жастарын егін шаруашылығын игеруге тартады. 20-шы жылдары жергілікті басшылар оның ұйымдастырушылық қабілетін, егін мен мал шаруашылықтары саласында жан-жақты терең білімі барлығын ескеріп, оны Павлодар уезі Жер басқармасының меңгерушілігіне жоғарылатады. Бұл қызметте жүріп ол ғылыми жұмыспен айналыса бастайды. Атап айтсақ, суыққа және құрғақшылыққа төзімді дәнді дақылдың сортын шығарумен және жерді ауыспалы егіске бейімдеп пайдаланумен айналысады. Қазақстан өлкелік партия комитетінің I-хатшысы Ф.И. Голощекиннің кезінде Асфандияр еліміздің ауылшаруашылық министрлігіне қызметке ауысады. Сонда ол малдың тұқымын жақсы айырып, оларды қалай бағып-күтудің жолдарын ұсынады. ауылшаруашылығына керек асыл тұқымды малдарды өсіріп, көбейтуге көп көңіл бөледі. Голощекиннің солақай саясаты тұсында оны ірі бай болған Шормановтардың ұрпағы деп қудалауға байланысты қызметінен төмендетіп, Ертістің жайылмасындағы жерлерге жұртты орналастыру жұмысын басқаруға жібереді. Алайда, елде қуғындау, арандату күшейген кезде себебін түсіндірмей-ақ оны жұмыстан шығарады. Бұдан кейін Асфандиярды еш жерге жұмысқа алмайды. Осы себепті ол туған елін тастап, Батыс-Сібірге кетуге мәжбүр болады. Онда ба-

рып, Новосибирскідегі батпақты жерлерді құрғату жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері болып орналасады. Көп кешікпей институтқа Қазақстаннан «Асфандияр Шормановтың арғы атасы би болған» деген арыз түсіп, ол жұмыстан шығарылады да, сол жақтағы бір совхозға барып, агроном болып орналасады. Мұнда да оған тыныштық бермейді. Ақыры 1935 жылы бай баласы ретінде жазаға тартылып, соттың шешімінің үш жыл Новосибирскідегі бір жерден екінші жерге жөнелтетін аралық түрмеде болып, бес жылға сотталады да, Красноярск өлкесіндегі Канск ауданының «жазалылар» лагерінде мерзімді уақытын өткізеді. 1943 жылы қамаудан босап, Алматыға келеді. Айдауда жүрген сегіз жылда оның денсаулығы нашарлап, бір көзі мүлде көрмей қалады. Алматыға келгеннен кейін өзінің бұрын жасаған тәжірибелерінің нәтижесін жазып жүрген дәптерлерін таба алмай қатты қайғырады. Денсаулығының нашарлығына карамастан, ол Қазақтың мемлекеттік сортты тұқым қорында агроном болып қызмет етті. 1957 жылы жазықсыз тағылған айыптан ақталған соң оған республикалық дәрежедегі дербес зейнетақы беріледі. Тұқым қорында қызмет істеп жүргенде дәнді дақылдардың жана сорттарын шығарып, олардың тұқымын облыстарға, Алматы төңірегіндегі аудандарға таратады. Өмірінің соңғы жылдары көрнекті селекционер ғалымдардың еңбектерін қазақшаға, қазақ жазушыларының әдеби шығармаларын орыс тіліне аударумен айналысады. Қазақстан егіншілігінің дамуы және аграрлық саясатын жүзеге асыру туралы көптеген мақалалар жазды. Олардың біразы мерзімді басылымдарда жарық көрді. Суыққа және құрғақшылыққа төзімді дәнді дақылдар сортын шығаруды бастады да, аяғын жеріне жеткізе алмай көз жұмды.

Қызы Мағмураның айтуынша, Асфандияр қазақтың шешендік сөздерін көп жинаған көрінеді. Алайда, оларды басып шығаруға жағдайы болмай, қолында бар материалдар-

ды өзінің досы, Ертіс өңірінен шыққан жерлесіміз, белгілі журналист Хайролла Қасымжановқа «сен пайдалан» деп берген екен. Асфандияр атамызда құлаққа ұнамды естілетін лирикалық тенор дауысы болыпты. Музыкалық аспаптардың көбінде ойнай білетін ол, үйде отырғанда қолына домбыра алып, көбінесе өзінің нағашысы, Шоқан Уәлихановтың інісі Қозыкөненің әндерін айтып отыратын әдеті болған.

Асфандияр жас кезінде ауызбен суреттеп айтып жеткізе алмайтын, өзіне жұртты еріксіз қарататын керемет сұлу жігіт болған. Бұл жөнінде, онымен Омск қаласындағы институтта бірге оқыған адамдар былай дейді: «Ол институттың коридорында жүріп келе жатқанда біздер, қыздар мен жігіттер, табиғаттың таң қаларлық етіп жаратқан жанын көруге сап түзеп, қабырғаға жабысып тұра қалатынбыз. Оның өн бойы: бет әлпеті, дене бітімі, жұртқа тәжім етуі, жалпы бәрі де өте әдемі болатын. Ол жанымыздан өтіп кеткенде де біздер көпке дейін тұрған жерімізден қозғалмай, артына қарап тұратынбыз. Ол бізді шын жүрегімізбен таңдандыратын. Сол сәтте біздер есімізді де жия алмай, мелшиген күйде қалып, ол аудиторияға кіріп кеткенде ғана ішімізден терең демімізді шығарып, орнымыздан қозғалатынбыз. Расында, өте дарынды деген суретші Асфандиярдай өте әдемі адамның кескін-кейіпін бейнелеймін деп қанша талпынса да, оның сондай ғажал, тамаша әсемдігін жеткізе көрсете алмаған болар еді. Өйткені, оның ішінен шашырап шыққан мейірбандық, адалдық, парасаттық және тазалық нұрын қыл қаламмен көрер көзге бояп жеткізуге болмайды ғой».

Қазақтың атақты ақыны Мағжан Жұмабаев өзінің «№-ға» деген өлеңінде «граф» деп Асфандиярды айтады. Осы өлеңде Мағжан: «Графтай адал көңіл адам сирек», – деп, Асфандиярға әділ баға береді де, әрі қарай ол туралы:

«Сөйлетіп қоя берсең, сөзге тақ-тақ,

Күлкісі күміс сылдыр, емес сақ-сақ.

«Философ», «экономист», «артист», «поэт» —  
Қайдағы әдемі сөзді алған жаттап.  
Жиында иіледі, бүгіледі,  
Балаларды ойын құмар күлдіреді.  
Шөп басы кимылдаса: «Пардон, мамзель!»  
Тағы да «Аля» деген сөз біледі», —

деп жырлайды [73, 100—101, 438].

Қазақтың белгілі жазушысы Сапарғали Бегалин Асфандияр қайтыс болғанда шығарған «Асфандияр асылды еске алғанда» деген өлеңін оның әйеліне: «Асыл Асфандиярдың жан жары Шәмшия-Бану Шаһзындақызына», деп жазып береді. Мұнда Сапакең оған жан-жақты мінездеме береді. Оның терең білімділігін, бүкіл дүние тарихын білетіндігін, рақымшылдығын, көпке жасаған жақсылығын, болашақты болжайтындығын, шексіз мәрттігін, қандай қиыншылықты болсын ақылмен женетіндігін, әсерлі ішкі сезімін, сыпайылығын былайша білдірген еді:

«Асыл едің Асфандияр жаныңменен,  
Кіршігі жоқ ақ жүректе қаныңменен.  
Арманың еді халыққа еткен қызмет  
Бойға біткен іздеп тапқан барыңмен.

Сыр шертуші-ең сылайы әсем өрнекпен,  
Сырласқандай үйде отырып жер-көкпен.  
Заман жайын, уақыт сырын тәптіштеп  
Сүйсінуші-ең ғылымға аспап өрлеткен.

Шын күлуші-ең сүйсінгенде табысқа,  
Жанды бөлмей жақын менен алысқа.  
Жақсы десе бар жаныңмен елжіреп,  
Санамаушы-ең жақсыны қалысқа».

Осы өлеңін Сапакең Мағжан Жұмабаевтың шығарған бәйігімен көмкеріп:

«Графтай адал көңіл адам сирек,  
Экономист, философ, артист, поэт», – деп аяқтайды.

Асфандиярдың қолжазбалары бұрынғы Алматы ауылшаруашылық институтында сақтаулы болатын-ды. Оның қызы Мағмура көп жылдар Алматыдағы ауылшаруашылық институтында сабақ берді, қазір Алматыда тұрады.

Сөз соңында айтарымыз: Қазақстан ауылшаруашылығын жаңғыртуға өте көп көңіл бөлген Асфандияр секілді асыл азаматтың артында қалған бай мұрасын болашақта жинау мен бастыру ең бірінші міндеттеріміздің бірі болып табылады дер едік.

### Жүнісбек Жолдинов



Жолдыұлы Жүнісбек (1895—1983 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, суырып салма ақын. Жүнісбек жастайынан жетім қалып, өз аулына жақын Белағаш ауылында тұратын Кирилл Гарголев деген шағын шаруашылығы бар орысқа асыранды бала болады. Оның Қарқаралыда алынған тууы жөніндегі куәлігіндегі аты жөні «Кузьма Кириллович Гарголев» деп жазылған. Осы орыстың қолында жүргенде 1914 жылы орыс баласы ретінде

әскерге алынып, 1914—1917 жж. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, Латвия жерінде, Рига қаласында болады.

Ол кезде Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жаяу Мұса Байжанов, Иса Байзақовтармен кездесіп, олармен дәмдес те болған; туыстары Қаныш Сәтбаев және Ұлттық академиямыздың корреспондент-мүшесі Онаев Ибраһиммен жақсы қарым-қатынас жасап тұрған. 1921 жылы Омск қаласында жұмысшы жастардың кешкі мектебінде оқыды. Сол кездегі қаладағы қазақ жастарының ойын-сауық үйірмелеріне қатысып, қиссаларды жатқа айтады, өзінің ағайыны Қошке (Қошмұхамбет) Кемеңгеровтың «Қасқырлар мен қойлар» пьесасында ойнайды. 1939—1949 жж. Ақмола (бүгінгі Астана) қаласында тұрып, сондағы бір ауруханада емші болып қызмет істейді. Оның бойында акындық өнерден басқа гипноздық, экстрасенстік, тамыр ұстап сырқат адамдарға диагноз қою, аурулардың бойынан арам қанды шығару, үшкіріп емдеу сияқты қасиеттері де болған. 1964 жылы 3 қаңтарда Алматыда академик Қаныш Сәтбаевты жерлеуге қатысып, сонда оның аруағына арнап, көпшілік жұрттың алдында жоктау өлеңін айтқан. Алматыдағы «Жазушы» баспасынан «Ойлар» (1966 ж.), «Өрендерге өнеге» (1969 ж.) атты өлең жинақтары жарық көрді. Республикалық, облыстық айтыстарға қатысқан. Өмірінң соңғы жылдары Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Қылыш Бабаев атындағы ауылда тұрып, сонда дүние салды.

Ұрпақтары Қарағанды қаласында және Бұқар жырау ауданында тұрады. Жүнісбек – осы кітап авторының әкесі Имантайдың анасы Жәнипаның туған бауыры.

Ақынның баспа бетін көрмей артында қалған көптеген өлеңдерін ХХ ғасырдың 90-шы жылдары Алматыдан келген аты-жөні бізге белгісіз бір қасиетсіз деуге болатын адам оның үйіндегі баласынан «іске жаратамыз» деп сұрап алып, ақыры ол адам хабарсыз кетіп, әрі қолжазба да үшті-күйлі қолды боп кетті.

## Қошке Кемеңгеров



Қошке (шын есімі — Қошмұхамбет) Дүйсебайұлы (1896—1937 жж.) — Құлке... Ақша ұрпағы, ақын, жазушы, драматург, педагог, филолог, тарихшы, шынайы мәдениет иесі. Қошке 15 шілдеде Омск уезі, Беке болысындағы «Ауыздағы Қаржас» деген ауылда дүниеге келді. Қошке алғаш Белгібай молладан дәріс алып, мұсылманша сауат ашқан. Мұнан соң Омск қаласында приходская школада (шіркеу қарамағындағы мектеп), вете-

ринарлық-фельдшерлік мектепте оқиды. 1913 жылы Омск ауылш аруашылық училищесіне оқуға түседі. Осында жүріп қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси ұйымы «Бірлікке» (1914—1918 жж.) мүше болып кіреді. Оның үні «Балапан» қолжазба журналының (1916—1918 жж.) редакторы болады. 1917 жылы сәуірде Омскідегі облыстық қазақ атқару комитетінің тапсырмасымен Дихан Әбілев (Қазақстанның халық жазушысы болған) екеуі Ақмола қаласына келеді, мұнда Сәкен Сейфуллинмен бірлесіп, Қазақ комитетін, «Жас қазақ» ұйымын құруға атсалысады. 1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың басында Смағұл Сәдуақасов, т.б. азаматтармен бірге тізе түйістіре отырып, тер төгіп, Алаш Орда үкіметінің Ақмола облыстық комитетін құруға табаны күректей бірнеше ай еңбек етеді. 1918 жылы 5—13 сәуір аралығында Қошке Омскіде өткен қазақ-қырғыз жастары съезіне қатысады. 1918 жылы «Жас азамат» газетінің редакторы болып сайланады.

1918 жылдың аяғында ауылшаруашылық училищесін бітіріп, 1919 жылы Омскіде облыстық халық ағарту бөлімінің саны аз ұлттар ісі жөніндегі бөлімшесіне нұсқаушы болып қызметке кіреді. 1919 жылы Омск политехника институтына оқуға түскенімен, оны бір жылдан кейін тастап кетеді. 1920 жылы Петропавлде мұғалімдер дайындайтын курста биология, химия пәндерінен сабақ береді. Қошке 1918—1920 жж. Сұлтанмахмұт Торайғыровпен, Бекмұхамбет Серкебаевпен (атақты әнші Ермек Серкебаевтың әкесі) «Алаш Орда» қозғалысына қатысып жүріп, «Алаш» сыйлығының жүлдегері атанады. 1920 жылы желтоқсанда Сібірауылшаруашылығы және өндіріс институты ветеринария факультетінің медицина бөліміне оқуға түседі. Медицина бөлімінің курсын бітірген соң (1924 ж.), осы жылдың қыркүйегінде Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысады. 1924 жылы оқуды бітірісімен, осында сырттан оқитын аспирантураға түсіп, осы университеттің жұмысшы факультетінде және әскери училищеде қазақ әдебиетінен сабақ береді, қоғамдық істерге араласады. Ташкентте болған жылдары «Ақ жол» газетінде қызмет істейді және «Сана» атты ғылыми-танымдық журналдың жауапты редакторы міндетін атқарады.

1930 жылдың қазан айында Қошке саяси қудалауға ілініп, Мұхтар Әуезовпен бірге ұсталып, Алматы түрмесіне қамалады. Бұл жолы оның мойнына түскен айып сәл босап, ажал құрығынан құтылады. Алайда, 1932 жылы Украинадағы Валуйки қаласына бір жылға жер аударылады. Бірақ, Қошке айдауда бір жыл емес, үш жыл жүреді. Осы жерде тұтқындық мерзімін өтеген уақытында ол аудандық атқару комитетінде экономист, кейін темір жол жүйесінде дәрігер болып қызмет жасайды. 1935 жылы мерзімді уақытын өтегеннен кейін Омск облысындағы Шарбақкөл поселкесінде аудандық денсаулық сақтау бөліміне нұсқаушы болып қызмет етеді. 1937 жылы



Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) Қошкені қайта тұтқындап, «Сібірлік диверсиялық-көтерілісшіл контрреволюциялық ұлттық ұйымның жетекшісі» деген жалған жаламен ату жазасына бұйырады. Жаза төрт күннен кейін, яғни желтоқсанның 21 күні Омск қаласында іске асырылады.

Қошке Кеменгеров мындаған қуғын-сүргін құрбандары қатарында 1957 жылы ақталды.

Қошке атамыз өзінің аз ғана ғұмырында сан қырлы талантымен жарқырап артына өшпес бай әдеби мұра қалдырды. Көркем әдебиет саласындағы алғашқы қадамын ол А.С. Пушкиннің «Пайғамбар» («Пророк») деген өлеңін қазақ тіліне аударудан бастайды. Бұл аударма жөнінде ақын-ғалым Сағынғали Сейітов «Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі» дейтін зерттеуінде: «Тәржімашы 19 жастағы Қошке (Көшмұхамбет) Кеменгеров зерттеу құралын қалпынан айнытпай түсіруге тырысқан... Тәржіманың тілі жатық, сөз кестесі әжептәуір» деп бағалайды. Қошкенің «Бақ іздеген» атты тырнақалды өлені «Айқап» журналының 1915 жылғы № 12 санында жарияланады. 1916 жылы очерктер мен өлеңдер жинағы жарыққа шығады.

Қошке Кеменгеровты қазақ халқының Мұхтар Әуезовтен кейін шыққан драматургі деуге болады. Өйткені, оның 1919—1923 жылдар аралығында «Бостандық жемісі», «Қасқырлар мен қойлар», «Алтын сақина» сынды пьесалары жарық көрді. Бұл пьесалар Омскіде 20-шы жылдардың басында көркемөнерпаздар үйірмелерінде қойылғанды. 1926 жылы 13 қаңтар күні Қызылорда қаласында Қазақтың мемлекеттік ұлттық театры (қазіргі Алматыдағы Академиялық драма театры) өз сахнасын Кеменгеровтың «Алтын сақина» пьесасымен ашады. Бұл турасында «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылы 13 қаңтарда шыққан санының бірінші бетінде мынандай хабарлама басылған: «Ғынуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да Мемлекеттік ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр әртістері Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнай-

ды. Оның соңынан концерт, демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады. Театр директоры Дінше» деп қол қойылған. Ал, Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» драмасы бұдан кейін қойылған. Бүгінге дейін Қазақтың ұлттық театры өз шымылдығын алғаш рет 1926 жылы «Еңлік-Кебек» драмасымен ашты деп айтылып жүрген дерек тарихи шындыққа жатпайды. Бұл мәселенің бұрмалануы, әрине, Қошке Кемеңгеровқа «халық жауы» деп айып тағылуына байланысты екені өзінен-өзі түсінікті.

Қошке Кемеңгеров қазақ, орыс тілдеріне бірдей шешен болған және ол неміс, араб, парсы тілдерін де біршама жақсы білген. Оған өзі жазған «Қазақша-орысша тілмаш» атты кітабында араб, парсы тілдеріне талдау жасауы айқын дәлел бола алады<sup>47</sup>.

Қошкенің Зайра, Сәуле, Нарманбет (Нартай) есімді үш баласы қалған. Зайра ұзақ жылдар Алматы облысындағы Ұзынағаш деген жерде орыс тілінен сабақ береді. Бұл күнде зейнеткер. Сәуле 1993 жылы қайтыс болды. Зайыбы – Гүлсім 1988 жылы 84 жасында Омскідегі Шарбақкөл ауданында Нартайдың қолында тұрып дүние салды.

Өкінішке орай, қазақ әдебиетінің тарихында өте терең із қалдырған және тарих пен филология саласында аса құнды еңбектер жазған Қошке Кемеңгеровтың туғанына 100 жыл толған мерейтойы өз елінде ұйымдастырылмай, Омскі қаласында аталып, оған Қазақстаннан жалғыз ғана жазушы Қалмұқан Исабев барған еді. Оса арада, шындығына келсек, біздер – бүгінгі ұрпақтар дүниеден өткен ардақты тұлғаларымыздың мерейтойларында олардың есімдерін ұлықтауды әлі де кешенді түрде мемлекеттік шара ретінде өткізуді дұрыс жолға қоя алмай келеміз. Осы кемшілігіміз келешек ұрпақтарымызда болмасын деп Алла Тағалаға адал тілек білдірейік, ағайын.

<sup>47</sup> Бұл кітап 1925 жылы Москвада басылып шықты.

## Қартқожа Тоғанбаев

Жананұлы Қартқожа (1896—1938 жж.) – Құлеке... Баян ұрпағы, инженер-механик. Павлодар уезі, Аккелін болысының № 4 ауылында дүниеге келген. 1903 жылы Шорман әулеті ауылында ашылған орыс-киргиз мектебінде сауатын ашып, орысша, арабша кітаптарды оқитын дәрежеге жеткен. Содан кейін Баянауыл станицасындағы бастауыштан жоғары мектепке (высшее-начальное училище) түсіп, орысша оқиды. 1911—1915 жж. Омскіде Сібір темір жолында жұмыс істейді.

1916 жылдың 25 маусымында патша үкіметінің «бұратана» халықтардың 19—43 жас аралығындағы еркектерін Бірінші дүниежүзілік соғыс майданының тылында қорғаныс құрылыстарын салу жұмыстарына алу жөніндегі жарлығы шыққаны белгілі. Патшаның жарлығына бой ұсынбаған Далба, Аккелін және Баянауыл болыстықтарының ер азаматтары наразылық білдіріп, көтеріліске шығады. Осы көтерілісті басқарушыларының бірі Қартқожа Тоғанбаев болады. 1916 жылдың 23 қыркүйегінде Алғабас мекеніне сойыл, айбалта, найзамен қаруланған 5000-ға жуық адам жиналады. Сонда Павлодардан 50 казак-орыс солдатын басқарып келген прапорщик Чукреев, Қарқаралы отрядының командирі Шестаков және Қарқаралы уезі әкімшілігінің өкілі В.А. Аркадьев Алғабаста жиналған адамдармен жүргізген бейбіт келіссөзге ашынған халық пәтуаға келмейді. Ақыры осы жерде болған қарулы қақтығыста 9 адам каза болып, 44 адам тұтқындалып, Омскіге жеткізіледі. Батыс Сібір соғыс округінің әскер қолбасшысы генерал Сухомлиновтың 1917 жылдың 4 ақпанында шыққан № 72 жарлығы бойынша тұтқындалған 44 адам Омскінің соғыс-округтік сотына беріледі. Тұтқындалған адамдардың тізімі: Айдарбеков Құсайын, Әйтеев Қыздарбек, Амандықов

Садық, Амангелдин Дүйсенбек, Әшербаев Шаймерді, Байконысов Майбас, Байжанов Нұрпейіс, Бекбауов Жүсіп, Бекбауов Мәуия, Бөкішев Шалымбай, Бәшетов Жолдерас, Досанов Ақымбек, Есентаев Жанәбіл, Жылпысов Сыздық, Жолдыбасев Бактияр, Жанғожин Жания, Көлзақов Әли, Көлзақов Қали, Құлатаев Сейіт, Қарабаев Байтуған, Қожахметов Қайыр, Қопашев Сұлтанбай, Күнікеев Оразбек, Қантарбаев Қожахмет, Қаңтарбаев Нұрмұхамед, Көпбаев Қойлыбай, Көпбасев Түлкібай, Қарабаев Сейсенбай, Маманов Омар, Маманов Қарабай, Манасбаев Құдыш, Нұрмұқанов Ермұхамет, Оңтаев Шоқау, Сағындықов Әбілқас, Сәрсекеев Ақдым, Солтанбаев Шахмардан, Сүлейменов Ермағанбет, Сәркенов Мағжан, Тасжанов Ескендір, Тасжанов Ыдырыс, Тілеубаев Боқай, Османов Жандай, Шадырпанов Әшірбек, Шегин Қоғабай.

Бүгінгі Қаржас ұрпақтары осы тізімнен өздерінің туысқандарын, аталас ағайындарын танып білер деп ойлаймыз.

Алғабас көтерілісіне қатысқан біраз адамдарды патша үкіметі күшпен 1917 жылдың басында соғыс майданының тылында қара жұмыс істеуге жібереді. Солардың ішінде Қартқожа да болады.

Баянауалық жігіттер Минск қаласына жетер-жетпесте Ресейде 1917 жылы ақпанда буржуазиялық-демократиялық көтеріліс жеңіске жетіп, император Николай II тағынан түседі. Уақытша үкімет вагонда келе жатқан баянауалықтарды кері қайтарады. Сөйтіп, Қартқожа елге оралады. Біраз уақыт Омск қаласындағы Ауыздағы Қаржас ауылында жүріп, сонда әр түрлі жұмыстар істейді. 1919 жылы Далба болысындағы Төрткөл<sup>48</sup> ауылында мектеп ашып, балаларға дәріс береді. 1919—1920 жж. Семейде ауылшаруашылық мектебін бітіреді.

<sup>48</sup> Далба болысының оңтүстігіндегі бірсыпыра жер 1938 жылы Қарағанды облысына берілгендіктен Төрткөл ауылы қазіргі күні осы облыстың Бұқар жырау ауданы жерінде қалды.

1920 жылы Павлодарда мұғалімдер дайындайтын екі айлық курсың бітіріп, Жуантөбедегі Мырзақұл ұрпағы Зейіл Алпысбайұлының үйінде ашылған мектепте мұғалім болады. 1920 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыровпен бірге Далба болыстығында революциялық комитет сайлауын өткізеді. 1923—1924 жж. Баянаула өңірінде елді кеңестендіру ісіне ат салысады. Қартқожа 1925 жылы Япон деген қазақ қызына үйленеді. 1927 жылы Омскіде жұмысшы факультетті (рабфакті) бітіріп, Томскідегі технологиялық институттың механика факультетіне оқуға түседі. Қартқожа мен Японның тұңғышы Майқы 1929 жылы сол Томскіде дүниеге келген. 1930 жылы Коммунистік партия қатарына алынады. 1931 жылы институтты бітіріп, суық металдарды өңдеудің инженер-механигі мамандығын алып шығады. Содан кейін Алматыға келіп, ауылшаруашылық институтта техникалық пәндерден сабақ береді. 1931 жылы Япон жеңгейден Шолпан туған. Сосын Япон қайтыс болады. Майқы мен Шолпан Қартқожаның кейінгі жұбайы Шәйданың қолында өскен. Бұл кісіден 1936 жылы Төлеш туған.

Ұстаз болумен қатар Қартқожа сол кездегі қазақ студенттері үшін аса қажет техникалық әдебиеттерді қазақ тіліне аударуға және ауылшаруашылығы саласында оқулықтар жазуға белсене кіріседі. Оның сол кездегі аудармалары ішінде профессор В.П. Селезневтың «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» атты оқулығы, «Комбайндар», «Слесарлық жұмыс» деген кітаптар және бастауыш сыныптың оқушыларына арналған қоғамтану, математика, геометрия, физика пәндерінің оқулықтары бар. Сонымен бірге «Орыс-қазақ терминдік сөздік» жазады. 1937 жылдың шілдесінен қараша айына дейін Алматыда марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтында аудармашы болып қызмет істеді.

Жерлес жазушы Жүсіпбек Аймауытов Қартқожа өмірін негізге алып, қазақ әдебиетінің алғашқы елеулі шығармасы саналатын «Қартқожа» атты роман жазды. Әрине, романдағы Қартқожа мен өмірдегі Қартқожаның арасы жер мен көктей. Сондықтан Жананұлы Қартқожаны романның нақ бас кейіпкері деуге болмайды. Романда Қартқожаның әкесінің аты Жұман, өмірде – Жанан, романда Қартқожаның ағасы – Тұңғышбай өмірде ағасы болған емес, романда інісі – Кенжетай, өмірде – Мәден.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев дүниеден өтер жылы алдындағы бір жазбасында: «Қартқожа мен Жүсіпбектей (Аймауытовты айтып отыр. – С.Ж.) жайсаңдар қазақтың мандайына, әй, сиярма екен?! – деп айтқанындай, екеуі де саяси репрессияның құрбандары болды.

Қартқожа «халық жауы» деген жаламен 1937 жылы 23 қазанда тұтқындалып, 1938 жылы 23 ақпанда атылды.

Қартқожаның артында Майқы, Шолпан, Төлеш есімді балалары қалды.

Қартқожа Тоғанбаев туралы академик Әбікен Бектұровтың «Қартқожа» деген мақаласы «Білім және еңбек» журналының 1969 жылғы № 1 санында жарық көрді, ал жазушы Жайық Бектұровтың «Жүсіпбек Аймауытов және Қартқожа» атты көлемді мақаласы Қарағандыда шығатын «Орталық Қазақстан» газетінің 1988 жылғы 15 қыркүйектегі санында басылды. Бұлардан басқа мақалалар «Орталық Қазақстан» (18.07.1990 ж., 16—18.04.1996 ж.) және Павлодарда шығатын «Сарыарқа самалы» (30.03.1999 ж., 13.05.2000 ж.) газеттерінде берілді.

## Әбдікәрім Сәтбаев



Әбдікәрім (кейін Кәрім аталған) Жәмінұлы (1897—1937 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, академик Қаныш Сәтбаевтың немере ағасы. Әуелі ауыл мектебінде оқыған. 1917—1918 жж. Ақмола қаласында Сәкен Сейфуллин сабақ берген педагогикалық курсты бітірген. Өз бетімен оқып, әжептәуір дәрежеде білімін толықтырған. Уақытының көбін Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Семей, Омскіде өткізіп, сол жерлерде әртүрлі қызметтерде,

бухгалтерлік және басқа жұмыстарда болды. Өз ауылына барғанда, сондағы оқу жасындағы кейбір балаларды өзімен бірге қалаға апарып, әр мектептерге түсіріп жүрген. Ол сырт пішіні көркем, ұзын бойлы, сымбатты, өнерлі, жайсаң жігіт болған. Кәрім туралы академик Әлкей Марғұлан:

«Кәрім Сәтбаев та семинарияда оқыған, жүйрік, білгіш адамның бірі, жан күйі өнерді, музыканы сүйген кісі болды», – деп жазады [68, 136]. Ол домбыра, скрипка, гармонь да тарта білген. Ол кезде жиі ұйымдастырылатын этнографиялық музыкалық әдеби кештерге, концерттерге белсене қатысып, скрипка тартып, би билеп, тақпақ, өлең айтып, не түрлі спорт ойындарын көрсетіп, жұрт назарына ілігеді. Бірде ауылда Кәрім Жүсіпбек Аймауытовтың «Жебір болыс» пьесасын да қояды.

Сәкен Сейфуллинның «Тар жол, тайғақ кешу» романында Кәрімнің аяулы келбеті, өзіндік ерекшеліктері мен

мінез-құлық қырлары біраз ашылған. Мысалы, Сәкен Сейфуллин Кәрімді былайша әдемі суреттейді: «Жігіт дөңгелек, бота көз, қыр мұрынды, қылтық қана мұртты, қара торы жас жігіт... Кәрім Сәтбаев Ақмолада бізбен жанасып жүретін... Өзі сәнділеу киінетін. Әлі де солай көрінеді» [59, 315]. Кәрім кейбір көре алмаушы адамдардың қастандығымен тегі бай тұқымынан деген жаламен 1922 жылы тұтқынға алынады, бірақ кешікпей босатылады.

Кәрім алғашқы әйелі қайтыс болғаннан кейін көп уақыт үйленбей жүріп, өзі бір кезде Ақмолада семинарияда оқып жүргенде үйінде жатқан Матжан деген байдың қызы Ұминаға үйленеді. Елде саяси қуғын-сүргін науқаны етек алған кезде Кәрімді НКВД қызметкерлері қудалап, оның жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді. Ақыры ол қалалы жерде беделді адам болған себепті 1936 жылы ұсталып, түрмеге түседі. 1937 жылы атылады. Әйелі Ұмина (1895—1975 жж.) Екібастұз қаласында баласы Тілеубектің қолында дүниеден өтті.

### **Сүтжан Құдайбергенов**

Сүтжан Түсіпбекұлы (1898—1937 жж.) – Сатылған... Өтеу ұрпағы. Ауылдық орыс-қазақ мектебін бітіріп, Павлодар қаласындағы екі сыныпты орыс-қазақ училищесінде оқыған.

1919 жылы Омск қаласындағы мұғалімдер семинариясын бітіріп, Павлодар уезі басқармасында бөлім меңгерушісінің орынбасары, Коммунистік партия бюросының хатшысы, жер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеген.

1925 жылы Қарқаралы уездік комитетінің мүшесі, атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, одан кейін Павлодар қаласында «Селькредсоюз» мекемесі бастығының орынбасары, уездік сауда бөлімінің меңгерушісі болды.



1930 жылы Алматыға ауысып, «Каззаготскот» тресі бастығының орынбасарлығына тағайындалады. Осында қызмет істеп жүргенде, нақақ жаламен сотталып, Беломорканал құрылысына жер аударылады.

1936 жылы тұтқыннан босанып, Павлодарға келеді. Алайда, оған жергілікті ішкі істер бөлімінің бастықтары қызмет істетпей, 1937 жылы «халық жауы» деген айыппен үкім шығарып, Павлодардың аты шулы ақ түрмесінде атылады.

### Қаныш Сәтбаев

Қаныш (шын есімі – Ғабдулғани) Имантайұлы (1899—1964 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, есімі дүниежүзіне белгілі ғұлама ғалым, геология-минерология ғылымдарының докторы, КСРО Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, КСРО Мемлекеттік (1942 ж.) және Лениндік (1958 ж.) сыйлықтарының лауреаты, XX ғасыр саңлағы.



Академик Сәтбаевтың есімі Ұлттық Ғылым Академиясының «Еңбек Қызыл Ту» орденді Геологиялық ғылымдар институтына, Жезқазған кен-металлургия комбинатына, Қазақтың ұлттық политехникалық институтына берілген. Өзі оқыған Томск политехникалық институтындағы геология факультеті үйінде мемориалдық

тақта орнатылған. Ол Жезқазған қаласының құрметті азаматы. Қарағанды облысында оның атындағы Сәтбаев қаласы бар. Жоңғар Алатауында жаңадан ашылған мәңгі мұз бен асқар шыңға да оның өлмес есімі жазылған. Қырым астрономы Н.С. Черных 1979 жылы ашқан жаңа планетаға Сәтбаев есімі берілді. Жұлдыздар картасында 2402 санға ие болған Кіші планета Марс пен Юпитер аралығында Күнді айналып, ғарышты мәңгі шарлап жүр. Академик Сәтбаев төрт рет «Ленин» орденімен, 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. 1999 жылы Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толған мерей тойы ЮНЕСКО көлемінде кеңінен аталып өтті.

Қазақстанның көрнекті жазушысы Медеу Сәрсекеев бар ғұмырын академик Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен мемлекеттік және қоғамдық жұмыстарын зерттеуге арнады деуге болады. Оның қаламынан 1980 жылы Москвада «Молодая гвардия» баспасынан «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен орыс тілінде «Сәтбаев» атты кітап жарық көрді. Бұл кітап толықтырылып, 1988 жылы қазақ тілінде басылып шықты. Жалпы алғанда, Медеу Сәрсекеев академик атамыз туралы бірнеше кітап жазғанын көпшілік жұрт жақсы біледі. Жазушы досымыздың осы еңбектері ескеріліп, оған 2005 жылы «Баянауыл ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

### **Нұрғали Кадаленко**

Нұрғали Қадылбекұлы (1899—1936 жж.) – Құлеке... Нияз ұрпағы, Қазақстандағы кеңес құрылысына белсене катысушы, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны. Нұрғали бұрынғы Павлодар уезі, Баянауыл болысы, № 3 ауылда (қазіргі Ақсан ауылдық округі) дүниеге келген. Баянауылдағы және Павлодар қаласы жанындағы Коряковка селосында қазақ-орыс бастауыш

мектебінде оқиды. 1915 жылы Омск қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Сонда демократиялық бағыттағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымының белсенді мүшесі болады. Омскіде жүргенде Сәкен Сейфуллинмен және Жұмат Шанинмен танысады. 1917 жылдың аяғында семинарияны тәмамдап, 1917 жылы наурыз айынан бастап Баянауылда ағартушылық қызметін бастайды.

Шын фамилиясы Қадылбеков. Нұрғали орысша жақсы сөйлегенімен, оның тілінде аздап украиндық акцент бар деп санаған досы Петр Петрович Зарембо, Баянауылдағы Халық үйінде өткен бір жиында оған: «Достым, сен нағыз хохолша сөйлейсің. Сондықтан сен Қадылбеков емес, Каделенко болуың керек», – дейді. Содан былай орыс, қазақ достары оны «Кадаленко» деп атап кетеді. Өзі де бұл атауды жек көрмейді. Содан ресми құжаттарда да осылай жазылатұғын болған. Кадаленко 1918—1920 жж. Павлодар уезі коммунистік жастар ұйымының мүшесі, Ресей коммунистік жастар одағы уездік комитетінің мүшесі және хатшыларының бірі болды.

1920 жылы жаз айында ол Павлодарға Оренбургтен Әліби Жангелдин бастаған әкімшілік орындарда ауылдастыру мәселесімен келген комиссияның мүшесі Мұхтар Әуезовпен алғаш рет кездесіп, оның әңгімесін тыңдайды. 1920—1924 жж. Ресей коммунистік партиясы Павлодар уездік комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, бюроның нұсқаушысы, уездік сайлау комитетінің мүшесі және төрағасының орынбасары, Павлодар уезінде Ресей коммунистік жастар одағының Сібір бюросының қырғыз-татар секциясының хатшысы, уездік жер бөлімінің меңгерушісі, уездік революциялық комитет төрағасының орынбасары, Өскемен және Ақтөбе облысындағы Темір уездік атқару комитетінің төрағасы болып жүріп, ол Кеңес үкіметі органдарын құру мен жетілдіруге ат салысады. 1924—1931 жж. Ақмола губерниялық сотының төрағасы,

БКП(б) Акмола губерниялық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Сырдария губерниясының прокуроры, «Түрксіб» темір жол құрылысы басқармасы бастығының орынбасары, БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің нұсқаушысы, Жамбыл облысы Берікқара аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

Жалпы атап айтқанда, Кадаленко бас аяғы бар болғанда он-ақ жыл ішінде осыншама жауалты, һәм жетекші қызметтерде жүріп, оның атпал азамат болып қалыптасып өсуіне, менің пайымдауымша, қасиетті де киелі Баянауыл топырағы әсер еткен болуы керек.

Кадаленко 1931—1933 жж. «Қарағанды көмір тресі» кадрлар бөлімінің меңгерушісі болды. Алапат аштық жылдары Қарағанды шахталары мен құрылыстарына жұмыс істеуге жан-жақтан ағылып келген қазақтарға тамақ ұйымдастыру, баспана тауып беру, жұмысқа орналастыру сияқты жұмыстарды атқарудың арқасында ол көптеген жандарды ажал аузынан аман алып қалады. Оның мұндай азаматтық істері ел аузында аңыз болып әлі де айтылып келеді.

Нұрғали Кадаленко саяси қуғын-сүргіннің алғашқы легінде «ұлтшыл, садуақасовшыл ағымның көрнекті өкілі» деген жаламен қуғынға ұшырайды. Ақыры, 1933 жылы қарашада «ұлтшыл ұйым құрды және қазақ жұмысшыларына айрықша жағдай жасауға әрекеттенді» деген айыппен абақтыға түседі.

1936 жылы ОГПУ «үштігі» шешімімен ол ең жоғары жазаға кесіліп, атылды. Сталинизм зардаптары әшкереленгеннен кейін ақталды (1960 ж.).

2009 жылы Кадаленконың туғанына 110 жыл толуына орай Павлодар облысында оны еске алу шараларын өткізіп, Баянауыл ауданында бір мектепке оның есімі берілсе де артық болмас еді.

## Мәуия Әбікеев

Әбікейұлы Мәуия (1900—1985 жж.) – Құлеке... Ақша ұрпағы, кезінде Қазақстанға ғана емес, КСРО-ға танымал болған бірден-бір бірегей білгір саяткер. Баянаула өңіріндегі Белағаш мекені маңындағы Шонғал таудың бауырында орналасқан Құжанмасақ ауылында аңшылар әулетінде дүниеге келген.

Тоғыз жасқа келген Мәуияны әкесі аңшылық өнерге тарта бастаған. Алдымен, әкесі оған бүркітті қалай ұстап, қалай оны қолға үйретіп, қырағылыққа баулудың әдістерін, сонымен қатар тазы итті тандау жолдарын да үйретті. Сөйтіп, Мәуия әкесінің арқасында «еттің бәрі қазы емес, иттің бәрі тазы емес» дегендей, бүркіт пен иттің де текті, тексіз болатындығын біліп, саятшылық өнерді меңгеріп ер жетті.

Мәуия атамыз өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап Павлодар қаласында, содан кейін біраз жыл Павлодар ауданындағы совхоз-техникумда (қазіргі Кенжекөл ауылы) тұрды.

Әбікейұлы Мәуия Ертіс өңірінің өзен-көлді алқаптарында, «Ақкөл-Жайылма» төңірегінде, сонау Баянаула тауларында, тіпті мына көршілес жатқан Омск, Новосибирск облыстарында ит жүгіртіп, құс салып, аң аулап, халқымыздың саяткерлік өнерін өткен ғасырдың соңына дейін жалғастырып келген маман аңшы болды.

Мәуияға 1957 жылы «Аңшылық кәсіпшіліктің үздігі» деген атақ берілді. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың немере інісі Шаймерденнің 1967 жылы жазған «Саятшы Мәуия» атты поэмасында:

«Қолында томағалы қыран бүркіт,  
Аққасқа сегіз тазы соңына ертіп.  
Мойнында шиті мылтық, бел толы оқ,  
Айнала жер шолады атты іркіп», –

деген өлең жолдары бар.

Саяткер Мәуия 1969 жылы Москвада өткен дүние жүзі биолог-аңшыларының ІХ әлемдік конгресіне Қазақстаннан катысқан жалғыз аңшы. Сонда ол бүркітшілер сайысына түсіп, өзінің «Қандыбалак» атты қыран бүркітімен бірінші орынды жеңіп алады. Осы жерде аз шегініс жасап, бүркіттердің аттарына келетін болсақ, Мәуияның әкесі Әбікейдің «Қыран балапан», Баянауыл округінің аға сұлтаны Мұса Шормановтың «Шұбар», Абай Құнанбаевтың «Ақтана», Қаныш Сәтбаевтың «Қарашаңырақ» атты қыран бүркіттері болыпты. Ал, тазы ит жайына келетін болсақ, Мәуия атамыздың айтуынша, жүйрік тазының қабырғасы шеңбер тәрізді, тұмсығы сүйір, сұқ келеді. Басында бір шымшым артық ет болмайды, артқы аяғы маймақ. Ел аузында «Иттің асылы – итала қаздың жұмыртқасынан шыққан құмай» деген сөз бар. Бұл жөнінде Мәуия ақсақал: «Құстың жұмыртқасынан ит пайда болмайды. Құмай – қасқыр мен иттің күшігінен дүниеге келген ит», – деген болатын-ды.

Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайында Әбікейдің үш сирақты шиті кара мылтығы, кемер белбеуі, күміспен өрнектелген ат-тұрманы мен Мәуияның бүркітімен түскен фотосуреті бар.

Мәуия Әбікеев саятшылық өнері бойынша КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің ски алтын медалімен марапатталды.

Мәуия Әбікеев осы кітап авторының әкесі Имантайды жас кезінен білетін еді. Павлодар қаласында біздің үй Мәуия атайдың үйінен алыс емес-ті. Енді Мәуия атайға қатысты өз көзіммен көрген мынадай бір көрініске тоқталғым келіп тұр. 1945 жылдың мамырында қаламыздың бір үйінде соғыстан аман оралған адамның құрметіне арналған тойға жиналған жұрттың ішінен қолында мылтығы бар Мәуияны да көрген едім. Сонда оған өзімен жасы шамалас бір әйелдің: «Әй, Мәуия! Жұрт сені атақты мерген дейді. Осы мергендігіңді мына тұрған

кісілердің алдында, кәне, көрсетші», – дегенін өз құлағыммен естідім. Сол кезде Мәуия атай әлгі әйелдің қолынан қапсыра ұстап алған бойы қораның жанына дедектетіп ала жөнелді де, әйелге: «Енді сол қолыңның бас бармағы мен сұқ саусағыңды түйістір де, сол қолыңды былай созып, осы жерде тапжылмай тұрасың, ал, мен ана бір жерге барып, мына мылтықтың оғын мына қолыңда пайда болған дөңгелек тесіктің ішінен өткіземін, қолыңа еш зақым болмайды. Сонда менің мергендігіме көзің жетеді», – дегенде, әлгі әйел ыршып түсіп: «Кет әрі, мұндай мергендігің өзіңе», – деп қаша жөнелгенін көріп едім.

### Әбікен Бектұров

Әбікен Бектұрұлы (1901—1985 жж.) – Сатылған (Танат) ұрпағы, әлемдік деңгейдегі ғалым. Еңбек жолын 16 жасында жер өлшеуші қызметімен бастайды. 1921 жылы Павлодар революциялық комитетінің нұсқаушысы. 1923 жылы ол Омскідегі жұмысшылар факультетіне (рабфак) түсіп, оны тәмамдаған соң, халықтық жер комитеті басқармасының жетекшісі болып еңбек етеді.

1931 жылы Омск ауылшаруашылығы институтын «агро-химия» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1931 жылы ол Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің аспиранты болады. Кандидаттық диссертациясын қорғаған соң, Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі Әл-Фараби



атындағы Қазақ Ұлттық университеті) биоорганикалық химия кафедрасының оқытушысы, меңгерушісі, сондай-ақ, химия факультетінің бірінші деканы қызметін атқарады. 1946—1968 жж. Химия ғылымдары институтының директоры. 1946 жылдан Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі. 1968—1985 жж. өзі басқарған институттың аорганикалық синтез лабораториясы және аорганикалық химия бөлімінің меңгерушісі. Негізгі ғылыми еңбектері минералды тыңайтқыштар өндіру мен минерал тұздарды өндіру химиясына және технологиясына арналған. Бектұровтың ғылыми жетекшілігімен 40 адам кандидаттық, 3 адам докторлық диссертация қорғаған, 400 аса ғылыми еңбегі, 3 монографиясы бар. Ленин, «Октябрь революциясы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

1991 жылдан Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Химия ғылымдары институты Бектұровтың есімімен аталды.

2001 жылы Қазақстанда академик Бектұровтың жүз жылдық мерейтойы кең көлемде аталғаны белгілі. Мерейтойға арналып Алматыда «А.Б. Бектұров – көрнекті ғалым, Қазақстанда химия ғылымы мен білімінің негізін салушы» атты Халықаралық ғылыми симпозиум өткізілді. Атақты ғалымның мерейтойын Ресейдің, Өзбекстан мен Қырғызстанның да қалың ғылыми жұртшылығы атап өтті.

### **Бисмиллә Балабеков**

Бисмиллә Балабекұлы (1901—1979 жж.) – Сатылған... Өтеу ұрпағы. ХХ ғасырдың 20—30 жылдардағы қазақ өнерпаздары тарландарының бірі, аты кезінде республикамызға танымал болған әнші Балабек Ержановтың баласы. Қазіргі Баянауыл кентінен оңтүстікке қарай 18 шақырымдағы Ақши



деген жерде туған. Әкесінен үлгі-өнеге алып өскен ол, ән-күй өнерімен жасынан айналысады. Оның алғашқы өнер жолы 1922 жылы Семейдегі Лугачарский атындағы клубта «Арқалық батыр» пьесасын қойғанда Әміре Қашаубаев – Қияқтың, Бисмиллә – Тұяқтың рольдерінде ойнаған кезінен басталады. Бисмиллә 1922 жылы Павлодарда жездесі Қазықбайдың<sup>49</sup> үйінде алғаш рет атақты әнші Майрамен кездесіп, сол үйде оның орындауында «Айнала жаз», «Ісмет», «Ардақ», «Гайһар тас», «Қарға» әндерін және «Толқын» деп ат қойған төмендегі текстегі әнін естиді:

«Жел көңілім желдей есіп, желпін енді,  
Зар заман өтер, кетер бір күн енді.  
Қызықты, қызбалықты өмірімде,  
Шырқатып алуан әнді көргін енді.  
Саламын осы әнімді қыз күнімнен,  
Түрлі ән шығушы еді бұл үнімнен.  
Той-думан, үлкен-кіші бас қосқанда,  
Атағым жайылып еді «Майра» әніммен».

1922 жылы Семейде үш айлық вожатыйлық курсты бітіріп, Бисмиллә Екібастұз кеншілер поселкесіндегі қорғасын зауытының жанындағы мектепте алғаш рет Павлодар уезінде пионерлер ұйымын құрады. Бұл жөнінде ол өзінің естелігінде былай деп жазады: «Баянауылдан үйімді көшіріп Екібастұзға келе жатып, үлкен етіп қазылған қызыл топырақты құдыққа қона кеттік. Әкем жүгіріп барып, бір уыс құмдақ қызыл топырақты алып сөйлеп тұр: «Осы жерде алтын көп болу керек<sup>50</sup>. Англия соны біліп, алтындарды тасып әкетпек болған. Осы байлықты өкіметіміз өзі біліп, «өз өнерім жетеді, өзім ашып жаратам» деп, Англияны тырқыратып қуып жіберіпті»...

<sup>49</sup> Қазықбай – Балабектің ағасы Райымбектің әнші қызы Қазизаның күйеуі.

<sup>50</sup> Бұл жер – Баянауыл ауданындағы Майқайып алтын кені орны.

Екібастұзға келдік, қорғасын зауыты жанында пионерлер ұйымын құрдым. Күнде тәңертең, кешке балаларды әскерше ойната бастағанда, екі-үш шақырым жердегі барақта тұратындар, ақ, қара шахталардан қорғасын-мыс қорытатын пеш маңындағы тұрғындар, ерте де кеште де балаларымен бірге жиналатын. Таңырқап, мәз-мейрам болып тұратын... 1960 жылы бірінші маусым күні Павлодардан концертпен ел аралап жүргенімде, Екібастұз қаласына келгенде, сол кездегі көрген бір қарт<sup>51</sup> қалалық комсомол комитетіне мені алып келіп, «осында пионер ұйымын бірінші ұйымдастырған адам» деп таныстырды. Сонда мені пионерлер ортаға қамап алды. Жиналыс өткізді. Мойныма галстук тағып, пионер жасап, жас күнімді елестетіп, менімен кездескендеріне өте қуанышты болып, суретке түстік. «Похвальный лист» берген еді» [53, 28—29].

1923 жылы Семейдің педагогика техникумында оқыды. Сол кезде өнер қайраткерлері Жұмат Шанин, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Елубай Өмірзақов және т.б. майталмандармен қатар жүріп, үзеңгі жолдас болады. 1926 жылы Қызылордада қазақтың алғашқы драма театрының ірге тасын қаласады. Бір күні астананың драма театрында қойылған үлкен концертке Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов келеді. Осы концертте Бисмиллә көптеген халық әндері мен Жарылғапбердінің әндерін орындайды. Ертеңінде Бисмилләнің әндерді нақысына келтіріп, жақсы орындаған әдісін мадақтап, қалалық газетке мақала шығады. Мақаланы оқыған Жұмат Шанин: «Бисмилләнің ұстаздары әкесі Балабек пен ағасы Сапарбек, ал бұлардың ұстаздары: Жаяу Мұса мен Жарылғапберді», — дейді. Сонда Сәкен Сейфуллин де Бисмилләға қарап: «Торсықтай кара екенсің, мойның қысқа,

<sup>51</sup> Бұл адам – ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының басында Екібастұз шахталарында жұмыс істеген, Екібастұз қаласының құрметті азаматы Жұмат Омашев (1909-1989 жж.) елі.

үнің мол болады екен, рахмет, жігітім. Сендей жас әнші театрға жаңалық болды», – деген екен.

1928 жылы Бисмиллә Ілияс Жансүгіровтың үйінде Әсет Найманбаевтың «Інжу-Маржан» («Әсет») әнінің өлең тексі мен орындау мәтінін оның өз орындауынан үйреніп алады. Сонда Ілияс Жансүгіров Бисмилләға: «Осы әннің текстіндегі «Сағынарсың, халқым, бір күн-ай!» – деген өлең жолын есінде сақта!» деп тапсырады. Кейін бұл әнді Бисмиллә республикада бірінші болып радиодан айтып, елге таратқан болатын-ды. Аталмыш әннің сонда Ілияс Жансүгіров айтқан қайырмасының соңғы үш жолы мынадай екен:

«Қозы Көрпеш – Баяндай Әнмен  
бірге өлсем-ай! Сағынарсың,  
халқым, бір күн-ай!»

Ал, қазіргі ән жинақтарында жоғарыдағы өлең жолдары былайша бұрмаланып берілген:

«Қозы Көрпеш – Баяндай  
Бір молада өлсем-ай!  
Сағындырған, еркем-ай».

Бүгінде жоғарыда Ілияс Жансүгіровтың «сағынарсың, халқым, бір күні-ай!» деген Әсеттің зарын есінде сақта деп, Бисмилләға қатты ескертіп тапсырғанда, ол алдағы жылдарда қазақтың зерделі де асыл азаматтарының басына түсетін зардапты көрегендікпен сезді ме екен деп ойлайсың. Рас, жалған жаламен атылып кеткен мындаған азаматтарымыздың артында қалған жесірлері мен ұрпақтары оларды өмір бойы сағынды ғой.

1931 жылдың күзінде композитор Б.Г. Ерзаковичтың жолдамасымен Бисмиллә Қарағанды қаласында жаңа ашылған радиоға ән-күй, көркем әдебиет жағын басқарушы, әрі әнші болып қызметке орналасады. Сонда ол радиоға Иса Байзақовты, Қали Байжановты, Қосымжан Бабақовты шақырып, бірге қызмет істейді. 1933 жылы халыққа түскен

ауыр жағдайға байланысты отбасы, әкесімен бірге Кузбастағы Кемерово қаласына кетіп, онда бір шахтаның клубында қазақ өнерпаздарының үйірмесін ұйымдастырады. 1934 жылы Алматыға келіп, қазіргі М. Әуезов атындағы академиялық драма театрына актер болып орналасады. 1936 жылы Москвада өткен Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігіне қатысады. Қазақ драма театрында Бейімбет Майлиннің «Шұға» пьесасын алғаш қойғанда Бисмиллә бақсының ролін ойнайды. Сонда ойын біткенде, Бейімбет Майлин оның қолын алып: «Саған үлкен рахмет, бұрын менің көзіме түспеген қимылдар жасап, залға қарай тап бергенде, үркіп жапырлағанымызда, кенет тоқтай қалдың. Залдан айдап шыға ма деп қалып едім, ертең біздікіне кел», – дейді.

Бисмиллә атамыз 78 жасында Аламатыда қайтыс болды. Артында қалған баласы Тұңғышбек Алматыда тұрып жатыр.

### **Атығай Шанин**

Атығай Құрманбайұлы (1905—1986 жж.) – Сатылған... Қожамберді ұрпағы. Қазақ КСР-нің еңбегі сіңірген мәдениет қызметкері (1967 ж.), Жұмат Шаниннің немере інісі, драматург. Бұрынғы Баянаула болысының № 5 ауылында туған. 1926—1929 жж. Семей және Алматы ауылшаруашылық техникумдарында оқиды. 1930 жылы Москвадағы Бүкілкеңестік мемлекеттік кинематография институтының режиссерлық бөліміне оқуға түсіп, оны 1932 жылы бітіріп шығады. 1932—1934 жж. Риддер қаласындағы театрдың актері және драматургі болып қызмет істейді. 1934—1938 жж. Павлодарда «Колхоз» атты газеттің әдеби қызметкері және жұмысшы жастар театрының көркемдік жағын басқарушысы. 1938—1941 жж. Қарағанды облыстық филармонияның әртісі. 1941 жылы Қарағанды облыстық филармонияның әртістері Аты-

ғай Шанин және оның жұбайы Қапида Қарқаралы қаласына қызметке шақырылады. Оның себебі былай болған-ды. 1935 жыл Қарқаралыдағы Халық үйінде колхоз-совхоз театры ұйымдастырылған болатын-ды. Бұл театр тек Қарқаралыда ғана емес, сол кездегі аудан көлеміндегі 45 ауылды аралап жүріп, қызы-жазы ойын көрсететін еді. 1941 жылы соғыс басталысымен басты ролдерде ойнайтын адамдардың бәрін әскер қатарына алып кетеді. Сонда театрдың жабылып қалмауын ойлаған аудан басшылары 1941 жылдың соңғы айында Қарағандыдан Атығай Шанинді колхоз-совхоз театрын қалпына кетіру үшін күш салып, алып келген-ді. Соғысқа аттанған театр әртістерінің орнын жергілікті жастар мен үй шаруасындағы әйелдер алмастырды. Атығай Шаниннің басшылығымен 1960 жылы Қарқаралы, 1975 жылы Бақты халық театрлары және «Салтанат» атты өлең мен би халық ансамблі құрылады. Бұл ансамбль 1976 жылы Францияда өткен ХІХ халықаралық фольклорлық фестивальға бүкіл Кеңес елі атынан қатысып, бас жүлдені жеңіп алады. Ансамбльдің құрамында Атығайдың қызы Р. Шанина да бар.

Атығай Шанин өткен ғасырдың 30-шы жылдары Қазақ КСР халық әртісі Қанабек Байсеитовпен бірге «Зәуре», «Тартыс», «Болат», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы негізінде «Панасыздар» атты пьесалар жазды.

### Мерғали Қадылбеков

Мерғали Қадылбекұлы (1907—1938 жж.) – Құлеке... Нияз ұрпағы, қазақтың алғашқы инженер-геологтарының бірі, Нұрғали Кадаленконың інісі. Бұрынғы Павлодар уезі, Баянаула болысындағы № 3 ауылдың Жаманқыстау деген жерінде (қазіргі Ақсан селолық округі) дүниеге келген. Ауылда мұсылманша оқып сауатын ашқан соң, Баянауыл станицасында



орыс-киргиз (қазақ) мектебінде оқып, білім алады. 1920—1923 жж. Оренбург қаласындағы қазақ балаларына арналған мектеп-интернатта оқиды. 1923 жылы Санкт-Петербургтегі тау-кен институтына оқуға түсіп, оны 1928 жылы кен барлау мамандығы бойынша бітіріп шығады. Еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан өңірінде бастап, осы өлкенің алғашқы геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген инженер-геолог атанды деуге болады. Сонда ол Түркістан

ауданының солтүстік жағындағы бір сайдың жанынан 1930 жылы қорғасын-мырыш-барит кен орнын ашады. Бұл кен орны сол кездегі ресми геологиялық құжаттарда Мерғалидың атымен «Мерғалисай» деп жазылған-ды. Алайда, бұл кен орны алғашқы шыққан «Қазақ Совет энциклопедиясы» атты кітаптың 8-томында кате түрде «Мырғалымсай» деп берілген. Ал, кен орнын алғашқы рет ашқан Мерғали Қадылбеков емес, «Мырғалым Фахрезетдинов» деп көрсетілген [17, 242]. Осы мәселенің үзілді-кесілді ашығын айтар болсақ, Мерғали «халық жауы» деген жаламен атылып кеткендіктен, кен орнын «ол ашты» деп айтуға болмағанын, оның орнына басқа бір геолог Мырғалым Фахрезетдиновтың есімі жазылған сияқты. Бұл – бір. Екіншіден, кен орны жұмыс істей бастағанда, оның жанынан салына бастаған поселке де әуелде «Мерғалисай» деп аталғанымен, кейін ол да «Мырғалымсай»<sup>52</sup> болып өзгеруі шындыққа жатады.

<sup>52</sup> Мырғалымсай поселкесінің негізінде 1955 жылы Кентау қаласының іргесі қаланды.

Кен орнының «Мерғалисай» деп аталуы жөнінде белгілі журналист Мынбай Ілияс өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Шырмандағы шындық» атты мақаласында былайша баяндайды: «Кешегі Голошекин заманында жасалған ашаршылықтан қазақтардың қара шыбындай қырылып жатқан кезі. Бұл 1932—33 жылдардағы ашаршылық. Сол кезде осы Хантағыға таяу үлкен бір сайда геологтардың барлау экспедициясы жұмыс істеген екен. Жер қойнауынан байлық іздеп жүрген бір топ орыс пен қазақтың басшысы Мерғали Қадылбеков деген оқыған қазақ инженері болыпты. Өзегі талып, көзі қарауытып отырған талай қазақты ажал тырнағынан аман алып қалғанға ұқсайды. Сонда әлгі қазақтар біріне-бірі: «Анау үлкен сайда Мерғали деген қолы ашық жомарт жігіт бар. Өз ауыздарынан жырып, жұмырымызға жүк боларлық ас беріп, жүрегімізді жалғады, әйтеуір әлденіп алдық. Бізге жасаған жақсылығы Құдайдан қайтсын. Атасына мың да бір рахмет деп алғыстарын жаудырады екен. Содан әлгі сайды «Мерғалисай» деп атап кеткен» [74]. Демек, ел басына түскен ауыртпашылық кезде ер мінезді адамгершілікпен қолынан келгенше халқына жәрдем көрсеткен Мерғалидай абзал да асыл жанға жергілікті жұртшылық оның есімін ешқандай үкіметтің жарлығынсыз тарихқа қалдырып кеткен болатын-ды. Өкінішке орай, оған халық сыйлаған топонимдік атау кейін басқа болып өзгеріп кетті. Енді оның орнына Кентау қаласының бір көшесіне Мерғали Қадылбековтың есімі берілсе де құба-құп.

Мерғалисай кен орны негізінде Шымкент қорғасын зауыты салынып, ол КСРО-да бұл саладағы өндіріс орындарының жетекшісі болып саналады.

Мерғали Жоңғар Алатауы мен Іле ар жағындағы Алатау өңірлерінен де бірталай кен орындарын ашты, солардың бірі – Текелі өзенінің оң жағалауынан табылған, құрамында қорғасын, мырыш, күміс, кадмий, германий элементтері

бар кен орны. Сол кен орны негізінде Текелі қорғасын-мырыш комбинаты бой көтереді.

Мерғали «Казполиметалл» тресінің бас инженері болып қызмет атқарған кезде, Сарыарқа қойнауына да көңіл бөліп, осы мекеменің техникалық бөлімінің басшысы Оразалы Жандосовпен (Ораз Жандосовтың інісі) бірге Сарыарқаны зерттеу-барлау жұмыстарының кең көлемді бағдарламасын жасады. Мерғали ғылыммен де айналысқан. Мысалы, ол «Геолого-терминологический словарь» кітабын құрастырады, «Минералогия және геология» деген көлемді кітабын орыс тілінен қазақ тіліне аударды, т.б. ғылыми еңбектері болған. Әттеңі сол, оның бұл еңбектерін сталинизм қанды қол жемдеттері із-түссіз жоғалтып жіберген. «Социалистік Қазақстан» газетінде басылған Мерғалидың мақалалары оның тек инженер ғана емес, публицистикаға да шебер жан екенін танытады. Мәселен, аталмыш газеттің 1936 жылғы 12 наурыз күнгі санында «Қорғасын зауытына кен жеткізу үшін күрес», ал 1936 жылғы 26 маусымдағы санында «Жер қойнауының байлығын іздестіруге жорыққа шығайық» деген мақалалары жарық көрді. Қазақтың талантты перзенттерінің бірі Мерғалидың атқарған еңбектері мен қайғылы тағдыры турасында журналист Мейрамбек Төлепбергенов «Егемен Қазақстан» газетінің 1998 жылғы 30 мамырдағы санында «Кен даланың кенін тапқан» деген мақала жазды.

Мерғали «Ораз Жандосовтың ұйымдастырған ұлтшыл фашистік ұйымға мүше болды» деген лақаппен 1937 жылғы 30 мамырда тұтқындалып, 1938 жылғы 27 ақпанда атылды. Ол небәрі 31 жыл ғана ғұмыр кешті. Әрине, Мерғалидың алдына қойған мақсаты орындалмау өкініші өзіне төнген өлімнен де қиын болып, бірегей азаматтың арманда өмірден өткені анық. Артында Рәзумия есімді қызы қалды. 1960 жылғы 14 маусымда КСРО жоғарғы соты Мерғали Қадылбековтың ісінде қылмыс жоқ деген шешім қабылдады.



Баянауыл ауданы әкімі 1999 жылғы 27 желтоқсанда Майқайың поселкесіндегі Геологтар көшесі Мерғали Қадылбеков көшесі болып өзгертілсін деген шешім шығарды.

Мерғали Қадылбековты көпшілікке алғаш танытқан журналисттер Мыңбай Ілес пен Мейрамбек Төлепбергенге бүгінгі Қаржас атаның ұрпақтары мың да бір алғыстарын білдіреді.

### Райхан Сәтбаева



Райхан Әбікейқызы (1912—1989 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш терапевт-ғылым докторы, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген дәрігері.

Райхан 1930 жылы Омск қаласында осындағы ауылшаруашылық институтының студенті Әбікен Бектұрұлына тұрмысқа шығады. 1931 жылы Әбікен Бектұрұлы Ташкенттегі университетке аспирантураға түскенде, Райхан сол қаладағы Орта Азия медицина институтына оқуға түсіп, оны 1935 жылы бітіреді. Содан кейін Алматы медицина институтында ординатор (1935—1938 жж.), ассистент (1938—1945 жж.), доцент (1945—1950 жж.), 1951 жылдан госпитальдық терапия кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1961 жылы диссертация қорғап, медицина ғылымдарының докторы болды және сол жылы профессор ғылыми атағына да ие болып, 1967 жылы Қазақстанның

тына оқуға түсіп, оны 1935 жылы бітіреді. Содан кейін Алматы медицина институтында ординатор (1935—1938 жж.), ассистент (1938—1945 жж.), доцент (1945—1950 жж.), 1951 жылдан госпитальдық терапия кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1961 жылы диссертация қорғап, медицина ғылымдарының докторы болды және сол жылы профессор ғылыми атағына да ие болып, 1967 жылы Қазақстанның

еңбек сіңірген ғылым қайраткері атанды. Оның 300-ден астам ғылыми еңбектері бар, солардың ішінде негізгі еңбегі – «Силикоз» монографиясы.

Райхан Әбікейқызы Алматы медицина институтының госпитальдық терапия кафедрасының негізін қалады. Қазір бұл кафедра факультеттік деңгейге көтерілді. Ол көп жылдар Қазақстан терапевтерінің ғылыми қоғамын басқарып, оның алғашқы ұйымдастырушыларының бірі болды. Сондай-ақ ғалым апамыз КСРО-ның терапевтер қоғамы бастығының орынбасары, осы қоғам басқармасы Президиумының құрметті мүшесі болып сайланды. Қазақстанның медицина ғылымын шетелде бірнеше рет танытып, терапевтердің халықаралық ғылыми қоғамының мүшесі болды. «Здравоохранение Казахстана» журналының және Қазақ Совет энциклопедиясының редколлегия кеңестерінің мүшесі болды. Ғалымның тікелей басшылығымен 50-ге жуық медицина ғылымдарының кандидаты мен 4 докторы даярланды.

Райхан Әбікейқызының республикаға сіңірген еңбегі лайықты бағаланып, ол «Ленин» орденімен және денсаулық сақтау ісінің теориясы мен практикасына қосқан зор үлесі үшін С.П. Боткин медалімен марапатталды.

Профессор Райхан Сәтбаева мен академик Әбікен Бектұров 55 жыл бірге тұрып, Қазақстан халқына қадірлі азаматтар қатарында болды.

### **Ибраһим Онаев**

Ибраһим Әбілғазыұлы (1913—1994 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1971 ж.), инженер-металлург. Бұрынғы Павлодар уезі, Далба болысының № 4 ауылында (қазіргі Қарағанды облысы,

Бұқар жырау ауданы жерінде дүниеге келген. 1941 жылы Алматыда Қазақ кен-металлургия институтын бітірген соң, 1941—1944 жж. Қарсақбай мыс қорыту зауытында, 1944—1974 жж. аралығында Қазақ КСР Ғылым академиясының Металлургия және кен байыту институтында (аспирант, кіші ғылыми қызметкер, лаборатория меңгерушісі, институт директорының орынбасары) қызмет етті. 1974 жылдан қазіргі ака-



демик Сәтбаев атындағы Ұлттық политехникалық университетте ауыр түсті металдар кафедрасының меңгерушісі. Оның 200-ден астам ғылыми еңбегі (үшеуі монография) жарық көрді, 8 өнертабыстың авторы. 1958 жылы Бельгияда өткен дүниежүзілік универсал көрмеге және 1963 жылы металлургтер мен таукен мамандарының халықаралық конференциясына (ГДР) қатысты. 1968 жылы техника ғылымдарының докторы деген ғылыми дәрежеге ие болды, 1972 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Оның еңбектерінің көпшілігі түсті және сирек кездесетін металдарды жаңа технология тәсілдерімен қорыту мәселелеріне арналған. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған.

## **Ғалымтай Сәтбаев**

Ғалымтай Ғазизұлы (1914—1998 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, инженер-геолог, академик Қ. Сәтбаевтың немере інісі. 1931 жылы Ташкенттегі Орта Азия университетінің кен барлау факультетіне түсіп, үздік оқып жүргенде, «байдың тұқымы» деген жаламен оқудан қуылады. Кейін Ленинградтағы Кен академиясына оқуға түсіп, оны 1937 жылы тәмамдайды. Бұдан соң Қазақстанның оңтүстігіндегі Қаратау полиметалл белдеуінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізумен айналысады. Алайда, сол кезде туыстары «халық жауы» деп ұсталып жатқанда, сақтықпен Қырғызстанға кетіп, сонда пайдалы қазбаларды, оның ішінде алтын қорларын іздестірумен шұғылданады. Ғалымтай 1939—1940 жж. Кеңес-Финляндия және Ұлы Отан соғыстарына бастан-аяқ қатысқан жауынгер. Соғыстан елге аман оралған соң, Қазақстанда барлау жұмыстарымен ұзақ жылдар айналысады. Білікті геолог Ғалымтай Оңтүстік Қазақстан облысындағы Кеңсай және Алматы облысындағы Алакөл алтын кені орындарын тұңғыш ашқан-ды.

## **Арықтай Қайыпов**

10.10.1914 ж. бұрынғы Павлодар уезіндегі Аккелін болысының № 7 ауылында дүниеге келген – 25.12.1993 ж. Алматы қаласында қайтыс болған.

Геолог, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1964), профессор (1964), Қазақ КСР ҒА академигі (1972). Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. (1971).

Қазақ металлургия институтын (1939) және аспирантурасын (1943) тәмамдаған. 1943 жылдан Қазақ КСР ҒА-ның Геологиялық ғылымдар институтында қызметкер, 1947—

1964 жылдар аймақтық металлогения секторының меңгерушісі, 1964—1966 жылдары директордың орынбасары, 1970 жылдан рудалы аудандар бөлімінің меңгерушісі болды. Ащысай және Зырянов кендерінде жүргізген зерттеулері жана руда қабатын табуға және кендердің жалпы қорын анықтауға мүмкіндік берді. Оның Жоңғар Алатауында, Шығыстағы Миөзек-Құсмұрын металлогендік аймағында, Солтүстік Қазақстан мен Сарыарқа аудандарында жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде алтынның, мыстың, полиметалдың өндірістік кендерінің төменгі палеозойдағы вулкандық жыныстармен байланыстылығы Қазақстанда алғашқы рет анықталды. Орталық Қазақстанның, соның ішінде Сарыарқаның бесжылдық-металлогендік картасын жасаушылардың және редакторларының бірі болды. Оның басшылығымен II томдық «Металлогения Қазақстана» атты еңбегі жарыққа шықты (1977—1983).

### Ақлима Бисенова

Ақлима Бисенқызы<sup>53</sup> (1914 ж.) – Құлеке... Баян ұрпағы, қоғам қайраткері, медицина ғылымдарының кандидаты (1965 ж.), Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері (1957 ж.), Қазақстанда денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушы қазақ әйел дәрігерлерінің бірі. Москва медицина техникумын (1932 ж.), Алматы медицина институтын (1938 ж.) бітірген. 1934—1939 жж. Жамбыл облысы Талас ауданының Ақкөл ауылында аудандық аурухана меңгерушісі, 1939—1943 жж. Республикалық фельдшерлік-акушерлік мектептің директоры, 1943—1959 жж. Қазақстанның Денсаулық сақтау министрінің орынбасары, 1959—1980 жж. Ана мен баланы

<sup>53</sup> Бисенқызы – дұрысы Бейсенқызы.

қорғау институтының (қазіргі Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы) директоры болды. Бисенова Ақлима Қазақстанда алғаш рет мамандандырылған ревматология, шала туған нәрестелерді жетілдіру бөлімдерін ашты. Екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталды. 3 монографияның авторы, солардың ішінде 1965 жылы шыққан «Ана мен баланың денсаулығын сақтау» атты монографиясы бар.

### **Төлеутай Ақшолоқов**

Төлеутай Қазіұлы (1915 ж.) – Құлеке... Нияз ұрпағы, педагог, профессор, жазушы, Ақшолоқов бидің немересі. Төлеутай Павлодарда жеті жылдық мектепті бітіріп, осындағы мал дәрігерлік техникумға оқуға түседі. Техникумның бірінші курсы аяқтаған соң, 1931 жылы Алматыдағы мал дәрігерлік институтына қабылданады. Бірақ, осы жылда елде ашаршылық нәубетінің белең алуына байланысты оқудан кетуге тура келеді. Содан Павлодарға келіп, «Колхоз» газетінің жауапты хатшысы болып қызметке орналасады. Бұдан кейін Алматыдағы педагогикалық институтқа оқуға түседі. Студенттік шағында әдеби мақалалары «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Қазақ әдебиеті» газеттерінде жарық көреді.



«Қазақ әдебиеті» оқулықтарына Шекспирдің «Гамлет» драмасынан үзінді, Гончаровтың «Обломов» романынан «Обломовтың түсі» атты бөлігін қазақ тіліне аударып береді. 1939 жылы ұстазы Е. Ысмайыловпен бірге қазақ мектептерінің 9-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығын жазып шығарады. Содан кейін белгілі ғалым Қажым Жұмалиевпен бірлесіп жазылған 9-шы сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы қатарынан 27 жыл басылып шықты.

Алматыдағы педагогикалық институтын бітірген соң 1939—1941 жж. Павлодардағы педагогикалық училищеде мұғалім, осы қаладағы Абай атындағы № 10 қазақ орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, директоры қызметтерін атқарады. Одан кейін Алматыда мемлекеттік баспада қызмет істеп жүргенде, Ұлы Отан соғысына алынып, Сталинград түбіндегі шайкастан бастап, Берлинді алғанға дейін жауынгер қатарында болады. Отан соғысы кезінде оның майдангер, қаламдас әріптестері көрнекті акын Қасым Аманжолов пен белгілі журналист Мұса Дінішев болғанды. Сонда шығарған Қасым Аманжоловтың «Төлеутайға» деген арнау өлеңі де бар.

Төлеутай жауынгерлік міндетін 1947 жылы аяқтап, елге оралғансын қайтадан өзінің бұрынғы кәсібі – оқу-ағарту ісіне араласады. Алдымен Павлодар облыстық партия комитетінде лектор болады, облыстық оқу-ағарту бөлімін басқарады. Алматы түбіндегі қазіргі Есік қаласында мектеп директоры болып, содан соң Алматыға келіп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын ашады. Одан кейін «Қазақстан мұғалімі» газетінің редакторы, «Мектеп» баспасының директоры болып қызмет істейді. 1964 жылы диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. 1967 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім проблемалары институты директорының орынбасарлығына тағайындалады. Бұдан соң

ол «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын ашу» деген монографиясын жазып, осы еңбектің негізінде докторлық диссертация да жазады. Алайда, ірі тұлғалы ақын Шәкәрім Құдайбердиевтың «Жақсылардың біріне біреуі қас» [75, 96] деп айтқанындай, Төлеутай Ақшолоақов әлдекімдердің кесепатынан диссертациясын қорғауға екі рет талпынғанымен оны ғылыми кеңеске шығармады. Осылай болса да, оның диссертациялық еңбегі 1975 жылы Москвадағы ғылым-техникалық ақпараттар орталығында таңдаулы педагогикалық еңбектердің қатарына енгізіліп, ол туралы реферат түріндегі материал ЮНЕСКО жанындағы халықаралық ақпараттар орталығына ұсынылды.

Төлеутай Қазыұлы 200-ден астам ғылыми мақала, 6 монография, 1939 жылдан бері 5 «Қазақ әдебиеті» оқулықтарын шығарды. Төлеутай – ұстаздығы, журналистігімен қатар, белгілі аудармашы да. Ол грузин жазушысы Л. Киачелидің «Гводи Бичва», мажар жазушысы А. Томаштың «Азаттық аясында», корей жазушысы Хон Сероянның «Ымырт», даниялық жазушы Иенс Сигсорттың «Жарық дүниеде жалғыз өзі» романдарын қазақ тіліне аударды.

Төлеутай ағамыздың мақтан тұтқан шәкірттері: Кеңес Одағының батыры Құдайберген Сұрағанов, Қазақстанның халық жазушылары Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбаева.

Төлеутай Ақшолоақов «Отан соғысының бірінші дәрежелі» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталды. Сондай-ақ, ол КСРО және Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі, Ы. Алтынсарин атындағы медалдің иегері және профессор деген ғылыми атағы бар.



## Әбілқас Сағынов

Әбілқас Мұсаұлы (1915—2006 жж.) — Сатылған (Тілеуімбет) ұрпағы, кен инженері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі (1970 ж.), Социалистік Еңбек Ері (1971 ж.). 1939 жылы Днепропетровск тау-кен институтын бітірген соң, 1951 жылға дейін Қарағанды көмір шахталары мен тресте басшы қызметте болады.



1951—1955 жж. Қарағанды көмір ғылыми-зерттеу институтының директоры, 1955—1988 жж. Қарағанды политехникалық институтының ректоры. Академик Сағынов — Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының (ҰҒА) Орталық Қазақстан бөлімшесін ұйымдастырушылардың бірі және оның төрағасы. Оның тікелей қатысуымен Қарағандыда ҰҒА-ның жер асты байлықтарын кешенді игеру проблемалары институты құрылды. Ол — 200-ден астам ғылыми еңбектің (оның 10-ы монография) авторы. Оның бұл еңбектері көмір қабаттарын қолайлы жүйелермен өндіруге, жер асты құрылыстарының беріктігін зерттеуге, қауіпсіздік техникасына, т.б. мәселелерге арналған. Сағынов тау-кен жыныстарының механикасы жөніндегі 2-ші (Белград, 1970 ж.) және 3-ші (Денвер, АҚШ, 1974 ж.) Халықаралық конгресстерге қатысып, онда баяндамалар жасады. 7-ші сайланған КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974 ж.), 2 рет «Ленин» орденімен, «Октябрь революциясы», «Халықтар Достығы», «Еңбек Қызыл

Ту» ордендерімен марапатталған. Оның басшылығымен 7 адам докторлық және 51 адам кандидаттық диссертациялар қорғады.

### **Жұмамбек Жандосов**

Жұмамбек Кенжебайұлы (1915—2005 жж.) – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы, қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы (1985 ж.). Баянаула өңірінде көп балалы отбасында дүниеге келген. Ол 1931 жылы орыс мектебінің 6-сыныбын бітіргеннен кейін бастауыш сыныптардың мұғалімі, содан соң аудандық оқу бөлімінің инспекторы болып қызмет істейді. 1940 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін тәмамдады.



1940—1945 жж. ол Қызыл Армия қатарында болды. Ұлы Отан соғысына қатысты. Сталинград шайқасы кезінде жаралы болды. Қарулы күштер қатарынан қайтып оралғаннан кейін партия-кенес жұмыстарында еңбек етті. 1946—1952 жж. Қарағанды облыстық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі, 1952—1960 жж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы, 1960—1982 жж. Республикалық «Білім» қоғамының басшысы, «Қазақкітап» саудасы кеңсесінің басқарушысы

қызметтерін атқарды. Жұмамбек Кенжебайұлы Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, журналистер одағының мүшесі болды.

Жұмамбек ағамыз 70 жасында диссертация қорғап, философия ғылымдарының докторы атанды, профессорлық ғылыми лауазымына ие болды. Зейнеткер жасына жеткеннен кейін де 10 жылдан астам уақыт бойы Республикалық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында дәріс оқыды.

Жұмамбек Жандосов «Мұрагер» қоғамының негізін қалаушылардың бірі және оның басқармасының төрағасы болды. Сонымен қатар, ол 1992 жылы осы қоғамның тоқсанына бір рет шығатын «Мұрагер» атты ғылыми-мәдени альманағына басшылық етті. 60-қа жуық ғылыми еңбектің, 2 монографияның авторы, «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы», «Құрмет Белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталды.

### Имаш Мадин

Имаш Барғанұлы (1915—2001 жж.) – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы, профессор (1980 ж.), қазақтың көрнекті педагог ғалымдарының бірі, педагогика ғылымдарының кандидаты (1958 ж.)

Орта мектепті бітірген соң, 1934—1935 жж. Қазақ КСР Оқу халық комиссариаты бөлімінде хатшы, 1936 жылы Шымкент қаласында қазақ орта мектебінде математика мұғалімі болды. 1940 жылы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітіріп, Павлодар қаласында № 10-шы қазақ орта мектебінде директор болып қызмет істеп жүргенде, Кеңес Армиясына шақырылады. Оның қатарында 1945 жылдың қазан айына дейін болады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ол үнемі санитар нұсқаушысы міндетін атқарады. Берлинді алу үшін шайқаста Рейхстаг ішіндегі жаралы жауынгерлерді сыртқа шығару жолында көрсеткен ерлігі үшін Имаш Барғанұлы Ленин орденімен марапатталады (1947 ж.).



Соғыстан елге оралғаннан кейін 1952 жылға дейін Қазақ КСР Оқу министрлігінің мұғалімдерді сырттан оқыту секторының бастығы, осы министрліктің сырттан оқу ғылыми-методикалық кабинетінің директоры; 1952—1958 жж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында педагогика кафедрасында аға оқытушы; 1977—1992 жж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында педагогика кафедрасының меңгерушісі; 1992 жылдан Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде педагогика кафедрасының профессоры. Оның тікелей басшылығымен 17 адам кандидаттық диссертация қорғады, олардың екеуі кейін ғылым докторы болды. 90-нан астам ғылыми және методикалық еңбектер жазып, жарыққа шығарды, солардың ішінде 3 монография бар.

Қызыл Ту, 1-ші дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және көптеген медалдармен марапатталған.

## Раушан Сәтбаева



Раушан Әбікейқызы (1916—1986 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, қазақ онкологы, медицина ғылымдарының докторы (1972 ж.). Ташкент медицина институтын бітірді (1940 ж.). Алматы қалалық № 2 емхананың дәрігері (1940—1941 жж.).

1941—1963 жж. Алматы медицина инстиутының госпитальдық хирургия кафедрасында ординатор, ассистент, доцент.

1963 жылдан Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының жалпы онкология бөлімінде аға ғылыми қызметкер, ал 1964 жылдан сол бөлімнің меңгерушісі. Раушан Сәтбаеваның 57 ғылыми еңбегі, «Рак пищевода» атты монографиясы бар. Бұл еңбектерінің көпшілігі онкологиядағы хирургия мәселелеріне және қылтамақ ауруының ерекшеліктеріне арналған.

Раушан Әбікейқызының өмірлік жолдасы Әлкей Марғұлан – академик, археолог, тарихшы, филолог, этнограф.

## Хамза Әбілғазин

Хамза Әбілғазыұлы (1919—1980 жж.) – Сатылған (Жансары) ұрпағы, Қазақ КСР-нің еңбегі сіңген мәдениет қызметкері (1975 ж.), қоғам қайраткері.



1938 жылы Абай атындағы Қазақтың педагогика институты жанындағы жұмысшы факультетін (рабфак) бітіріп, сол жылы Қазақтың коммунистік журналистика институтына оқуға түседі. Сонда 2-ші курста оқып жүргенде Кеңес Армиясының қатарына шақырылады. Кеңес үкіметі Германиямен болатын соғысқа дайындық жүргізіп жатқандықтан армия қатарына сауатты командирлер қажет болды. Сонда Хамза ағамыз артиллериялық училищеге оқуға алынады. Әскери училищені бітіргеннен соң оны Ленинград майданына жібереді. Осы майданда жүргенде барлау отрядының командирі Хамза Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласы түбіндегі Лигово (бұрынғы Урицк) поселкесі жанында болған соғыста ерен ерлік көрсетіп, фашистердің артиллериялық оқ ату орынын құртады. Хамзаның осы ерлігі туралы полк командирі, Кеңес Одағының батыры, полковник Петров өзі қол қойып, оның елі Баянауылға хат жолдайды. Хат 1942 жылдың жазында Баянаула тұрғындары жиналған митингіде оқылған еді. Курск доғасында болған сұрапыл шайқаста немістердің «жолбарыс» атанған танкілеріне қарсы көрсеткен табандылығы мен жау-жүректілігі үшін Хамза Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталады. Полковник А.Х. Бабаджанян<sup>54</sup> басқарған артиллерия құрамасының қатарында Днепрді соғыспен өткенде көрсеткен ерлігі мен артиллериядан толассыз оқ жаудыруды

риялық училищеге оқуға алынады. Әскери училищені бітіргеннен соң оны Ленинград майданына жібереді. Осы майданда жүргенде барлау отрядының командирі Хамза Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласы түбіндегі Лигово (бұрынғы Урицк) поселкесі жанында болған соғыста ерен ерлік көрсетіп, фашистердің артиллериялық оқ ату орынын құртады. Хамзаның осы ерлігі туралы полк командирі, Кеңес Одағының батыры, полковник Петров өзі қол қойып, оның елі Баянауылға хат жолдайды. Хат 1942 жылдың жазында Баянаула тұрғындары жиналған митингіде оқылған еді. Курск доғасында болған сұрапыл шайқаста немістердің «жолбарыс» атанған танкілеріне қарсы көрсеткен табандылығы мен жау-жүректілігі үшін Хамза Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталады. Полковник А.Х. Бабаджанян<sup>54</sup> басқарған артиллерия құрамасының қатарында Днепрді соғыспен өткенде көрсеткен ерлігі мен артиллериядан толассыз оқ жаудыруды

<sup>54</sup> А.Х. Бабаджанян – Кеңес Одағының батыры (1944 ж.), бронетанкті әскердің Бас маршалы (1975 ж.).

шебер ұйымдастырғаны үшін Хамза «қолбасшынікі» деп санала-тын «Александр Невский» орденінің иегері болады. Сөйтіп, Хамза ағамыз Павлодар облысы жауынгерлерінің ішінде осы орденді алғаш рет алған адам болады. Маршал А.Х. Бабаджанияның естелік кітабында Хамза Әбілғазыұлының Днепрден соғысып өткенде Александр Невский орденін не үшін алғаны бейнелеп көрсетілген.

Одерді соғыспен өткенде және Зеел биіктігіне батыл шабуыл жасағанда Хамза гвардиялық жеке артиллерия дивизионын басқарады. Осы соғыстардағы ерлігі үшін ол Қызыл Ту орденімен марапатталады. Екінші осындай орденді Берлинді шабуылдау операциясы кезіндегі ерлігі үшін алады.

1945 жылы 8 мамыр күні Хамза ағай Рейхстагтың қабырғасына «Баянауыл – Берлин. Хамза» деп жазады да, оны фотоға түсіріп алады. Бұл фотоны жазушы Қалмұқан Исабаев «Егемен Қазақстан» газетінің 2005 жылғы 3 қыркүйектегі санында өзінің «Рейхстагта қанша қазақ болған» атты мақаласымен бірге жария етті.

Хамза ағай 1946 жылы әскер қатарынан елге оралып, Алматыға келеді. Мұнда төрт жылдай Қазақ КСР Министрлер Кеңесі мен Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитетінде жауапты қызметтер атқарды. 1950—1958 жж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының көмекшісі, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінде мәдениет тобының аға консультанты, 1958—1962 жж. Қазақ теледидар студиясының тұңғыш директоры, 1962—1964 ж. «Қазақфильм» киностудиясының директорының орынбасары, 1964—1972 жж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Республикалық радиохабар және теледидар комитеті басқармасының басшысы болып қызмет істеді. 1972 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының іс басқарушысы болды.

Хамза Әбілғазин 1976 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен, көптеген медалдармен және Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің үш Құрмет грамотасымен марапатталды.

Кейін Хамза Әбілғазинді құрметтеген мейірімді адамдар «ер есімі – ел есінде» деп, оның тұрған үйіне мемориалдық ескерткіш тақта орнатты.

### **Ханиса Сәтбаева**

Ханиса Қанышқызы (1921—15.06.2016 жж.) – Күлеке... Жәдігер ұрпағы, академик Қ. Сәтбаевтың қызы, медицина ғылымдарының докторы (1969 ж.), КСРО-ның денсаулық сақтау үздігі.

1943 жылы Алматы медицина институтын үздік бағамен бітірді. Осы институтта калып, физиология кафедрасында ассистент (1943—1949 жж.), доцент (1950—1966 жж.) болып қызмет істеді. 1971 жылы профессорлық ғылыми лауазым берілді. 1966—1974 жж. Алматы медицина институтында калыпты физиология кафедрасында доцент, профессор қызметін атқарды. 1974 жылдан осы кафедраның меңгерушісі, сонымен қатар 1970 жылдан емдеу факультетінің деканы болды. 1999 жылдан С.Ж. Аспандияров атындағы Қазақтың Ұлттық медицина университетінің валеология курсының меңгерушісі болып қызмет істейді. 200-ден астам ғылыми еңбегі жарық көрді. Олардың ішінде «Внепочечные механиз-





мы осморегуляции» деген монографиясы мен «Адам физиологиясы» атты оқулығы бар.

Ханиса жеке өмірінде белгілі ақын Қайнекей Жармағанбетовке тұрмысқа шығып, бір ұл, бір қыз өсірді. Ұлы Нұрлан филология ғылымдарының кандидаты, қызы Әмина химия ғылымдарының кандидаты.

Ханиса Қанышқызы Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталды.

### Жақан Ержанов



Жақан Сүлейменұлы (1922 ж.) – Күлеке... Талас ұрпағы, қазақтың тұңғыш механигі, Қазақ КСР-ның еңбегі сіңген ғылым қайраткері (1971 ж.), Қазақстан Ғылым Академиясының академигі (1970 ж.). Қазақ кенметаллургия институтын (қазіргі Қазақ Ұлттық техникалық университеті) бітірген (1944 ж.). 1944—1947 жж. Қазақстан Ғылым Академиясының аспиранты, 1947—1949 жж. Қазақстан Ғылым Академиясының Кен

ісі инстиутының инженері, 1949—1951 жж. Қазақ мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, 1951—1960 жж. Днепропетровск кен институтының доценті, 1960—1968 жж. Қазақстан Ғылым Академиясының Математика және механика секторының лаборатория меңгерушісі, Қазақстан Ғылым Академиясының Математика және механика институты

директорының орынбасары және бөлім жетекшісі, 1968—1976 жж. Қазақстан Ғылым Академиясы Президиумының Бас ғылыми хатшысы, 1976—1986 жж. Қазақстан Ғылым Академиясының Жер жөніндегі ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы, 1987—1991 жж. Қазақстан Ғылым Академиясының Математика және механика институтының (қазіргі Теориялық және қолданбалы математика институты) лаборатория меңгерушісі болды. 1991 жылдан Механика және машинатану институтының лаборатория меңгерушісі. Негізгі ғылыми еңбектері жер механикасына, жер асты құрылыстарының беріктігі мен орнықтылығын және сейсмикалық төзімділігін есептеу әдістеріне, жер қойнауындағы сейсмикалық процестерді математикалық модельдеуге, жер қабаты катпарлануының математикалық теориясына, жердің тектоникалық даму механикасына, жердің айналуының жалпы теориясына, т.б. арналған. 200-ден аса ғылыми еңбегі жарық көрді, 7 монографияның авторы.

Жақан Сүлейменұлы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974 ж.), Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

### **Кемел Ақышев**

Кемел Ақышұлы (1924—2003 жж.) – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы, Шорман бидің кенже ұлы Әужанның немересі, қазақ археология ғылымының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер (1989 ж.). Баянауыл поселкесінде дүниеге келген.

1942—1943 жж. Әскери байланыс училищесінің курсанты. 1943—1944 жж. Ұлы Отан соғысы майданында радиостанция бастығы. 1945—1950 жж. Қазақ мемлекеттік университетінің студенті. 1950—1953 жж. Қазақ КСР Ғылым



Академиясының (ҒА) Тарих, археология және этнография институты мен КСРО ҒА-ның Ленинградтағы бөлімшесінің Археология институтының аспиранты, 1953—1955 жж. Қазақ КСР ҒА-ның Тарих, археология және этнография институтының кіші және аға ғылыми қызметкері. 1955—1990 жж. осы институттың археология бөлімінің меңгерушісі, 1991 жылдан бастап Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының бөлім

меңгерушісі, институттың бас ғылыми қызметкері болып қызмет атқарды. 1993—1999 жж. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің археология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеді.

Кемел Ақышұлы Алматы облысындағы Есік обасынан б.з.б. V—IV ғасырлардағы сақ-үйсін дәуіріне жататын әлемдік маңызы зор «Алтын адам» табытын, Бесшатыр (б.з.б. VI—V ғғ.), Отырар жәдігерлерін ашып, зерттеді. Қола, ерте темір дәуірлерінің мәдениеттерін кезеңдеу және мерзімдеу мәселелерін анықтады. Астана қаласы іргесіндегі көне Бұзок қалашығын ашты. Қаақстан тарихының негізгі тұжырымдарын жасауға белсене қатысты. Орталық Азия өркениеті жүйесінде ежелгі Қазақстанның орнын айқындауға елеулі үлес қосты. 230-ға жуық ғылыми еңбек, соның ішінде 14 монография жазған. «Парасат» орденімен марапатталды (1998 ж.).

## Қалмұқан Исабаев

Қалмұқан Исабайұлы (1925 ж.) – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы, Қазақстанның белгілі жазушысы.

Баянауыл поселкасында туған. 1943—1954 жж. Кеңес Армиясы қатарында болды. Әскерден қайтқаннан кейін 1955—1961 жж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеті редакциясында жұмыс істеді. 1961 жылы Қазақ мемлекеттік университетіннің филология факультетін бітірді. 1948 жыл-



дан бастап әңгіме, очерктер жаза бастады. Алғашқы «Баян» деген әңгімелер жинағы 1959 жылы жарық көрді.

1961 жылдың тамызында Қалмұқан ағамыз құрылысы басталатын Ертіс-Қарағанды каналы арнасының бойымен Ермак (қазіргі Ақсу) қаласынан бастап 500 шақырым жаяу жүріп, Қарағандыға жетеді. Осы сапардан алған әсері оның 1962 жылы жарық көрген «Арман арнасымен» атты кітабына негіз болды. Жаяу сапарда оның қолында болған географиялық компас, кертiк белгiлер салынған таяқ, жүрген жолының картасы бүгiнде Павлодардағы Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайында сақтаулы. Содан кейiн ол канал салатын құрылысшылар жұмысқа кiрiскеннен бастап канал салынып бiткенше осы алып құрылыстың шежiрешiсi болады. Оған «Ертіс-Қарағанды каналы құрылысының гвардияшысы» деген атақ берiледi.

«Арман арнасымен» деген кітаптан кейін «Сұңқардың самғауы» (1966 ж.), «Айқыз» романдары, «Бакытты сәттер» атты өмербаяндық повесі (1983 ж.), «Шоң би» және «Айқыз» романдары орыс тілінде Москвада «Зарок» деген атпен, «Серт» атты романы, үш кітаптан тұратын «Шоң би» романы (1993 ж.) басылып шықты. Қалмұқан ағайдың этнографиялық, тарихи және Ұлы Отан соғысына арналған деректі очерктері мерзімді баспасөз беттерінде күні бүгінге дейін басылып келеді.

Қалмұқан Исабаев Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медалдармен марапатталған.

### Гинаят Бекжанов

Гинаят Рахметоллаұлы (1927—24.03.2015 жж.) – Сатылған... Қоныс ұрпағы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген геолог-барлаушысы (1970 ж.). Павлодар облысы, Баянауыл ауданының № 3 ауылында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын Ұлы Отан соғысының бірінші жылында (1941 ж.) Павлодар облысы, Лебяжі ауданының № 23 совхозында оқудан бос кезінде пішен шабу мен оны жинау



бригадаларының есепшісі болудан бастады. 1951 жылы Қазақ кен-металлургия институтының (қазіргі Қазақ ұлттық техникалық университеті) геология-барлау факультетін

бітірді. Содан кейінгі оның ғылыми-өндірістік қызметі Қазақстанның геология министрлігінің мекемелерімен тығыз байланысты болды. 1951—1961 жж. Орталық Қазақстан геология басқармасының аға геологы, 1956 жылдан экспедицияның бас геологы; 1961—1972 жж. Қазақ геофизика тресінің бас геологы, трестің бас инженері; 1975 жылдан Қазақтың минералдық шикізатты ғылыми-зерттеу институтының директоры, сонымен қатар 1987 жылдан «Казнедра» ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директоры болып қызмет істеді.

Финаят Рахметоллаұлы 1992—1996 жж. Қазақстан Республикасының Инженерлік Академиясының Президиум мүшесі, геология бөлімінің төрағасы; 1995 жылдан бүгінге дейін Қазақстан Республикасының Минералдық ресурстар Академиясының Президенті; 1995 жылдан бүгінге дейін Москвадағы Халықаралық Минералдық ресурстар Академиясының бірінші вице-президенті, 1994—1996 жж. Қазақстан Геологиялық қоғамының Президенті, 1996 жылдан бүгінге дейін вице-президенті міндеттерін атқарып келеді.

Ғылыми лауазымдары: Халықаралық Инженерлік Академиясының, Қазақстан Республикасының Инженерлік Академиясының толық мүшесі (академигі), Халықаралық Минералдық ресурстар Академиясының, Қазақстан Республикасының Минералдық ресурстар Академиясының толық мүшесі (академигі); Ресейдің Жаратылыс ғылымдар Академиясының толық шетелдік мүшесі (академигі).

Ғ.Р. Бекжанов көп жылдан бері бүкіл дүние жүзіне белгілі Москвада шығатын «Советская геология» (қазіргі «Отечественная геология») журналының редакция алқасының мүшесі болып келеді. Ол 200-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 7 монографияның авторы. Оның жетекшілігімен 9 ғылым кандидаты, 2 ғылым докторы дайындалды. Ол басқарған Қазақтың шикізатты ғылыми-зерттеу институтынан дүниежүзілік геология ғылымдарына келелі үлес қосқан

КСРО Ғылым Академиясының академигі Ф.А. Летников, осы академияның корреспондент-мүшесі А.М. Дымкин, ғылым докторлары Н.Н. Ведерников, В.А. Нарсеев сияқты санлақ ғалымдар тобы өсіп шықты. Аталмыш институтта Гинаят Рахметоллаұлының басшылығымен геология ғылымдарының бірегей тәжірибе-өндірістік базасы құрылды, оның ішінде КСРО геология саласында алғашқы және өзіне ұқсастығы жоқ граниторлы технологиялық комплекс бар.

Академик Ғ. Бекжановтың ғылыми еңбектері дүние жүзілік геология қоғамдығына кеңінен белгілі. Ол Халықаралық Геологиялық Конгрестің 6 сессиясының жұмысына (Дели, Париж, Киото, Пекин, Прага, Москва), сонымен қатар басқадай халықаралық геологиялық симпозиумдар мен семинарларға қатысып, ғылыми баяндамалар жасады.

Ғ.Р. Бекжанов Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының (1972 ж.), КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1984 ж.) және академик Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлықтың лауреаты (1991 ж.). Ол Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды.

### **Солтан Сәрсенбаев**

Солтан Арынтайұлы (1928—2003 жж.)—Құлеке... Жаулыбай ұрпағы, Қазақ КСР-на еңбегі сіңген гидротехник (1972 ж.). Баянауыл поселкесінде туып, осындағы қазақ орта мектебін бітірген. 1951 жылы Қазақ ауылшаруашылығы институтының сумелиоративтік факультетін тәмамдайды.

1951—1959 жж. Павлодар облыстық су шаруашылығы басқармасында аға инженер, бас инженер; Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы су шаруашылығы басқармасында аға инженер, КСРО ауылшаруашылығы және азық-түлік дайындау министрлігінің Талдықорған облысаралық машина-экс-

каватор станциясының директоры, Талдықорған облыстық су шаруашылығы басқармасының бастығы. 1959—1963 жж. Қазақ КСР Мелиорация және су шаруашылығы министрінің орынбасары, одан кейін оның бірінші орынбасары. 1964—1974 жж. Қазақ КСР Мелиорация және су шаруашылығы министрі қызметін атқарды. 1974—1979 жж. Қызылорда облыстық Коммунистік партия комитетінің екінші хатшысы болды. 1979—1989 жж. Семей облыстық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет істеді.



1989 жылдан КСРО дәрежесіндегі дербес зейнеткер. 1989—1997 жж. ол Қазақстан Республикасының су ресурстары комитетінің творчестволық комитетінің бас инженері болып қызмет атқарды.

Солтан ағай министр болып қызмет істеп жүргенде КСРО мен Қазақ КСР делегацияларын басқарып, Болгария, Япония, Филиппин және басқа елдердің дәмін татты. Ол су шаруашылығы проблемалары жөніндегі көптеген мақалалардың авторы, «Водное хозяйство Казахстана» атты кітаптың редакторы.

Елге сіңірген еңбегі үшін Солтан Арынтайұлы Октябрь революциясы, екі Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, сегіз медалмен, екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктерінің үш алтын, төрт күміс және бес қола медалдарымен марапатталған.



## Дүйсетай Шаймұханов

Дүйсетай Аймағанбетұлы (1928—2006 жж.) – Құлке...  
Өтең ұрпағы, тарих ғылымдарының докторы (1968 ж.).  
Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданына қарасты Жастілек  
ауылында дүниеге келген. Қарағанды мұғалімдер инсти-  
тутын (1946 ж.), қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетін (1951 ж.) бітірген. 1946—1948 жж. Қарағанды  
облысы, қазіргі Бұқар жырау ауданының Үлгі ауылында және  
Семізбұғы руднигінде мұғалім. 1951—1965 жж. Қазақстан  
Компартиясы Қарағанды облыстық партия комитетінің лек-  
торы, нұсқаушысы, хатшысы. 1952—1956 жж. Қазақстан  
лениндік-коммунистік жастар одағының Қарағанды облыс-  
тық комсомол комитетінің хатшысы, 1956—1957 жж. мем-  
лекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағы облыстық  
комитетінің төрағасы. 1960—1962 жж., 1965—1972 жж.  
Қарағанды политехникалық институтының доценті, комму-  
нистік партия тарихы кафедрасының меңгерушісі. Оған 1970  
жылы профессор ғылыми лауазымы берілді. 1974—1982 жж.  
Педагогикалық дене тәрбиесі институтының ректоры. 1982  
жылдан қазіргі академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды  
мемлекеттік университетінің Коммунистік партия тари-  
хы кафедрасының меңгерушісі, тарих және этнография  
кафедрасының профессоры. 100-ден астам ғылыми еңбектің,  
оның ішінде 4 монографияның авторы. Ғылыми еңбектері –  
Орталық Қазақстанда көмір және металлургия өнеркәсібін  
калыптастырудағы Кеңестер Одағы Коммунистік партияның  
басшылығы және Қарағанды-Теміртау көмір-металлургиялық  
комплексінде жұмысшы табының қалыптасуы мен одан  
әрі дамуын зерттеуге арналған. КСРО медалдарымен  
марапатталған.

## **Мүсәпір Жұмабаев**

Мүсәпір Жұмабайұлы (1928 жж.) – Сатылған... Өтеу ұрпағы, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор.

1959 жылы Семейдің зооветеринарлық институтын бітірген. 1959—1960 жж. Павлодар облысы, Баянауыл ауданына карасты Александров атындағы совхоздың бөлімшесінде зоотехник, 1960—1962 жж. Павлодар облысы, Максим Горький ауданындағы Березовский атындағы совхоздың бас зоотехнигі, 1962—1968 жж. Баянауыл мемлекеттік малды асылдандыру станциясының аға зоотехнигі болып қызмет істеді.

1968—1997 жж. Қазақстанның мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институтының аспиранты, кіші ғылыми қызметкері, аға ғылыми қызметкері, еттік мал селекциясы бөлімінің меңгерушісі, еттік малдың жаңа түрлері мен тұқымдары секциясы бөлімінің меңгерушісі болды.

100-ге жуық ғылыми еңбектің авторы, оның басшылығымен 2 аспирант кандидаттық диссертация корғады.

Ең көлемді ғылыми еңбектері: «Методы повышения мясной продуктивности мясного скота на основе использования породы Санта-гертруда» (1993 ж.), «Рекомендации по разведению скота породы Санта-гертруда и ее помесей с местным скотом юго-востока Казахстана» (1997 ж.).

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

## Шамшиябану Сәтбаева



Шәмшиябану<sup>55</sup> Қанышқызы (1930—2002 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Шәмшиябану Баянауыл ауданындағы № 4 ауылда (қазіргі Теңдік) дүниеге келген. 1950 жылы Алматыда Мемлекеттік педагогика институтының филология факультетін бітіргеннен кейін Москвадағы М.В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетте аспирантурада оқыды. 1954 жылы филология ғылымдары бойынша кандидаттық диссертация қорғады. 1954—1965 жж. Абай атындағы Қазақтың педагогика институтының орыс және шетелдер әдебиеттері кафедрасында аға оқытушы, доценттік қызметтерін атқарды. 1965 жылдар М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері. 1971 жылдан филология ғылымдарының докторы, профессор. Шокан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (1990 ж.).

Көрнекті әдебиеттанушы ғалымның жалпы саны 200-ден астам ғылыми еңбегі, олардың ішінде 6 монографиясы бар. 1996 жылы әкесінің шыққан ортасы туралы «Сәулелі әулет» атты кітабын жарыққа шығарды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

<sup>55</sup> Сәтбай қажы әйелінің есімі Күнсұлу болатын-ды. Осы есімнің араб тіліндегі «Шәмсбану» деген тәржімесін Қаныш ағамыз қызына қойған сияқты (күн – шәмс, сұлу – бану).

## Есен Бектұров



Есен Әбікенұлы (1931 ж.) – Сатылған (Танат) ұрпағы, Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген техника және ғылым қайраткері (1986 ж.). Қазақтың Мемлекеттік университетін (1954 ж.) және оның аспирантурасын (1957 ж.) бітірген. 1958–1997 жж. Қазақстан Ғылыми Академиясының Химия ғылымдары институтында полимерлер физ-хим. лабораториясының кіші,

аға ғылыми қызметкері, меңгерушісі (1966–1997 ж.). 1997 жылдан осы институттың бас ғылыми қызметкері. Негізгі ғылыми еңбектері суда еритін және ісінетін полимерлер мен полиэлектролиттердің кешенді түзілуін және физ-хим. қасиеттерін зерттеуге арналған.

Есен Әбікенұлы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (1986 ж.), Халықаралық Хорезм ғылыми және технология фестивалінің (1997 ж.) лауреаты.

500 ғылыми еңбектің, солардың ішінде 17 монографияның авторы, 5 кітабы ФРГ, Япония, Польшада басылып шықты. 7 авторлық куәліктер мен патенттердің иегері. 2000 жылы ғылым мен техниканың дамуына үздік еңбек қосқан ғалымдарға берілетін Мемлекеттік стипендияға ие болды. ЮНЕСКО-ның Н. Бор атындағы алтын медалімен марапатталған (1997 ж.).

## Мейіз Сәтбаева



Мейіз Қанышқызы (1931—2007 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1987 ж.).

Ол Қарағанды облысының Қарсақпай кентінде туды. 1941 жылғы маусымда Сәтбаевтардың отбасы Алматы қаласына көшіп келді. 1949 жылы Мейіз Қанышқызы осында орта мектепті бітіріп, Қазақ кен-металлургия институтының (қазіргі ҚазҰТУ) геология-бар-

лау факультетіне оқуға түсті.

1954 жылы институтты үздік бітіріп, кен инженер-геологы мамандығын алды. Содан кейін 7 жыл бойы Қазақ КСР Геология министрлігінің өндірістік ұйымдарында жұмыс істеді. Мейіз Қанышқызы 1960 жылғы қарашадан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Геология ғылымдары институтында еңбек етті.

Мейіз Қанышқызы 2 монографияның және 78 ғылыми мақаланың авторы. Негізгі ғылыми еңбегі: «Жезқазған рудалары және олардың қалыптасуы» (Алматы, 1985 ж.).

Мейіз Сәтбаеваның ғылыми жұмысы мысты құмдақ тұрпатты кен орындарының кендерін, алғашқы кезекте Жезқазған кен орынын, сондай-ақ Жаман-Айбата, Жыланды топтарын, Айнак кенішін (Ауғанстан) зерттеумен байланысты болды.

Орындалған жұмыстарының нәтижесі кен қалыптастырудың бұдан бұрынғы жүйе құруының белгісіз беттерін ашып берді. Осыған байланысты Мейіз Қанышқызы кен орнының генезисі туралы дәстүрлі емес жаңа бағытқа бет бұрды, оларға ұқсас және жабық кен қазбаларын іздеу мәселесіне барынша ынта қойды. Осының арқасында қазіргі кезде Жезказғанда бағаналы бұрғылауды қолданып терең көлбеу кен орнындағы кен қазбаларын іздестіру жобасы жүзеге асырылуда.

### **Кемер Әшімбетов**



Кемер Мақыұлы (1935—1993 жж.) – Құлеке... Байболат ұрпағы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1979 ж.), мемлекет және қоғам қайраткері, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Ресейдің Кемерово қаласында дүниеге келген. 1952 жылы Павлодар қаласындағы Абай атындағы № 10 казак орта мектебін бітірген. Алматы мал дәрігерлік институтын тәмамдап (1958 ж.), ғалым-зоотехник мамандығын алып

шыққан соң, жолдамамен Павлодар облысы, Железинка ауданындағы «Советский Казахстан» совхозында бас зоотехник болып қызмет жолын бастайды. 1959—1962 жж. Павлодар ауданы ауылшаруашылығы басқармасында мал дәрігері маманы, 1962—1964 жж. Павлодар ауданы ауылшаруашылығы

инспекциясының бас зоотехнигі, 1964—1969 жж. Павлодар облысы, Лебяжі ауданындағы № 23 қой шаруашылығы совхозының директоры болып қызмет істеді. Содан кейін 1969—1980 жж. Павлодар ауылшаруашылығы басқармасында мал шаруашылығы бөлімінің бастығы, Павлодар совхозтехникумында директор болып еңбек етті. 1980—1983 жж. Шарбақты ауданы атқару комитетінің төрағасы, 1983—1989 жж. Павлодар ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы сияқты лауазымды қызметтерді атқарды. 1989 жылы Павлодар облысы партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. 1991—1993 жж. Павлодар облысы шаруалар мен фермерлер ассоциациясының төрағасы, «Тұран-Әлем банкі» Павлодар облыстық басқармасының өндірістік бөлімінің бастығы қызметінде болды.

Кемер Мақыұлы № 23 қой шаруашылығы совхозында директор болып қызмет істеп жүргенде тәжірибе алмасу мақсатымен қой шаруашылығы аса дамыған Австралия және Жаңа Зеландия мемлекеттерінде болды. 1978 жылы 2 қаңтарда КСРО ауылшаруашылығы министрлігі Кемер Мақыұлына Солтүстік Қазақстан биязы жүнді (меринос) қойын шығарғаны үшін авторлық құжат берді.

Еңбек Қызыл Ту үш мәрте «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

Кемер туысымыз бен Тілеулес келініміз жоғары білімді 4 ер бала өсіріп жетілдірді. Кемердің артында қалған ұрпақтары «әке көрген оқ жонар» деп, оның ел таныған еңбегін жалғастырып келеді.

Кемердің кенже баласы Нұржан Павлодар облыстық ауылшаруашылық департаментін басқарды.

## **Сапар Түсіпбеков**

Сапар Түсіпбекұлы (1936 ж.) – Күлеке... Талас ұрпағы, медицина ғылымдарының докторы, профессор.

Павлодар облысы, Баянауыл ауданының ХХІ партсъезд атындағы совхозда (қазіргі Бұқар жырау ауылы) туған. 1960 жылы Қарағанды медицина институтын бітірген. 1960—1967 жж. Қазақ КСР Ғылым Академиясының Еңбек гигиенасы және кәсіби сырқат институты рентгенодиагностикалық лабораториясының аға ғылыми қызметкері, меңгерушісі;

1967—1973 жж. Алматы мемлекеттік дәрігерлерді жетілдіру институтының сәулелі диагностика кафедрасының ассистенті, доценті, меңгерушісі қызметтерінде болды.

Негізгі ғылым еңбектері ауруларды рентген диагностика жолымен анықтауға арналған.

Сапар Түсіпбекұлы гепато-панкреато-дуоденальдық зонаны рентгенорадиологиялық әдіспен зерттеуді ұсынады.

100-ден аса ғылыми еңбектің авторы. Ең маңызды еңбектері: «Руководство по ультразвуковой диагностике заболеваний поджелудочной железы», «Клиническая рентгеноанатомия рентгенометрия поджелудочной железы», «Ультразвуковая анатомия, сонометрия и сонофизиология поджелудочной железы в норме».

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау үздігі.

## **Шаһмұрат Қуанғанов**

Төкешұлы – Шаһмұрат – Күлеке (Талас) ұрпағы, 04.12.1938 ж. Баянауыл ауданы, Ұзынбұлақ ауылында дүниеге келіп, 17.07.2014 жылы Алматыда қайтыс болған.

Қоғам және мемлекет қайраткері қазақ және көне түркі халықтарының тарихын зерттеуші-жазушы.





Шаһмұрат Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясының Горячкин атындағы ауылшаруашылығын механикаландыру және автоматизациялау институтын 1961 ж. бітіріп, инженер-механик мамандығын алған. Ол Мәскеу қаласында алғаш рет қазақ жастарының «Жас тұлпар» атты қоғамын Мұрат Әуезовпен бірге ұйымдастырған. Отыз жылдан астам Қазақ КСР-нің және ҚР

Министрлер кеңесінде, Ауылшаруашылық министрлігінде, ҚР Президентінің аппаратында қызмет атқарған.

Шаһмұрат өмірінің соңғы кезінде тарихи тақырыптарға мақалалар мен кітаптар жазған. Атап айтқанда, оның қаламынан 1992 ж. Алматыдағы «Ғылым» баспасынан «Бұқар жырау және оның заманы», 1997 ж. Алматыда «Ғұн немесе Арғұн тарихы туралы», 2010 ж. Астанада екі томдық, 742 беттік «Арий – гун» сквозь века и пространство: свидетельства, топонимы» атты кітаптары басылып шықты.

Бірнеше медальдармен марапатталған.

### Әділхан Құдайбергенов

Әділхан Нұрғалиұлы (1938 жж.) – Құлеке... Ақша ұрпағы, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

1962 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын, 1971 жылы Алматы педагогикалық шет тілдері институтының аспирантурасын бітірген. 1962—

1965 жж. Павлодар қаласындағы № 3 мектеп-интернатта орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі; 1965—1968 жж. Қазақ КСР Баслитада редактор, аға редактор болып қызмет істеді. 1971—1988 жж. Алматы педагогикалық шет тілдері институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент, 1988—1992 жж. Алматы педагогикалық шет тілдері институтында Қазақстан кафедрасының меңгерушісі; 1992—1999 жж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының проректоры; 1999 жылдан Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болды.



Әділхан Нұрғалиұлы 40-тан астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 5 монографияның авторы. Негізгі еңбектері: «Культурно-просветительские учреждения Казахстана» (1988 ж.), «Учебно-методический комплекс по истории Казахстана» (1997 ж.).

### **Бақыт Біләлов**

Бақыт Дінмұхамедұлы (1938 ж.) – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы, Омск облысы, Любинск ауданы Любинск станциясында қыркүйек айында дүниеге келген, Баянауыл округінің аға сұлтаны, полковник Мұса Шормановтың шөпшегі. Қазақ политехникалық институтының геология факультетін бітірген (1962 ж.). Еңбек жолын Қарағандыда Химия-металлургия институтының көмір геологиясы зертханасында инже-

нер болып бастайды. Содан кейін 1962—1963 жж. Қарағанды көмірді ғылыми-зерттеу институтында аға инженер қызметін атқарды. 1964—1965 жж. Қарағанды кен іздеу экспедициясында геолог, отряд бастығы болды. 1967 жылы Қарағанды политехникалық институттың аспирантурасына түсіп, осында 1971 жылға дейін геология кафедрасының ассистенті, тау-кен факультеті деканының орынбасары қызметтерін атқарды.

1972 жылы геология-минералогия ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болды. 1972—2005 жж. Қарағанды политехникалық институттың геология кафедрасында аға оқытушы, доцент, меңгеруші, профессор болып қызмет істеді. 2005 жылы диссертация қорғап, геология-минералогия ғылымдарының докторы болды.

Бақыт Біләлов 2002 жылдан Қазақстан Республикасының Минералды ресурстар Академиясының академигі.

1 монографиясы, 2 оқу құралы және 100-ден астам ғылыми мақалалары жарияланды.

«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» және «Жер қойнауын барлаудың үздігі» белгілерімен марапатталған.

### Ахат Жақсыбаев

Ахметжан (Ахат) Имантайұлы (1940 ж.) – Құлеке... Байболат ұрпағы, жазушы, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1991 ж.), Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер (2007 ж.).

Павлодар қаласында дүниеге келген. 1958 жылы Павлодарда № 9 қазақ орта мектебін бітірген. 1958—1960 жж. Екібастұз қаласында № 1 көмір разрезінің дренажды шахтасында кен жұмыскері болып істеді. 1960—1965 жж. Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқыды. 1965—1967 жж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»)



газетінің әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі, 1967—1972 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі, 1972—1992 жж. «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысы, 1993—1997 жж., «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 1998—2000 жж. «Ақиқат» журналының бас редакторы қызметтерін атқарды. 2001—2007 жж. Республикалық балалар басылымдарының («Ұлан», «Ақ желкен», «Балдырған», «Дружные ребята») басын

кұрайтын «Жас өркен» ашық акционерлік қоғамның президенті болып қызмет істеді. Шығармалары: «Менің достарым» (1968 ж.), «Қайырлы таң» (1970 ж.), «Бозарал» (1973 ж.) повестері, «Егес» (1975 ж., орыс тілінде 1978 ж.), «Бөгет» (1981 ж., орыс тілінде 1984 ж.), «Қорған» (1991 ж.), «Қайтпас қайсар» (2002 ж.) романдары, «Балалық пен даралық» әңгімелер жинағы (2006 ж.), «Жаны жайсаң жақсылар» естеліктер, сапарлар, ой-толғамдар жинағы (2006 ж.) жарық көрген. Г. Р. Хаггардтың «Маргарет ару» (1986 ж.) романын, Рой Медведевтің «Сталиннің серіктері» (1993 ж.) кітабын, В. Астафьевтің «Өмір өткелдері» повесін қазақ тіліне аударған.

1971 жылдан бері Жазушылар одағының мүшесі, 1976 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, ал 1993 жылы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болып сайланады.

Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

2016 жылы «Парасат» орденінің иегері болды.

## Елтай Зәркешев

Елтай Ғапықұлы (1940 ж.) – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы, медицина ғылымдарының докторы, профессор.

І-ші Ленинград мемлекеттік медицина институтын бітірген.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде физиология кафедрасының меңгерушісі, әрі ғылыми-өндірістік лабораторияның жетекшісі.

Оның еңбектерінің теориялық-ғылыми бағыты негізінен стресті, неврозды және гипотермиялық жағдайда бас миы клеткаларының электрофизиологиясын, шартты рефлекторлы, сенсорлық ақылдың өзара әрекет жасауы мен нервті және иммунды механизмдердің өзара резистенті әрекеттерін зерттеуге, зиянды экологиялық факторлардың адам денсаулығына әсерін тексеруге арналған.

Ғалым жер қыртысын жануарлардың биологиялық масса қалдықтарынан тазарту проблемасын шешіп берді. Ол Қазақстан мен Орта Азияда биологиялық анаэробтың, яғни өсімдіктер мен жануарлардың шіруінен пайда болатын органикалық заттарды ауаның қатынасысыз тазартудың жаңа технологиясын жасап шығарды. Оның органикалық қалдықтарды, оның ішінде мал шаруашылығы комплекстеріндегі қалдықтарды пайдалану туралы еңбегі Қазақстан Республикасы үкіметінің 2030 жылға дейінгі жоспарына енді.

1999 жылдан Елтай Ғапықұлы Солтүстік Қазақстан облысы университеті мен Қазақстан Республикасы Инженерлік



Академиясының ғылыми-техникалық қызметтерін творчестволық жолмен өзара көмектесе әрекет жасау сарапшы кеңесінің мүшесі.

150-ден астам ғылыми еңбектің, 3 монографияның, 2 оқулықтың, 5 өнертабыстың авторы.

КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын медалімен марапатталған.

### **Галина Нұғыманова**



Галина Жамантайқызы (1943 ж.) – Алтынторы... Деріпсалы ұрпағы, 1985—1990 жж. Қазақ КСР Жоғары Кеңесі төрағасының орынбасары болған.

Қарағанды облысы Тельман ауданындағы Астаховка ауылында дүниеге келген. Сол кезде жасы алпысты алқымдап қалған Іңкәрбекұлы Жамантай балалары шетіней берген соң ырым етіп көрші орыс тамырынан жаңа туған нәрестеге ат қойып беруді сұрайды. Сонда

ол қызыңның есімі Галина болсын деген.

Галина еңбек жолын 1960 жылы Теміртау қаласы жанындағы Ақтау поселкесінің пәтер үй-коммуналдық мекемесінде есепші болудан бастайды. Содан кейін «Қарағандыцемент» өндірістік бірлестігінің уатқыш цехында жұмысшы болып істейді. Еңбек етіп жүріп, 1964 жылы Қарағанды индустриялық техникумын тамамдап, тех-

ник-технолог мамандығын алады. 1964 жылы Ақтау поселкесіндегі Қарағанды асбест-цемент бұйымдары зауытының шифер цехының технологы болып қызметке орналасады, 1966 жылы осы цехтың экономисі қызметіне ауысады. 1974 жылы Галина Жамантайқызы осы зауыттың кәсіподақ комитетінің төрайымы болып сайланады.

1980—1993 жж. Теміртау қаласының Гагарин аудандық халық депутаттары кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, Ақтау поселкелік кеңесі атқару комитетінің төрайымы қызметтерін атқарады.

Ақтау поселкесінде қызмет істеп жүргенде Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнының кешкі бөлімшесін бітіріп, инженер-экономист мамандығын алады. Галина қарындасымыз күндіз Ақтаудағы жұмыста болып, кешкілік Теміртауға оқуға барып жүргенде жасы 100 асқан Жамантай әкесі бір сәт оның шаршаған жүзін көре қалса: «Қызым, қабағың келіспей тұр ғой. Қайсарлығың кайда?», – деп үнемі дем беріп отырады екен. Жамантай атамыз 104 жасында 1989 жылы дүниеден өтті.

1985 жылы 11-шы сайланған Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланады.

Галина Жамантайқызы 1993 жылдың қараша айында Теміртау қалалық әкімшілік басшысының орынбасары болып тағайындалады.

2000 жылдан Галина Нұғыманова дербес зейнеткер. Қазіргі кезде ол Қарағанды облысы әкімінің Ақтау поселкесі бойынша кеңесшісі болып, әлі де қоғамдық жұмыстың қарбаласында жүр.

Галина қызы Дана мен ұлы Ардақты тәрбиелеп өсірді; бүгінде Ардан, Аяулым, Айжан, Айдар есімді немерелерінің қызығын көріп отыр.

## **Ойрат Дүйсенбаев**

Ойрат Дүйсенбайұлы (1943—2006 жж.) – Сатылған (Танат) ұрпағы, Ішкі істер министрлігінің (ІІМ) генерал-майоры, Қазақ КСР ІІМ-нің еңбек сіңірген қызметкері.

Павлодар облысы, Баянауыл поселкасында туған.

1958—1966 жж. Баянауыл совхозында слесарь, шофер, Майқайың поселкасында шофер, № 2 Баянауыл автобазасында механик, автоколонна бастығы болып жұмыс істеді. 1966—1969 жж. Кеңес Армиясы қатарында болды. 1969—1984 жж. Павлодар облысы Май аудандық ішкі істер бөлімінде инспектор, Павлодар облыстық ішкі істер басқармасында бөлім бастығы, қылмысты іздеу бөлімі бастығының орынбасары болып қызмет істеді.

1976 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін, 1983 жылы КСРО ІІМ-нің Академиясын бітірді.

1984—1986 жж. Екібастұз қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы, 1986—1992 жж. Павлодар облысы ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, Қазақ КСР ІІМ-нің сақтық қызметі басқармасының бастығының орынбасары, Жамбыл облысы ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары сияқты жоғары лауазымды қызметтер атқарды. 1992—1998 жж. Павлодар облысы ішкі істер басқармасының бастығы болып қызмет істеді. 1998 жылдан Қазақстан Республикасының Шығыс аймағы бойынша автомобиль жүргізушілерінің Орталық Кеңесі одағының кеңесшісі болды.

## **Қайролла Рахимов**

Қайролла Дүйсенбайұлы (1948 ж.) – Сатылған (Танат) ұрпағы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, КСРО өнертапқышы, Қазақстан Республикасы мемлекет-





тік сыйлығының лауреаты (2007 ж.), ҚР ҰҒА-ның академигі (2017 ж.).

Алматы мемлекеттік медицина институтын (1972 ж.), Қазақтың онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасын (1978 ж.) бітірген.

1972—1975 жж. Алматы қаласында орталық клиникалық ауруханада дәрігер-хирург; 1978—1987 жж. Қазақтың онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында

да ісікке қарсы препараттармен алдын алу клиникалық фармакология лабораториясының кіші ғылыми қызметкері, аға ғылыми қызметкері; 1978—1991 жж. осы институттың фармакология лабораториясында аға ғылыми қызметкер; 1991—2000 жж. С.Д. Асфендияров атындағы Қазақтың мемлекеттік медицина институтында фармакология кафедрасының аға оқытушысы, доценті, профессоры; 2000—2002 жж. осы институттың жалпы және клиникалық фармакология кафедрасының меңгерушісі, 2002 жылдан Қазақстан медицина институтының Орталық биологиялық тексеру сертификасы және клиникалық алдын ала сынау лабораториясының директоры.

Қайролла Дүйсенбайұлы «Қазақстан Республикасында фармацевтік өндірісті дамыту үшін өзіндік фитопрепараттарды дайындау және өндіріске енгізу» жөніндегі Республикалық ғылыми-техникалық кеңестің және Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссия жанындағы теориялық медицина және фармациялық сарапшы комиссиясының мүшесі.

Оның басшылығымен 3 докторлық және 20 кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Қ. Д. Рахимов «Фармацевтический бюллетень», «Фармация Казахстана», «Биотехнология. Теория и практика», «Новое в медицине и фармации» журналдарының редакциялық кеңесінің мүшесі.

500-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 21 монографияның авторы, Қазақстан Республикасының 94 авторлық куәлігі мен патентін алған, сонымен қатар 27 рационализаторлық ұсыныстар енгізді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

### **Габбас Бектұров**

Габбас Хамзұлы (1949 ж.) Сатылған (Таңат) ұрпағы, Павлодар қаласында дүниеге келген. Павлодарда педагогикалық институтының физика-математика факультетін тәмамдаған (1974 ж.),

1974—1979 жж. Павлодар қалалық комсомол комитетінің 2-ші хатшысы болып қызмет істеді. 1979—1980 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясының философия және құқық институтында ғылыми қызметкер міндетін атқарды.

1980—1984 жж. КСРО Ғылым академиясының философия институтының аспиранты, 1984 ж. осында диссертация қорғап, философия ғылымдарының кандидаты деген



ғылыми дәрежеге ие болды. 1984—1987 жж. Алматыдағы философия және құқықинститутының ғылыми хатшысы; 1987—1991 жж. Алматы облыстық партия комитетінде инструктор, бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1992—1996 жж. Алматыда «Қазақ бизнес орталығында» Қазақстан Италия бірлескен кәсіпорынның бас директоры, 1996 жылдан Американдық «Access Industries» компаниясының Қазақстандағы өкілділігінің басшысы.

«Құрмет» орденімен марапатталған.

### Еркін Анафин



Еркін Халелұлы (1950 ж.т.) – Алтынторы (Әнәпия) ұрпағы. 1972 ж. Алматыдағы Қазақ политехникалық институтын және КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Халық шаруашылық академиясын 1990 ж. оқып бітірген. Еңбек жолын Ақсу ГРЭС-да жөндеу цехының инженері болып бастаған. 1981—1987 жж. «Екібастұзэнерго» өндірістік бірлестігінде бас директордың экономикалық мәселелер бойынша орынбасары болды.

1987—1998 жж. ҚР Энергетика министрлігінде басқарма бастығы және министрдің орынбасары болып қызмет атқарды. 1998—2000 жж. «KEGOC» Акционерлік қоғамында коммерциялық директор, 2001 жылдан кейін «АСПМК-519» ЖШС Халықаралық жобалар бөлімінің даму бойынша ди-

ректоры болып қызмет істеді. 2007—2009 жж. «Солтүстік – Оңтүстік 500 кв жоғарғы вольтты» желісінің құрылысы жобасының басшысы болды.

2011—2012 жж. Еркін Халелұлының басшылығымен Мойнақ ГЭС-ның жобалық қуатын қамтамасыз ететін ұзындығы 27 шақырым болатын, ені 220 кв жоғарғы вольтты желілер; 2012—2013 жж. Ұзындығы 320 шақырым болатын 500 кв «ЮКГРЭС-Алма» жоғарғы желісі салынды. «Құрмет» орденінің иегері.

### **Жамбыл Артықбаев**

Жамбыл Омарұлы (1959 ж.) – Құлеке... Үмбет ұрпағы, тарих ғылымдарының докторы (1997 ж.), профессор (2000 ж.).

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Жаңақала ауылында өмірге келген. 1984 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетін, 1989 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының аспирантурасын бітірген. 1984—2003 жж. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, археология, этнология және Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарихи этнология зертханасының меңгерушісі қызметтерін



атқарды. 2003 жылдан С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде археология, этнология және тарих кафедрасының меңгерушісі болып істейді.

Негізгі ғылыми еңбектері XV—XIX ғғ. қазақ қоғамының этноәлеуметтік мәселелеріне арналған.

Ең ірі жарық көрген еңбектері: «XIX ғ. екінші жартысындағы Солтүстік-Орталық Қазақстан қазақтарының этноәлеуметтік құрамы» (1989 ж.), «XIX ғ. Қазақстан тарихы» (1992 ж.), «Бұқар жырау» (1994 ж.), «Бұланты шайқасы» (1998 ж.), «Қаз дауысты Қазыбек би» (2000 ж.), «Бөгенбай батыр» (2007 ж.), «Малайсары тархан» (2008 ж.).

### Нұрлан Ержанов

Нұрлан Тельманұлы – Құлкеке (Талас) ұрпағы, 26.08.1962 ж. Қарағанды қаласында дүниеге келген, биология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Мәскеу табиғат зерттеушілер қоғамының толық мүшесі, Ресейдің ғылыми зоологиялық қоғамының толық мүшесі.

Академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін тәмамдаған (1984 ж.). 1984—1985 жж. Е. Бөкетов атындағы ҚарГУ-дің коллоидтік химия және экология кафедрасының инженері, 1985—1991 жж. аға оқытушысы, 1992—1994 жж.



Зоология кафедрасының меңгерушісі, 1994—1998 жж. Биология-география факультетінің деканы, 1998—2000 жж. оқу ісінің проректоры, 2001—2004 жж. Бірінші проректор болды. 2004 жылдан С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің инновациялар, жаңа технологиялар жөніндегі проректоры. 2015 жылдан осы университеттің ғылым жөніндегі проректоры.

400-ге жуық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің, соның ішінде 5 монографияның авторы.

Құрмет грамотасымен және медальдармен марапатталған.

### Алтынбек Нұхұлы



Алтынбек Нұхұлы (1962 ж.) – Күлеке... Жәдігер ұрпағы, химия ғылымдарының докторы (1995 ж.), профессор (1998 ж.), «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2001 ж.), еліміздің химия ғылымдарының дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым.

Біздің ініміз Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы академик Қаныш Сәтбаев атындағы ауылда туған. Алматыдағы Қазақтың мемлекеттік университетінің химия факультетін үздік аяқтап (1984 ж.), кандидаттық диссертация қорғады. Ал 32 жасында докторлық диссертация қорғап, Қазақстандағы ең жас

ғылым докторы атанды. Еңбек жолын 1984 жылы Қазақтың мемлекеттік университетінің зертханасында бастады, одан кейін Иваново қаласындағы Химиялық-технологиялық институтта профессор В. П. Васильевтің жетекшілігімен қоспалардың химиялық термодинамикасының проблемаларымен айналысты. 1984—2001 жж. Әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінде лаборант, ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде бас маман, бөлім бастығы қызметтерін атқарды. 2001 жылдан оның қызметі Павлодармен тығыз байланысты. А. Нұхұлы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметінде болды, 2003—2006 жж. Қарағанды қаласындағы көпсалалы гуманитарлық-техникалық және Павлодардағы Инновациялық Еуразиялық университеттерінің ректоры қызметтерін атқарды. 2016 жылдың 16 мамырынан профессор Алтынбек Нұхұлы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институттың ректоры болып тағайындалды.

Алтынбек ініміз қоғамдық қызметтермен де белсенді айналысады: ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі химия және химиялық технологиялар бойынша сарапшы кеңесінің мүшесі, Нью-Йорк Ғылым Академиясының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Инженерлік Академияның Павлодардағы филиалы төрағасының орынбасары, «Наука и техника Казахстана» журналының бас редакторы, Ертістің Павлодар өңірінде этностық-мәдени саланың қайта жаңғыруы мен дамуы процесіне елеулі үлесін қосқан көптеген жобаларды әзірлеп, жүзеге асырушылардың бірі. Ол «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытқаны үшін» белгісімен марапатталған. Оның еңбек қазынасында 300-ден аса ғылыми жұмыстар бар. Олар — ғылыми мақалалар, монографиялар мен оқулықтар, химиялық

сөздіктер мен патенттер, республикалық, облыстық, қалалық баспасөз беттерінде жарық көрген әртүрлі тақырыптағы жарияланымдар.

Алтынбек Нұхұлының ғылыми таңдауы мен талғамы – физикалық химия және электрохимия. Ол унитол негізінде ісікке қарсы және залалды вирустарға қарсы синтезді зерттеулер мен ғылыми жаңалықтардың авторы. Термодинамика мен кинетиканың өзара қарым-қатынасы шеңберіндегі зерттеулері антидоттық терапияда кең қолданылатын биологиялық әсерлі дәрмектерді синтездеуге теориялық негіз болып табылады. Бұл ауыр металды демеркуризациялау және қауіпсіздендіру кезінде тиімді пайдаланылады. Оның ғылыми ізденістері біздің аймақтағы экологиялық мәселелерді тиімді бағытта шешуге ықпал етуде. Ғалымның қатысуымен шетелдік өнімдерді айырбастай алатын өртке төзімді жабдықтарды әзірлеудің жаңа технологиясы жобаланды. Ол физикалық-химиялық бағыттағы ғылыми мектептің жетекшісі болып саналады.

Алтынбек Нұхұлының 300-ден астам ғылыми еңбегі жарияланды. Ең ірі жарық көрген еңбектері: «Исследование комплексообразующей способности унитиола» (1998 ж.), «Синтез, очистка и дентификация комплексных соединений унитиола» (2002 ж.).

### **Фархад Қуанғанов**

Фархад Шаһмұратұлы 01.01.1968 ж. Баянауыл ауданы, Ұзынбұлақ ауылында дүниеге келген.

Алматыдағы республикалық физика математика мектебін аяқтағаннан кейін, 1987—1992 жж. Қазақ политехникалық институтында оқып, инженер-системотехник мамандығы бойынша диплом алды. Еңбек жолын 1987 ж. «Казгипросель-





хоз» институтында техник қызметінен бастаған. 1992—1993 жж. Қазақстан Ғылым академиясының информатика институтында инженер, 1993—1995 жж. АБ «Тұранбанк» инженері, бас маманы, 1995—1996 жж. ҚР Мемлекеттік даму банкі директорының орынбасары, Мемлекеттік экспорт-импорттық банкісінде ақпараттандыру департаменті директорының орынбасары, 1996—1997 жж. ҚР Президенті жанындағы Жоғарғы экономикалық кеңестің бас expertі, 1997 ж. ҚР Стратегиялық жоспарлау агенттігінде бөлім бастығы, 1997—1999 жж. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің арнайы бағдарламалар басқармасының бастығы, 1999—2003 жж. ҚР Мемлекеттік қызмет агенттігінің департамент директорының орынбасары.

2001 ж. Токио қаласында Ұлттық институттың саяси зерттеу бөлімінде оқып, мемлекеттік басқару магистрі атағын алды.

2003 ж. ҚР Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік — экономикалық секторының меңгерушісі, 2003—2005 жж. ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі болды. 2005—2006 жж. ҚР Премьер-министр кеңсесінің әлеуметтік-мәдени бөлім меңгерушісі, 2006—2007 жж. ҚР Премьер-министр кеңсесі басшысының орынбасары. 2007—2008 жж. ҚР Білім және ғылым вице-министрі, 2008—2010 жж. Білім және Ғылым министрлігінің жауапты хатшысы, 2010—2014 жж. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары. Бүгінгі күні «Нұр Отан» партиясының идеологиялық мәселелер жөніндегі хатшысы.

Фархад Шаһмұратұлы қазақ, орыс, ағылшын тілдерін біледі, жапон сөйлеу тілін және француз тілін сөздік арқылы игерген.

Бірнеше медальдармен марапатталған.

### **Нұржан Әшімбетов**

Нұржан Кемерұлы – Құлеке (Байболат) ұрпағы, 26.06.1969 ж. Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Черное ауылында дүниеге келген. Алматыдағы зоотех.-малдәрігерлік институтын (1993 ж., Қазақ ұлттық агр. Университетті), Алматы экономика және статистика институтын (2002 ж.) бітірген. 1993—1999 жж. Павлодар қаласындағы «Сәуле» концернінде бас маман, «Мақсат» жастар тұрғын үй кооперативінің маманы, «Карана» корпорациясының кеңесшісі, «РЕМЕК» фирмасының директоры, «Кемер» агрофирмасының директоры болып істеген. 1999—2008 жж. Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары, Лебяжье ауданының әкімі, Павлодар облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы, ҚР Президенті әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы, 2009—2012 жж. Петропавл қаласының әкімі қызметін атқарды. 2012 жылдың 1 ақпанынан бастап Павлодар облысы әкімінің ауылшаруашылық жөніндегі орынбасары, 2016 жылдан бастап Павлодар қаласының әкімі.



«Құрмет» орденімен және медальдармен марапатталған.

## ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ ДӘРЕЖЕСІ БАР ҚАРЖАСТАР:

**Адилов** Қайыржан Нәукебайұлы – Бабас (Сарғалдақ) ұрпағы, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі.

**Айтқожин** Қабдұлсамих Көшекұлы – Құл (Құдайберген) ұрпағы, заң ғылымдарының докторы, профессор.

**Байкенова** (Шарапатов) Гүлжан Ғаусылқызы (1963 ж.т.) – Сатылған (Таңат) ұрпағы, химия ғылымдарының докторы.

**Дүйсебаев** Орманбет Құлмағанбетұлы (1944 ж.т.) – Ақша (Атан) ұрпағы, техника ғылымдарының докторы.

**Қасенов** Болат Қоңырұлы (1946 ж.т.) – Бабас (Бапақ) ұрпағы, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткер (2005 ж.).

**Қасенова** Шұға Болатқызы (1970 ж.т.) – химия ғылымдарының докторы.

**Сұлтанбаев** Еркін Амантайұлы – Құл (Тілеміс) ұрпағы, география ғылымдарының докторы.

**Рүстембеков** Кенжебек Түсіпұлы (1944 ж.т.) – Құл (Құдайберген) ұрпағы, химия ғылымдарының докторы, профессор.

**Төлеуов** Бораш Игілікұлы (1960 ж.т.) Бабас (Жанақ) ұрпағы, химия ғылымдарының докторы.

**Мұхтарова** (Жүніспекова) Шакира Мұқанқызы (1953 ж.т.) – Құл (Құдайберген) ұрпағы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, жоғары оқу орнының «Үздік атқарушысы» грантының иегері (2009 ж.), 120-дан аса ғылыми жұмыстың авторы (оның ішінде екі монография).

**Әлінова** Мәнсия Шарапатқызы – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы, педагогика ғылымдарының докторы.

**Қайыпов** Мәлік Арықтайұлы (1956 ж.т.) – техника ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент – мүшесі, 1998 жылдан АҚШ-та жұмыс істейді.

**P.S.** Жоғарыда есімдері аталған II ғылым докторларының қысқаша өмірбаяндары мен фотосуреттері жеме-жемге келгенде қолға түспеді.



## Баянауыл вальсі

*Әнін жазған: Нұрғиса Тілендиев  
Сөзін жазған: Қабдікәрім Ыдырысов*

Көрдiң бе сен, Баянның шын-күздарын,  
Кеудесiнде ойнаған жұлдыздарын?  
Көрдiң бе сен, Баянның баурайында,  
Жайраң қағып, жайнаған ұл-кыздарын?

*Қайырмасы:*

Таулары биік айбынды,  
Көлдері мөлдір айдынды.  
Қыздары көркем май гүлі,  
Баянның  
Ұлдары көпке әйгілі.

Асқақтатып Ақбеттен Баян әнін  
Жер сұлуын келсе егер аялағың, —  
Жасыбайдың көлінде сайран салып,  
Саяла сен жұпарлы сая бағын.

*Қайырмасы.*

Баянаула басында күн аумайды,  
Көл бетінде күлімдеп нұр ойнайды.  
Алматыдан алыстау демесендер,  
Алатаудан Баяным бір аумайды.

*Қайырмасы.*

## VIII. МЕККЕГЕ БАРҒАН ҚАРЖАСТАР

- Иса Шорманұлы – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы.  
 Сәтбай Шөтікұлы – Құлеке... Жәдігер ұрпағы.  
 Сатай Жәдігерұлы – Құлеке... Жәдігер ұрпағы.  
 Асыл Қырбасұлы – Құлеке... Жәдігер ұрпағы (2 рет барған).  
 Баймұрын Байтілесұлы – Құлеке... Жылкелді ұрпағы.  
 Сағындық Шадайұлы – Құлеке... Жылкелді ұрпағы.  
 Жұмабай Қашқынбайұлы – Құлеке... Малкелді ұрпағы.  
 Екібас Шүкейұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
 Бақтыбай Бәкіұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
 Махамбет Құтыбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
 Жантемір Еркебұланұлы – Сатылған... Өтеу ұрпағы  
 (2 рет барған).  
 Сағын Тілеуберліұлы – Сатылған (Тлеуімбет) ұрпағы.  
 Кенбай Шалабайұлы – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы.  
 Аймағанбет Кенжеалыұлы – Құлеке... Бабас ұрпағы.  
 Ержан Жарқынбайұлы – Құлеке... Талас ұрпағы.  
 Дүйсебай Кеменгерұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
 Құттыбай Өтекұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
 Жанысбай Құттыбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
 Таймас Шоманұлы – Сатылған (Қоныс) ұрпағы  
 (2 рет барған).  
 Ақбесік Жанысбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
 Жәми Алтайұлы – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы.  
 Әбділда Жарылғапұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
 Халел Хамзеұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
 Әбу Ақпанұлы – Құлеке... Бабас ұрпағы.  
 Ерлан Олжатайұлы – Құлеке... Нияз ұрпағы.  
 Жарылғапберді Жұмабайұлы – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы.  
 Хамзе Әмірханұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.

- Молдабек Жарылғапұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
Сыздық Өтебайұлы – Құлеке... Жаулыбай ұрпағы.  
Нөгербек Байкүшікұлы – Құлеке... Бабас ұрпағы.  
Бәлтеш Бұғыбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
Жақып Токбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
Қашқынбай Малкелдіұлы – Құлеке... Малкелді ұрпағы.  
Ғалым Серғазыұлы – Құлеке... Талас ұрпағы.  
Зікірия Жанбайұлы – Алтынторы... Кедейбай ұрпағы  
(2 рет барған).  
Қаткен Жанахметұлы – Құлеке... Нияз ұрпағы.  
Мақсұт Тапырбайұлы – Құлеке... Нияз ұрпағы.  
Алтын Сұңғатқызы – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы.  
Болат Мәсіғұтұлы – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы.  
Рымкеш Сапарбекқызы – Құлеке... Нияз ұрпағы  
(2 рет барған).  
Кәрімтай Өкпеұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.  
Гүлбарам Слямбекқызы – Құлеке... Жәдігер ұрпағы.  
Бибану Арғынқызы – Сатылған... Қожамберді ұрпағы  
(4 рет барған).  
Қабыкен Әбілғазыұлы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.  
Кәрім Бекболатұлы – Құлеке... Бабас ұрпағы.  
Шерияздан Байкемпірулы – Құлеке... Құл  
(Құдайберген) ұрпағы.  
Қапса Рақымқызы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.  
Уахит Қалиоллаұлы – Сатылған... Қожамберді ұрпағы.  
Мәкеш Алпысқызы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.  
Ырымжан Боранбайқызы – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы.  
Шаймерден Мұсабекұлы – Құл (Құдайберген) ұрпағы.  
Шоман Қазанұлы – Сатылған (Қоныс) ұрпағы.  
Қармыс Байтікұлы – Ойым (Өтен) ұрпағы.  
Шонтыбай Дәкекұлы – Құлеке (Малкелді) ұрпағы.  
Бәймен Шонтыбайұлы – Құлеке (Малкелді) ұрпағы.

Мәрия Нұрмағанбетқызы – Алтынторы (Бұқар жырау) ұрпағы.

Ниязбек Әшірбекұлы – Сатылған (Тілеуімбет) ұрпағы.  
(2 рет барған).

Досмағанбет Құттыбайұлы – Құлеке (Ақша) ұрпағы.

Әйтей Шақаұлы – Құлеке (Бабас) ұрпағы.

Күлік Жантөбетұлы – Алтынторы (Мәмбетәлі) ұрпағы.

Анапия Күлікұлы – Алтынторы (Мәмбетәлі) ұрпағы.

Ниязбек Күлікұлы – Алтынторы (Мәмбетәлі) ұрпағы.

Сайлау Мәлікұлы – Анай (Жәдігер) ұрпағы.





## IX. ҚАРЖАСТЫҢ БАТЫРЛАРЫ

**Жолымбет Алтынторыұлы** – XVII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген, Бұқар жыраудың атасы, Есім ханның қол бастаған батыры.

**Анай Теліұлы** – Қаржастың шөбересі, Тәуке ханның уәзірі болған батыр.

**Елшібек Тілеуұлы** – Құлеке (Тілеу) ұрпағы. Бұқар жырау «Қалданменен ұрысып» деп басталатын толғауында қазақ батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, т.б. есімдерін атай келіп, солардың ішіне Елшібек батырды да қосып, «Тілеуден шыққан Елшібек» деп жырлайды. Бұл өлең жолы жарық көрген Бұқар жырау шығармаларында «Тігеден шыққан Естербек» деп қате жазылып жүр.

**Қалқаман Жолымбетұлы** – Бұқар жыраудың әкесі, Тәуке ханның бас сардары болған. Қалқаман батыр қалмақтармен соғысып жүргенде ерлік өліммен опат болады. Оның мүрдесі Павлодар қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 38 шақырым қашықтықтағы оның есімімен аталатын Қалқаман тұзды көлінің күншығыс жағасында.

**Нияз Анайұлы** – Баянаула өңіріндегі қазіргі Мұрынтал мекені жанындағы тау оның құрметіне Ниязтау деп аталады. Бұл жер турасында Жанак ақынның өлеңінде:

Бір тау бар оған таяу Нияз деген,  
Басшы қып талай қазақ соңынан ерген.  
Кешегі қазақ-қалмақ соғысында,  
Нияздың батырлығын әркім көрген, –

деп жырланады [20, 212].

**Мырзақұл Анайұлы** – Шорман би әулетінің атасы. Мырзақұл батыр турасында Мәшһүр-Жүсіптің шығармасында мынадай өлең жолдары бар:

Анайдан бесеу туды ел көбейіп,  
Бақ қонды Мырзақұлға шырай қонып.

**Жәдігер Анайұлы** – Шөтікұлы Сәтбай қажы әулетінің атасы. Бүгінге жеткен әңгіме бойынша Мырзақұл батыр бір шайқастан соң қалмақтардың қолына түсіп, жау қолында жатқанда, артынан кенже інісі Жәдігер іздеп барған екен. Сол кезде Жәдігер небәрі 14 жаста болыпты. Мұндай батылдық көрсеткен батыр баланың жүрек жұтандығына риза болған қалмақтар, ағасын тұтқыннан босатып қана қоймай, Жәдігерге қыздарын да қосып береді [78, 20].

**Сәти Мырзақұлұлы** – XVII ғ. аяғы – XVIII ғ. бірінші жартысында өмір сүрген батыр. 1723 жылдың көктемінде тұтқиылдан Жоңғар шапқыншылығына ұшыраған Қаржас ұрпақтары Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау өңіріндегі мекендерін тастап, жан сауғалап Тәжікстандағы Ходжент қаласы маңына барып қоныстанады. Осы жерден 1729 жылы Сәти батырдың бастауымен қаржастар өздерінің төр жайлауы болған Сарыарқаның Баянаула аймағына көшіп келеді. Сонда Сәти батырдың Қызылтау бөктеріне алғаш рет киіз үй құрған жері «Сәти тасы» деп аталып кетеді [43, 5].

**Жауқашты Мәмбетұлы** – XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген қазақ-қалмақ соғысының батыры.

**Шоқпар Жауқаштыұлы** – қазақ-қалмақ соғысында Орта жүз әскерінің бас сардары болған Айдабол ұрпағы Олжабай батырдың ержүрек батырларының бірі.

**Тілеке Құлұлы** – Құлеке... Анай ұрпағы, XVIII ғасырдың бірінші жартысында Олжабай батырмен бірге қалмақтар басып алған қазақ жерін басқыншылықтан босату жолындағы соғыстарға қатысады.

**Жайнақ Базарұлы** – Құлеке... Үмбет ұрпағы, қалмақтың туын құлатқан батыр. 1754 жылы Жетісуда Жоңғар қалмақтарымен соғысып жүргенде опат болады. Ол қаза болған жер қазір «Жайнақ тауы» деп аталады.

Жайнақтың баласы Тайынша да батыр болған. Ол турасында ел аузында көптеген әңгімелер бар.

**Есенаман Жиенәліұлы** – Құлеке... Ақша ұрпағы. «Есенаман батыр атанған, бес қатын алған. Бәйбішесі қалмақ қызы, аты – Көкіш. Мұнан үш бала бар: Қарашора, Төлеп, Байшағар. Онан соңғы қатынынан: Өтеке, Ботыш. Бір қатыннан – Бокбасар, бір қатынынан – Тақай, Тәтей. Бір қатыннан бала жоқ. Қарашорадан – Бекен; Бекеннен – Қожан, Масақ.

Өтекеден он екі ұл бар. Қарабас бәйбішеден алтау кенжесі Шөкей, онан Екібас қажы. Тоқалдан төртеу, төртеудің бірі – Құтыбай. Құтыбайдан: Дос, Махамбет қажы, Жанысбай», – деп жазады Мәшһүр-Жүсіп Көпеев [96, 168].

**Есенаман Жұманұлы** – Сатылған ұрпағы, Абылайхан заманында қазақ халқын қалмақ жаугершілігінен қорғаған батырларымыздың бірі, жорықтарда Бәсентиін ұрпағы Сырым батырмен үзеңгілес болған.

**Сейтен Азнабайұлы** – патшалы Ресейдің қазақ жеріне еніп, қазақтың еркін дамуына кедергі ететініне көзі жетіп, Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық соғысқа алғашқы болып қатысып, оған өте жақын жолдас болған. Сейтен батыр Шоқан Уәлихановтың дерегі бойынша Кенесарының соғысын қолдау үшін сарбаздарына аттарын жаратып береді [20, 286]. Ал, Мәшһүр-Жүсіп бұл турасында: «Азнабайдың Сейтені мен Тайжаны әкесінен қалған малды Кенесары ханның әскеріне тарту-таралғы қылды», – деп жазған [20, 286].

Жоғарыда VI тарауда Сейтен батыр патша үкіметінің қолына түсіп, Омск қаласындағы соттың шешімімен Сібірге жер аударылғаны жөнінде айтылған болатын-ды.

**Тайжан Азнабайұлы** – Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілістің батыры, Сейтен батырдың туған інісі. Патша үкіметі Сейтен батыр қолға түскен соң Баянауыл

округінің Кенесарыға қосылып кеткен қазақтары өздерінің ауылдарына қайтады деген ойда болған. Бірақ олардың ойы бола қоймады. Сейтен батырдың орнына інісі Тайжан батыр шығып, патша отаршыларының жазалау отрядтарына қарсы соғысқа қатысады. Алайда, ол да осы соғыста мерт болады.

Кенесары хан өзінің сарбаздарына: «Мен мақсатыма жету үшін Құдайдан Орта жүзді бер деп сұрадым, екінші, жау жүрек батырларды сұрадым, үшінші, Аккошқар мен Алдажұманды, Азнабайдың Сейтені мен Тайжанын сұрадым. Құдай бұл тілегімді берді. Бұлардың жылқысы менің әскеріме мінетін ат болды, ішетін ас болды деп есептедім. Сондықтан бұлар менің досым, мен бұлардың досымын. Өздерің білесіндер, бұлар Құдай еркелеткен адамдар. Құдай еркелеткен адамдарды мен де еркелетуім керек, мен Құдайдан үлкен емеспін», – деп айтқан екен [79,203].

**Сынтыбай (шын есімі – Сынтай) Шегірулы** – Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің батыры (Жәдігер батыр ұрпағы).

**Қарағай Манақұлы** – Құлеке... Ақша ұрпағы, Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілістің батыры.

**Сармантай Шықыұлы** – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілістің батыры. Кенесары туралы Мұса Шорманұлының әңгімесін кезінде академик Әлкей Марғұлан жазып алған екен. Осы жазбада: «Хан сол күні жүз басы батырларды шақырып алып, жарлық естіртеді. Жарлық естуге жиналғандар: Сүйіндік Жанайдар батыр<sup>56</sup>, Шұбыртпалы Ағыбай батыр, Қанжығалы Тастан батыр,

<sup>56</sup> Жанайдар батыр – бұл батырды кейбір авторлар Қаржастың Жәдігер ұрпағы деп санайды [20, 289]. Ал, осы кітапта берілген Жәдігер ұрпақтары ішінде оның есімі айтылмайды. Дегенмен, жоғарыда «Сүйіндік» деп жазылуына қарағанда, оның Мейрам соны ұрпағы екені анық.

Қаржас Сармантай батыр, тағы басқалар бар», – деген дерек сөз болды [79, 198, 203].

**Наманай Қазыбекұлы** – Талас. Именке ұрпағы, Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілістің батыры. Наманай батыр туралы Мұса Шорманұлының қолжазбасында мынадай дерек бар: «Бұл қалың қолдың ішінде Кенесарының Жамбы бастаған батырларының көбі бар еді. Мысалы: Сүйіндік Жанайдар батыр, Шұбыртпалы Ағыбай, Атығай Аңғал батыр, Қанжығалы Тастан батыр, Қаржас Сармантай батыр, Талас Наманай батыр (ханның атшысы) және басқа батырлар бар» [79, 201].

## **Х. ӘЗІРЕТ СҰЛТАНҒА ЖЕРЛЕНГЕН ҚАРЖАСТАР**

Мырзақұл Анайұлы – Құлеке ұрпағы. Күшік Сәтиұлы – Мырзақұл ұрпағы. Байкісі Сәтиұлы – Мырзақұл ұрпағы. Жанкісі Сәтиұлы – Мырзақұл ұрпағы. Азнабай Ақмырзақұл – Мырзақұл ұрпағы.

Жарылғап Бітіұлы – Сатылған (Таңат) ұрпағы. Күлен би Бекбайұлы – Сатылған (Таңат) ұрпағы.

Сәти батыр Мырзақұлұлының Күшік, Байкісі, Жанкісі деген үш баласы жас жігіт кезінде Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің дерегі бойынша шешектің асқынған түрі Қорасанмен ауырып, бір күнде қайтыс болады. [96, 129]. Осы үшеуі бақилық болған жер (Еспе<sup>57</sup> өзенінің бойында) ел аузында «Үш қасқа» деп аталып кетеді.



<sup>57</sup> Еспе өзені Баянауыл поселкесінің оңтүстік-шығысындағы қазіргі Лекер ауылының жанында.

## **XI. ӘУЛИЕ, ДИУАНА, ҚАЗІРЕТ, ҚАЛКЕ, ТӘУІП, АБЫЗ, ПІРӘДАР, МОЛДАЛАР**

1. Жұпар әулие Қалқаманқызы – Алтынторы (Жолымбет) ұрпағы.
2. Ақбесік молда Жанысбайұлы – Құлеке (Ақша) ұрпағы.
3. Ақыл молда Сеңгірбайұлы – Құлеке (Құдайқұл) ұрпағы.
4. Әбжалап әулие Бейсенбайұлы – Құлеке (Жәдігер) ұрпағы. Жұматай (Әбжалап) әулие 1918 ж. 14 ақпанда Мәшһүр Жүсіптің қайын атасы Шегебай қажының Құрмандоңғалақ ауылында 82 жасында қайтыс болған. Мәшһүр Жүсіп әулиені өз қолымен жерлеген. Қазір әулиенін сүйегі жатқан жер Баянауыл ауданындағы Торайғыр ауылдық округіне қарайды.
5. Әли диуана Дүйсенбайұлы – Бұқар жырау ұрпағы.
6. Бәймен диуана Шонтыбайұлы – Құлеке (Малкелді) ұрпағы.
7. Бопи молда Ташмағанбетұлы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.
8. Бейсен молда Ташмағанбетұлы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.
9. Досмағанбет қазірет Құттыбайұлы – Құлеке (Ақша) ұрпағы. Троицк қаласында Зейнолла қазіреттің медресесінде оқыған. Туысқаны Ақбесік Жанысбайұлының ауылында медресе ұстап, бала оқытқан.
10. Екібас молда Шүкейұлы – Құлеке (Ақша) ұрпағы. Түркістандағы Қарнақ медресесінде оқыған.
11. Жақып (1863—1930 жж.) әулие Токбайұлы – Құлеке (Ақша) ұрпағы. Зираты Тобылжан кенті (Успен ауданы) маңайында.

12. Жақып молда Оңайбекұлы – Жәдігер ұрпағы.
13. Жансары әулие Бөгенбайұлы – Күлеке (Нияз) ұрпағы.
14. Жапар тәуіп Шолжақұлы – Күлеке (Ақша) ұрпағы.
15. Жаулыбай әулие Ойымұлы – Күлеке ұрпағы.
16. Жұмабай молда Қашқынбайұлы – Күлеке (Малкелді) ұрпағы.
17. Зікірия әулие Жанбайұлы – Алтынторы (Тасболат) ұрпағы, меккеге 2 рет барған.
18. Мыңбай тәуіп Тәтейұлы – Күлеке (Бөгенбай) ұрпағы.
19. Мөр тәуіп Атанбекқызы – Сатылған (Таңат) ұрпағы.
20. Нұрахмет қазірет Есберліұлы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.
21. Көшер молда Есжанұлы – Күлеке (Ақша) ұрпағы.
22. Садық молда Танашұлы – Сатылған (Жансары) ұрпағы. Түркістандағы Қарнак және Троицкі қаласындағы Зейнолла қазіреттің медресесінде оқыған.
23. Садық молда Шоқайұлы – Күлеке (Кұл) ұрпағы.
24. Тастанбек қалпе Қараталұлы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.
25. Тұранәлі молда Құрманұлы – Күлеке (Малкелді) ұрпағы.
26. Шұғайып қалпе Кененбайұлы – Ойым (Жаулыбай) ұрпағы. Бұхара, Ташкент қалаларындағы медреселелерде дәріс алған.
27. Шолшак пірәдар Қотырашұлы – Күлеке (Ақша) ұрпағы.
28. Ыбырай молда Садықұлы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.
29. Кешубай абыз Тасболатұлы – Алтынторы ұрпағы.
30. Зейлекбар молда Аушахмаулы – Өтебай ұрпағы.
31. Жұмаш молда Жолдыбайұлы – Кұл (Кұдайберген) ұрпағы. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бірінші ұстазы.
32. Есжан әулие Тұрымбайұлы – Жолымбет (Жүзбай) ұрпағы.



## XII. ҚАРЖАСТЫҢ АТАҚТЫ ЖИЕНДЕРІ

### Шоқан Уәлиханов

Қазақтың ұлы ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклорист, ағартушы, демократ Шоқан Шыңғысұлының анасы Зейнеп – Қаржас... Мырзақұл ұрпағы Шорман бидің 1816 жылы дүниеге келген қызы.

Орта жүз ханы Уәли қазақтың белгілі биі Шорманды оның 14 жасынан білетіндігі тарихи шындық. Осы жасында Жұмабай (лақап аты – Шорман) Уәли ханның алдында даулы бір мәселені қаржастардың пайдасына жеңіп алады. Осы оқиға жөнінде Шоқан Уәлиханов: «Чорман, обладая редким даром слова, 14 лет от роду был уже родоначальником – бием и в одном тяжёбом процессе славно защитил своих родичей перед лицом хана Вали», – деп жазады [63, 309].

Осы Шоқан айтқан ел арасындағы дау турасында халық аузында мынадай әңгіме бар.

Осы Шоқан айтқан ел арасындағы дау турасында халық аузында мынадай әңгіме бар.

Қожы төре бастап келген Қуандық<sup>58</sup> адамдары Қаржас ұрпақтарынан мал барымталамақ болғанда, түн ішінде айқас



<sup>58</sup> Қуандық – Мейрам соның үлкен баласы.

орын алып, ұрылардан үш адам өлген екен. Бірі – Қожының өзі. Осы туралы Уәли хан қаржастарға мол құн айып салыпты. Осының негізсіз екенін дәлелдеу үшін бір топ Қаржас адамы ханға барғанда, Жұмабай былай деп суырылған екен: «Таксыр, Сабалақ тұңғыш рет жауға шауып, мұқым казакка ерлік үлгісін көрсеткенде он бесте екен. Мен қазір Сабалақтың сол жасындамын. Жауын жеңіп келген Сабалақты Бұқар жырау сақалының ақтығына қарамай, аттан түсіріп алып, маңдайынан сүйіп, ақ батасын беріпті. Артынан Абылайхан атанған Сабалақ ұрпағының озып кетуіне Бұқар батасының игілігі жоқ деп кім айтар. Ал, Абылай – Сіздің әкеңіз, Бұқар – менің атам. Босағаңызға келіп жатқанымызға көп болды. Үкібай<sup>59</sup> ағам сырттан ылғи қамығып қайтады. Мен ол кісінің жүзінен Сіздің мені менсінбегеніңізді аңғарамын. Мансабына қарамай, ақылына қарап елеу өткен заманның озықтығы ма, әлде сол әдеттен айрылған осы заманның тозықтығы ма? Он бес жасарға қол бастатқан кешегі заманның кемдігі ме еді, әлде он бес жасарды табалдырықтан әрі тепкен бұл заманның кергігені ме еді? Құлыннан – арғымақ, жастан – болашақ көрмеу заманның озықтығы ма еді, әлде ханының тозықтығы ма еді? Ханның қаһары қараға жүргенмен халыққа жүрмейді. Менің соңымда осы жақтан көз алмай отырған халқым бар. Бір ауыз сөзге дат!...».

Осыдан кейін хан райынан қайтып, қаржастар құн төлемейтін болыпты.

Хан өз шешімін жұрт алдында айтқаннан кейін, Жұмабайды жанына отырғызып, бетінен сипап, енді сен қаржастардың төбе бала биі болдың депті. Даудан ұтып оралғаннан кейін 1720 түтіннен тұратын мұқым қаржастарға төбе би болып сайланады да, «Бала би» атанады. Қаржас ұрпақтарында Шорманға дейін ешкім де би болмаған [80, 42].

<sup>59</sup> Үкібай – қаржастарды Уәли ханға бастап барған би.

Содан кейін Уәли ханға болашағы көрініп тұрған бала Жұмабай ұнаса керек. Сондықтан Уәли хан Шорманды үнемі каперінде ұстап, оның Баянаула өңірінде атақ-дәрежесі өскеніне сырттай разы болып отырады. Соның нәтижесі болар, Зейнеп өмірге келгеннен соң, Уәли хан көзінің тірісінде казаки дәстүрмен Шорманмен кұдаласып, баласы Шыңғысқа Зейнепті айттырып қояды [81, 11].

Сонымен, 1834 жылы Шыңғыс Омск қаласындағы Сібірлік линиядағы казак әскери училищесін бітіргеннен кейін Зейнеп Уәли ханның кіші әйелі Айғанымның қолына келін болып түседі [81, 11].

Шыңғыс пен Зейнептің отбасында 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Златоуст ауылдық округіндегі Күнтимес<sup>60</sup> ауылында Шоқан (шын есімі Мұхамедханафия) өмірге келді.

Сөз соңында Шоқан Уәлихановқа қатысты айта кетуге тұрарлық бір мәселе бар. Ол – Шоканның орыс тілінде 1984—1985 жылдары шыққан 5 томдық шығармалар жинағын дайындау барысында, академик Әлкей Марғұланның айтуынша, Қазақстан ғалымдары Санкт-Петербургтағы Ресейдің әскери мұрағатына рұқсат болмай кіре алмағандығы. Сөз жоқ, Шоқан орыс офицері болғандықтан, ол туралы материалдар әскери мұрағатта да бары анық. Сондықтан, келешекте соларды іздестіріп, қажетке жаратуды ұрпақтарымыздың бірі орындаса құба-құп.

### Сәкен Сейфуллин

Сәкен (шын есімі – Садуақас) Сейфоллаұлы (1894—1938 жж.) – ХХ ғасырдағы казак әдебиетінің негізін салушы ақын, жазушы, 1922—1925 жж. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кенесінің төрағасы.

<sup>60</sup> Қазіргі баспасөз беттерінде жазылып жүргендей Шоканның туған жері Құсмұрын бекінісі емес.

Сәкеннің анасы Жамал Тышанбайқызы – Құлеке... Бабас ұрпағы. Жамалдың ата-тегі былайша өрбиді: Қаржас – Құлеке – Телі – Әлімбет – Қасаболат – Бабас – Жанак – Үсен – Байкүшік – Тышанбай.

Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи-мемуарлық романының «Баянауылға келу» деген тарауында: «...Баянауыл тауының ішіндегі нағашымды іздеп келемін...», – деп жазады [59, 298]. Енді осы шығарманы



негізге алып, Сәкеннің нағашылары қай атадан екенін анықтап көрелік.

Аталмыш шығармада С. Сейфуллин: «Жеңгей олармен қосылып, нағашымды менің долбарыммен нұскалап тапты.

– Нағашыңның тірісінің аты Илияс дейсің... Илиястың әкесінің аты Қасқабас болса, ол – Ботбай Илияс, Жүністің Илиясы ғой, – деді [59, 306].

Нағашым тез, оңай табылғанына қатты қуандым», – деп жазады [59, 307].

Жоғарыда есімі аталған Қасқабас Тышанбайдың баласы, Сәкеннің анасы Жамалдың ағасы болып келеді. Ал, Жүніс пен Илияс – Қасқабастың балалары.

Бұдан әрі Сәкеннің жазғандары: «Нағашымның ауылын анықтап сұрап алдым... [59, 309].

Үйшіктің сыртында нағашым Илияс отыр екен. Қапсағай буырыл сақалды шал... Илияс нағашым өте кедей. Бар малы – көтерем, қыршаңқы көк шолақ ат, орнынан әрең тұратын қоңыр өгіз. Төрт-бес ешкі, бір бұзаулы сиыр. Бұл малға қарап

отырған жан: кемпір мен шал, баласы жиырманьң ішіндегі жігіт – Рақыш... [59, 311].

Нағашымның енді бір үйі – Ілиястың ағасы Жүністікі Ақмола – Қарқаралы уездері жақ шеттегі Қаржас елінің ішінде екен. Баяннан жүз шақырым жерде. Жүніс өзі кемпірімен өлген. Жүністің жалғыз баласы Мұқай сол Қаржас қайын жұртына барып отыр екен... [59, 312].

Былай шығып, шалды өз ауылына кейін қайтарып, жолды анықтап сұрап, қағазға жазып алып, өзім жалғыз Мұқай нағашым отырған ауыл қайдасын деп жүріп кеттім» [59, 313].

Жоғарыда айтылған Рақыш пен Мұқай осы кітаптағы Бабас бұтағында бар Жүніс пен Ілиястың балалары.

Содан кейін Сәкен Сейфуллин романда Қаржас ұрпағы Балабай туралы сөз қозғайды [59, 314-315]. Осы Балабай деген адамның әкесі Токболат пен Жамалдың әкесі Тышанбай бір-біріне шөпшек туыс болып келетінін осы кітаптағы Бабас атадан байқауға болады.

Сонымен, жоғарыда келтірілген сөз дәйектерді қорытып айтсақ, Сәкеннің нағашысы Қаржастың Бабас бұтағынан тарайтын Тышанбай деген адам екені еш күмән тудырмайды.

Сәкеннің анасы Жамал өте ақылды және көрікті әйел болған көрінеді. Сәкен көбіне нағашы жұртына тартқан [82, 6]. Бұл пікірді Сәкеннің інісі Мәжит кұрастырған «Қызыл сұңқар» атты естелік кітаптан да кездестіруге болады. Онда автор: «Біздің нағашы атамыз Тышанбай қара нардай қайыспас тік мінезді, шешен, болыс болған кісі еді. Сәкен шешеміз Жамалдың туған інісі, нағашы атамыз Әбішке тартқан. Сәкеннің өзі шешеме Жамалкем, мен кімге ұқсаймын деп, мұртын шиырып сұраса, ол Әбіш інімнен аумайсың деп жауап қататын еді, оған Сәкен өзінше бір марқайып қалатын», – деп жазады [83, 54–55, 75].

Жалпы айтқанда, Сәкеннің нағашы жұртына ұқсастығы туралы бұдан да басқа деректер бар. Мәселен, бұл жөнінде

жазушы Сейділ Талжановтың «Сейфолланың Сәкені» атты хикаятында да бірнеше мәрте айтылады. Осы хикаятта Жамал апамыздың Сәкенді өз ағайындарына ұқсатып, баласын қатты жақсы көретіні туралы қызықты деректерді кездестіруге болады.

### Токтар Әубәкіров



Токтар Оңғарбайұлы (1946 ж.) – қазақтың тұңғыш ғарышкері, техника ғылымдарының докторы (1998 ж.), профессор (1997 ж.), Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы (1990 ж.), авиация генерал-майоры (1992 ж.), Кеңес Одағының батыры (1988 ж.), Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы (1995 ж.), Қазақстан Республикасының ұшқыш-ғарышкері (1995 ж.), XX ғасыр саңлағы.

Токтар Әубәкіров 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде қонбай ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады.

1989 жылы бірінші болып авиатасушы крейсердің алаңқайшасына «МиГ-29 к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ, ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшып, 10 қазанда жерге оралды. Ол Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, Отандық Қарулы күштердің

әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты.

Тоқтар Әубәкіровтың анасы Камия Еңсебайқызы – Қаржас... Сатылған ұрпағы. Қамияның генеологиялық түзілісі былайша болады: Қаржас – Бегім – Сатылған – Танат – Қожамберді – Томаш – Шобай – Толыбай – Суат – Еңсебай.

Тоқтар Оңғарбайұлы өз анасын «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісіне берген сұхбатында: «Маған мақсатқа жетуді анам үйретті. Жоғары білімді болмаса да, ішкі мәдениеті мен жан дүниесі келіскен сондай асыл адамның маған қаншама ізгі қасиетті қалай дарытып үлгергеніне қайран қаламын. Айналаңдағы адамдарға жақсылық жаса, жасағаның өзіңе жақсылық болып қайтады. Саған қайтпаса, балаңа қайтады. Әйтеуір, жақсылық ізсіз кетпейді дейтін еді анашым», – деп, толғанып есіне алады [91, 9].

Тоқтардың нағашысы Берік Кенжетаев (Қамияның немере бауыры Маукеннің баласы) 1994—2003 жж. Екібастұз қалалық әкімшілігінің финанс бөлімінің бастығы болып қызмет істеді. Қазір Павлодар қаласында еңбек етеді.



## *ТҮЙІН СӨЗ*

Сонымен, Тәңірге шүкір, көп жыл жан-жақты толғанып қолға алған кітап жазылып бітті. Осы орайда ашығын айтар болсақ, аталмыш кітапты жарыққа шығаруда автордың негізгі мақсаты Қаржас руының шежіресін жазу емес-тін. Рас, ондай кітапты жазу егде тартқан бір кісінің іждаһатымен орындалмайтыны белгілі. Себебі, жеке бір рудың шежіресіне арналған кітапта, менің пайымдауымша, біратадан тараған еркек жынысты адамдардың тізбесінен басқа, сол рудың мазмұнды тарихы, мәдени-шаруашылық әдет-ғұрыпы мен әлеуметтік-рухани болмысы сөз болуы керек. Сондықтан, автор Қаржас бабадан төрт ғасыр ішінде өсіп, өрбіген ер адамдардың генеологиялық түзілімін ғана жасап, кітапты «Қаржас ұрпақтары» деп атады.

Тағы бір оқырмандарға айта кететін жайт: кітапта кейбір есімдердің қате жазылып кетуін, сонымен қатар кейбір аталар ұрпақтарының тегіс қамтылмауын дұрыс түсінген жөн. Дегенмен, осы кітаппен Қаржас шежіресінің негізі қаланды деп айтуға әбден болатын сияқты.

Бүгінгі әрбір Қаржас ұрпағы осы кітаптан өзінің ата-тегін анықтап алып, түзілімде кездесе қалған кем-кетікті өзі де жөндеп аларына еш күмән жоқ.

Алдағы уақытта кітапты ұмыт болған есімдермен жаңғырту және ХХІ ғасырда өмірге келген ұрпақтармен толықтыру Қаржастың келешек ұрпақтарының міндет-парызы демекпін.

Бұл кітапта қазіргі жас өспірім баланың Қаржас бабасына дейін 12—15 атасының есімдері бар. Мысалы, осы кітап авторының 15 жастағы немересі Даниал мен Қаржастың арасында мына аталар бар: Қаржас – Құлеке – Телі – Әлімбет – Дәулет – Байболат – Малкелді – Есенбай – Дәкек – Шонты-



бай – Жақсыбай – Имантай – Серік. Демек, Даниалдың төрт гасырда 13 атасы болған, яғни 100 жылға 3 атадан келеді.

Қорыта айтқанда, тегін білу – тектіліктің белгісі. Қазір «тегімді білсем» дегенге «тек жүр» деп ұрысатын заман өтті. Енді әрбір ұрпақ өзінің туыстарын, ағайындарын танып біліп, алдымен солармен сыйластық қатынас орнатуы шарт. Өйткені, бабаларымыз: «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жанынан түңілер» деп тегін айтпаған ғой. Сайып келгенде, адамның бақыты мен көп өмір сүруі осы сыйластықпен де тығыз байланысты екендігі ғылыми тұрғыдан да айтылып жүргенін білеміз. Сондықтан ұрпақтарымыз қазақи туыскандық, жақындық байланыстың тарихи сабақтастығын үзбей әрі қарай жалғастырулары тиіс.

Ағайындармен, туыс-туғандармен береке-бірлік жолында байланыс жасау туралы да Құран Кәрімде көп айтылған. Мысалы, Мұхаммед сүресінің 22—23-аяттарында туыскандық байланысты нақақтан-нақақ үзіп тастаған адамдарға Алладан рақым болмайтындығы ескертіледі [97, 453]. Ниса сүресінде:

«Ата-аналарыңа, туыс-туғандарыңа жақсылық жасаңдар» (36-аят), ал Хужмұрат сүресінде: «Ағайын арасының бұзылмауын ойлаңдар» (10-аят) деп жазылған.

Ылайым, біздерді Ата-Бабаларымыздың рухы желеп-жебеп жүрсін. Әумин!



## Пайдаланылған әдебиеттер мен мұрағат қорларының тізімі

1. Геродот. История в девяти книгах. Ленинград, «Наука». 1972.
2. Жаксыбаев С.И. Қазақтың түп тегі туралы. Павлодар, «ЭКО», 2005.
3. Қуанғанов Ш.Т. Ғұн немесе Арғын тарихы туралы. Алматы, «Білім», 1997.
4. Тынышпаев Мухамеджан. История казахского народа. Алматы, «Санат», 1998.
5. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі. Алматы, «Жалын», 1993.
6. Омаров И.О. Арғын ұруларының қысқаша шежіресі. Қарағанды, 1991.
7. Таракты Акселеу. Балталы, Бағаналы ел аман бол. Алматы, «Қазақ университеті», 1993.
8. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, «Қазақ университеті», 1991.
9. Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. Москва, «Гураш», 1992.
10. Валиханов Ч.Ч. Собрание соч., том 1. Алма-Ата, 1984.
11. Сәрсекеев Медеу. Таракты және Қаракесек шежіресі. Алматы, «Атамұра», 1995.
12. Сатпаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре. Алма-Ата, «Наука», 1989.
13. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, 1992.
14. Алихан Букейхан. Избранные сочинения, 1 книга. Алматы, «Өлке», 2002.
15. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. Алматы, «Қазақстан», 1992.
16. Шакарим Кударберды-ұлы. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. Алма-Ата, «Жазушы», 1990.
17. Қазақ Совет энциклопедиясы, 8 том. Алматы, 1976.
18. Лубсан Данзан. Алтан тобчи. Москва, «Наука», 1973.
19. Әуелбек Қоңыратбаев. Қазақ халқының этногенезісі. //«Ақиқат», Алматы, 1992, № 11.
20. Алпысбес М.А., т.б. Көне Коктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы. Астана, «Парасат әлемі», 2005.
21. Мәшһүр-Жүсіп Көнеев. Таңдамалы. 2-том. Алматы. «Ғылым», 1992.
22. Шәкерім Құдайбердіұлы. Қазақтың түп атасы. //«Абай» журналы, Семей, 1992, № 1.

23. Ильяс Есенберлин. Алмас қылыш. 1-ші кітап. Алматы, «Жазушы», 1976.
24. Книга Марко Поло. Перевод старо-французского текста И.П. Минаева. Москва, Госуд.изд-во географ.литературы, 1955.
25. Қазақ Совет энциклопедиясы, 12 том. Алматы, 1978.
26. Всемирная история. III том. Москва, 1957.
27. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. 1-том. Алматы. «Ғылым», 1990.
28. Алдаспан. Алматы, «Жазушы», 1970.
29. Веселовский С.Б. Род и предки А.С. Пушкина в истории. Москва, «Наука», 1990.
30. Екімыңжылдық дала жыры. Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы, 2000.
31. Жан-Поль Ру. Тамерлан. Москва, ЖЗЛ, 2006.
32. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 том. Алматы, 1998.
33. Орынбай Бекжан. Көне арғын мемлекеті және оның жазуы. // «Жұлдыз», 2002, № 9.
34. Қазақ Совет энциклопедиясы, 6 том. Алматы, 1975.
35. «Жалын» журналы. Алматы, 2005, № 6.
36. «Жалын» журналы. Алматы, 2006, № 1.
37. Потанин Н.Г. Очерки Северо-Западной Монголии. Выпуск II. Санкт-Петербург, 1881.
38. Қазақтың көне тарихы. Дайындаған М.Қани. Алматы, «Жалын», 1993.
39. «Таң-Шолпан» журналы. Алматы, 2006, № 2.
40. Маданов Хамит. Кіші жүздің шежіресі. Алматы, «Ата мұра», 1994.
41. Өкпенің Кәрімтайы. Арғын: Мейрам шежіресі. Павлодар. «ЭКО», 2001.
42. Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 1-том. Павлодар, «ЭКО», 2003.
43. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. 4 Павлодарский уезд. Том IV-й. Воронеж, 1903. Под редакцией Ф. Щербина.
44. Әшірбеков Шәріп. Қазақ жүздерінің пайда болу туралы. //«Қазақ тарихы» журналы. Алматы, 1994, № 3.
45. Мұқатов Ғалымжан. Қазақ шежіресі. //«Сарыарқа» журналы. Ақмола қаласы, 1993, № 3.

46. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 том. Алматы. «Алаш», 2005.
47. Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. Ташкент, «Узбекистон», 1994.
48. «Жұлдыз» журналы. Алматы. 2006, № 5.
49. Еркінбек Тұрысұлы. Келер ғасырға қалай барамыз. //«Халық кеңесі» газеті, Алматы, 26 ақпан 1993.
50. «Жалын» журналы. Алматы, 2004, № 8.
51. «Егемен Қазақстан» газеті. Астана, 2005, 20 наурыз.
52. Қазақстан Республикасының Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 345-қор, 2-тізім, 90-іс, 29-байлам.
53. Балабеков Б. Ән сапары. Алматы, «Жазушы», 1975.
54. Научно-популярный журнал «Өлкетану–Краеведение» Павлодарского Государственного университета им. С. Торайгырова. Павлодар, 2004, № 4.
55. Қазақстан Республикасының Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 338-қор, 1-тізбе, 273-іс.
56. Памятная книжка г. Омска и Акмолинской области на 1913 год. Омск, 1913.
57. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, 1994.
58. Қазақстан Республикасының Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 64-қор, 1-тізбе, 18-іс.
59. Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы, «Жазушы», 1977.
60. Боздағым. Қазақтың жоктау жырлары. Алматы, «Жазушы», 1990.
61. Қазыбек Нұралин. Сәдуақас Шорманов. //«Жұлдыз» журналы. Алматы, 1994, № 1.
62. Әлкей Марғұлан. Еңбекпен өткен өмірім. //«Жұлдыз» журналы. Алматы, 1986, № 1.
63. Валиханов Ч.Ч. Собр.соч.в пяти томах. Том 2. Алма-Ата, 1985.
64. Нартай Мәшһүр-Жүсіпов. Қазақ билері. //«Жұлдыз» журналы. Алматы, 1992, № 8.
65. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. 5 том. Алматы. «Алаш», 2006.
66. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шайтанның саудасы. Таңдамалы шығармалары. 2 том. Павлодар, 2005.

67. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. 1 том. Алматы. «Алаш», 2003.
68. Шәмшіябану Сәтбаева. Сәулелі әулет. Алматы, «Қазақстан», 1996.
69. Зейтін Ақышев. «Ардақ» кімдікі? //«Жұлдыз» журналы. Алматы, 1968, № 8.
70. Валиханов Ч.Ч. Собр.соч.в пяти томах. Том 5. Алма-Ата, 1985.
71. Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области. Том I. Павлодарский уезд. Вып.II. Санкт-Петербург, 1913.
72. «Қазақ тарихы» журналы. Алматы, 1996, № 4.
73. Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы. «Жазушы», 1989.
74. Мыңбай Ілес. Шыңыраудағы шындық. //«Егемен Қазақстан», 1993, 7 қыркүйек.
75. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. Алматы, «Жазушы», 1988.
76. Ахмет Жұбанов. Замана бұлбұлдары. Алматы, 1963.
77. Ілияс Жансүгіров. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы. 78. «Жазушы», 2002.
79. Алтынбек Нұхұлы. Асыл мұрасын асқактатқан бабалар. Павлодар, 2005.
80. Шота Уәлиханов. Кенесары туралы Мұса Шорманұлының әңгімесі. //«Жұлдыз» журналы. 1990, № 8.
81. «Сарыарқа» журналы. Ақмола қаласы, 1994, № 1.
82. Валиханов Ч.Ч. Собр.соч.в пяти томах. Том I. Алма-Ата, 1984.
83. Асылгүл Рақымжанқызы. Сәкеннің анасы Жамал. //«Егемен Қазақстан», 2006, 18 қазан.
84. Мәжит Сейфуллин. Қызыл сұңқар. Алматы, «Жазушы», 1970.
85. Қазақ Совет энциклопедиясы, 2 том. Алматы, 1973.
86. А. Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Часть 2. Санкт-Петербург, 1832.
87. Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 год. Семипалатинск, 1897.
88. Құрманов А.Ж. Баянаула өңірінде мұсылман дін ілімін ұстанып, таратқандар. //«Баянтау» газеті, 2007, № 49.
89. Шарапиев Т.Ш., Көпеев С.Ш. Ғұлама ғұмыры. Павлодар, 2007.
90. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. 1-том. Алматы. «Ғылым», 1990.
91. Қызыл сұңқар (Сәкен Сейфуллин туралы естеліктер). Құрастырған Мәжит Сейфуллин. Алматы, «Жазушы», 1970.

92. Нұртөре Жүсіп. Қыран казак. //«Егемен Қазақстан», 2006, 26 шілде.  
Даулбаев Н. Карагандинский угольный бассейн. Алматы, 1970.
93. Медеу Сәрсекеев. Қаныш елі. Алматы-Павлодар, 1999.
94. Қаныш аға: Естеліктер (кұраст.Ш.Қ. Сәтбаева, т.б.). Алматы, «Жазушы», 1989.
95. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. 6 том. Алматы. «Алаш», 2006.
96. Мәшһүр-Жүсіп. Қазак шежіресі. Шығармалары. 10 том. Павлодар, 2013.
97. Құран Кәрім. Алматы, «Жазушы», 1991.
98. Ералы Саққұлақұлы, Тұрсынбай Ералыұлы Ерғалиев. Өмір шежіресі. Алматы, 2005.
99. Омари Жамбыл. Бұқар жырау. Қарағанды, 1994.
100. Ондасынов Н.Д. Арабша – казакша түсіндірме сөздік. Алматы, «Білім», 2011.
101. Жанабек Жақсығалиев. Тектілік феномені (тарихи-этнографиялық пайым). // «Ақиқат» журналы, Алматы, 2014, № 3.
102. «Жұлдыз» журналы, 2008, № 10.
103. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 6 том. Павлодар, 2013.
104. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 10 том. Павлодар, 2013.
105. Д.М. Аяшинов. Экибастуз – что в имени твоём? Павлодар, 2014.
106. Г.Н. Потанин. Очерки Северо – Западной Монголии. Вып. II. Санкт-Петербург. 1881.
107. «Жалын» журналы. 2005, № 6, Алматы.
108. Қазақстан Республикасының Алматыдағы орталық мемлекеттік мұрағаты. 17-қор, 1-тізім, 4-іс.
109. Ц.Л. Фридман. Иностранний капитал в дореволюционном Казахстане. Алма –Ата, 1960.
110. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 3 том. Павлодар, 2013.
111. Антон Сорокин. Степные рассказы. // «Найзатас» журналы. Павлодар, 2013, № 5.
112. Баянаула перзенттері. 1-кітап. (Бас редакторы А. Нұхұлы). Павлодар, 2008.
113. С.И. Джаксыбаев. Записки краеведа. Павлодар. «ЭКО», 2008.
114. Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области. Том I. Павлодарский уезд. Выпуск I-й (таблицы). Повторное обследование 1910 г. Санкт – Петербург, 1913.

## Мазмұны

СӨЗ БАСЫ.....	5
I. ҚАРЖАСТЫҢ АТА-ТЕГІ .....	21
II. ҚАРЖАС МЕЙРАМҰЛЫ .....	45
III. ҚҮЛЕКЕ ҰРПАҚТАРЫ .....	57
А. Ойым ұрпақтары .....	57
Б. Телі ұрпақтары.....	63
В. Тілеу ұрпақтары.....	162
IV. БЕГІМ ҰРПАҚТАРЫ.....	185
V. ЕРІМ ҰРПАҚТАРЫ .....	239
VI. ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕМЕ.....	275
I. Ақкелін болысы	
II. Алексеев болысы.....	278
III. Баянауыл болысы .....	278
VII. ҚАРЖАСТЫҢ АТАҚТЫ ЖӘНЕ ЗЕРДЕЛІ ҰРПАҚТАРЫ .....	281
Бұқар жырау Қалқаманұлы .....	281
Шорман би.....	282
Үкібай би.....	283
Сейтен батыр.....	287
Тайжан батыр .....	289
Мұса Шорманов .....	290
Мұстафа Шорманов.....	293
Сәтбай Шөгікұлы .....	296
Әбжалап әулие.....	297
Имантай Сәтбайұлы.....	300
Садуақас Шорманов .....	303
Жарылғапберді Жұмабайұлы.....	307
Зында Шорманов.....	312
Әмір-Темір Шорманов.....	315
Балабек Ержанов .....	315
Әбікей Сәтбаев .....	316
Жәржан Шорманов .....	319
Жұмат Шанин.....	320
Пәуен Жүсіпбаев.....	326
Жұманияз Сламбеков .....	328
Ғазиз Сәтбаев.....	330
Асфандияр Шорманов.....	331

Жүнісбек Жолдинов .....	336
Қошке Кемеңгеров .....	338
Қартқожа Тоғанбаев .....	342
Әбдікәрім Сәтбаев.....	346
Сүтжан Құдайбергенов.....	347
Қаныш Сәтбаев.....	348
Нұрғали Кадаленко .....	349
Мәуия Әбікеев .....	352
Әбікен Бектұров .....	354
Бисмиллә Балабеков .....	355
Атығай Шанин .....	359
Мерғали Қадылбеков.....	360
Райхан Сәтбаева .....	364
Ибраһим Онаев.....	365
Ғалымтай Сәтбаев .....	367
Арықтай Қайыпов .....	367
Ақлима Бисенова.....	368
Төлеутай Ақшолақов .....	369
Әбілқас Сағынов .....	372
Жұмамбек Жандосов .....	373
Имаш Мадин .....	374
Раушан Сәтбаева .....	376
Хамза Әбілғазин.....	376
Ханиса Сәтбаева.....	379
Жакан Ержанов .....	380
Кемел Ақышев.....	381
Қалмұқан Исабаев .....	383
Ғинаят Бекжанов .....	384
Солтан Сәрсенбаев.....	386
Дүйсетай Шаймұханов .....	388
Мүсәпір Жұмабаев .....	389
Шамшиябану Сәтбаева.....	390
Есен Бектұров.....	391
Мейіз Сәтбаева .....	392
Кемер Әшімбетов.....	393
Сапар Түсіпбеков .....	395
Шаһмұрат Қуанғанов.....	395
Әділхан Құдайбергенов.....	396
Бакыт Біләлов .....	397



Ахат Жақсыбаев.....	398
Елтай Зэркешев.....	400
Галина Нұғыманова.....	401
Ойрат Дүйсенбаев.....	403
Қайролла Рахимов.....	403
Ғаббас Бектұров.....	405
Еркін Анафин.....	406
Жамбыл Артықбаев.....	407
Нұрлан Ержанов.....	408
Алтынбек Нұхұлы.....	409
Фархад Қуанғанов.....	411
Нұржан Әшімбетов.....	413
<b>ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ</b>	
<b>ДӘРЕЖЕСІ БАР ҚАРЖАСТАР:</b> .....	414
Баянауыл вальсі.....	416
<b>VIII. МЕККЕГЕ БАРҒАН ҚАРЖАСТАР</b> .....	417
<b>IX. ҚАРЖАСТЫҢ БАТЫРЛАРЫ</b> .....	420
<b>X. ӘЗІРЕТ СҰЛТАНҒА ЖЕРЛЕНГЕН ҚАРЖАСТАР</b> .....	425
<b>XI. ӘУЛИЕ, ДИУАНА, ҚАЗІРЕТ, ҚАЛКЕ, ТӘУІП,</b> <b>АБЫЗ, ПІРӘДАР, МОЛДАЛАР</b> .....	426
<b>XII. ҚАРЖАСТЫҢ АТАҚТЫ ЖИЕНДЕРІ</b> .....	428
Шокан Уәлиханов.....	428
Сәкен Сейфуллин.....	430
Токтар Әубәкіров.....	433
<b>ТҮЙІН СӨЗ</b> .....	435
Пайдаланылған әдебиеттер мен мұрағат қорларының тізімі.....	437

---

## **Ғылыми басылым**

Серік Имантайұлы Жақсыбаев

## **ҚАРЖАС ҰРПАҚТАРЫ**

*Түзетіліп және толықтырылып  
екінші рет басылуы*

Осы кітаптің шығуына қаржылай үлес қосқан Анафин Еркінге көптен-көп рахмет айтамын.

*Автор*

Автордың редакциясында шығарылды

Корректор **Құдабаев А.Ж.**

Компьютерде беттеген дизайнер **Киселева И.С.**

14.12.2017 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.  
Офсеттік басылым. Қаріп түрі KZ Times.  
Шартты баспа табағы 23,4. Есептік баспа табағы 15,9.  
Таралымы 150 дана.

ЖК «Сытина Н. И.» баспаханасында басылған.  
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,  
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 8 (7182) 61-82-12, 61-80-81

Баянаула қойсайшы жердің атын,  
Шыбынды, Батпақ қойсайшы көлдің атын.  
Тлаудың атын Қызылтау, Далба қойып,  
Құлболды, Қаржас қойсайшы елдің атын.  
Мәшһүр Жүсіп Көпеев





Автор туралы дерек



СЕРІК ИМАНТАЙҰЛЫ  
ЖАҚСЫБАЕВ - Екібастұз  
қаласының Құрметті азаматы,  
кен инженері, экономика  
ғылымдарының кандидаты,  
Қазақстан Республикасының  
Минералдық ресурстар  
академиясының  
корреспондент-мүшесі,  
Инновациялық Еуразиялық  
университетінің профессоры.  
70-тен астам ғылыми еңбегі  
жарияланды. “Экибастузский  
каменноугольный бассейн”,  
“Экибастуз. Энциклопедия”,  
“Қазақтың түп тегі туралы”,  
“Так начинался Экибастуз”,  
“Об этногенезе народа  
казахского” деген кітаптардың  
авторы.

